Жалпы, кез-келген мемлекет жоғары дәрежеде ұйымдасқан саяси билік ұйымы ретінде өмірдің барлық қоғамдық салаларында, адамдар арасындағы өзара қарым-қатынастарда қатаң тәртіп пен сақтықты орнатуға мүдделі. Себебі тәртіп болмаған жерде қоғамның бірқалыпты дамуы әсте мүмкін емес. Сондықтан Қазақстан Республикасы да тәуелсіз мемлекет болғандықтан, қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында азаматтардың, олардың бірлестіктерінің, шаруашылық ұйымдарының, мемлекеттік органдарының, олардың лауазымды адамдарының құқықтары мен міндеттерін, жауапкершілігін белгілейді және өзі қабылдаған заң нормаларын барлық адамдардың қатаң түрде сақтауын, сондай-ақ, заң талаптарын бұзғандардың жауапкершілікке тартылуын әрдайым бақылап және қадағалап отырады. Ал аталған мемлекеттің бұл қызметін жүзеге асыру үшін құқықтары мен міндеттері арнаулы заңдармен реттелініп отыратын және кең көлемде өкілеттіліктер берілетін әртүрлі органдар жүйесі құрылады. Олар жалпылама құқық қорғау органдары деп аталады. Ал құқық қорғау органдары болып мыналар саналады:

- ❖ Ішкі істер органдары;
- ❖ Ұлттық қауіпсіздік органдары;
- ❖ Прокуратура органдары;
- ❖ Сот органдары.

Бұл аталған органдар негізінен, ҚР Ішкі істер министрлігінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Бас Прокуратураның және Әділет министрлігінің құрамында әрекет етеді.

Енді атап өткен құқық қорғау органдары жүйесін реформалауды қарастырып өтейік. Жалпы алғанда, соңғы жылдардағы елімізде жүзеге асырылған реформалардың көпшілігінде заң үстемдігін қамтамасыз ету мәселесі қойылса, соның ішінде құқық қорғау органдарына да үлкен мән берілген. Солардың бірі – Ішкі істер министрлігінің құрамында әрекет ететін полиция органдарының қызметі. Полиция – құқық бұзушылықтың алдын-алу, анықтау және болдырмау жөніндегі жұмыстарды атқаратын орган болып табылады. Полицияны криминалдық полиция, әкімшілік полициясы, тергеу, анықтау бөлімшелері және де өзге де бөлімшелер құрайды. Криминалдық полиция ұйымдасқан қылмысқа, экстремизмге, есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы күрес жөніндегі бөлімшелерден, жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын өзге де бөлімшелерден тұрады. Ал әкімшілік полиция жергілікті полиция қызметінен, азаматтық және қызметтік қару айналымы саласындағы бақылау бөлімшелерінен, көші-қон полициясынан, уақытша ұстау изоляторларынан, айдауыл қызметі бөлімшелерінен және қоғамдық тәртіпті сақтауды жүзеге асыратын өзге де бөлімшелерден тұрады. Біз қарастырғалы отырған реформа – осы әкімшілік полиция құрамындағы жергілікті полиция қызметінің құрылуы. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2015 жылы жариялаған «100 нақты қадам»-Ұлт жоспарының 30-бабында: «жергілікті атқарушы органдарға және жергілікті қоғамдастыққа есеп беретін жергілікті полиция қызметін құру. Жергілікті полиция қызметінің өкілеттілігі: қоғамдық тәртіпті қорғау мәселелері, тұрмыстық қылмысқа қарсы тұру, жол-бақылау қызметі, ұсақ құқық бұзушылыққа атымен төзбеушілік. Жол-бақылау полициясының қызметкерлері полиция қызметкерлерінің жұмыс ауысымы кезінде атқарған ісінің барлығын жазып отыратын бейнетіркегіштермен қамтамасыз етіледі»-деп көрсетілген. Жалпы, жергілікті полиция қызметі учаскелік полиция инспекторлары бөлімшелерінен, кәмелетке толмағандар істері, әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшелерден, жол-патрульдік полициясынан, қабылдау-бөлу орындарынан және арнаулы қабылдау орындарынан тұрады. Оның қызметінің жұмысы мынадай негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- Құқық бұзушылықтар профилактикасы;
- Қоғамдық тәртіпті сақтау;
- Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- Қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын-алу және жолын кесу;
- Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу және қылмыстық

теріс қылықтар бойынша хаттамалық нысанда сотқа дейінгі тергеп-тексеру [1].

Негізінен, жергілікті полицияның құрылуы бұл әкімшілік-аумақтық бөліністегі құқықтық тәртіптің нығаюына, құқық бұзушылықтардың азаюына, халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және олардың полиция қызметкерлеріне деген сенімділіктерін арттыруға септігін тигізеді.

Ендігі кезекте құқық қорғау органдары жүйесінде маңызды орын алатын сот органдарын реформалаудың негізгі бағыттарын қарастырайық.

Сот билігі – мемлекеттің саяси жүйесінің құрамдас бөлігі. Ол мемлекеттік билік бөлінісінің бір тармағы болып табылады (заң шығарушы, атқарушы, сот билігі). ҚР Конституциясының 76-бабына сәйкес, сот билігі ҚР-ның атынан жүзеге асырылады және өзіне азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауды, Республиканың Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қояды. Сот билігі Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының негізінде туындайтын барлық істер мен дауларға қолданылады. Соттар шешімдерінің, үкімдері мен өзге де қаулыларының Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші болады [2]. Жалпы, соңғы жылдары еліміздің сот жүйесі түбегейлі өзгеріп, қарқынды дамып келеді. Оған дәлел ретінде Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың жариялаған «100 нақты қадам»-Ұлт жоспарын айтуымызға болады. Ел экономикасын дамытып, халқымыздың әл-ауқатын арттыруға қатысты реформаларды жүзеге асырудың жолдарын белгілеген Елбасының «100 нақты қадамының» 16-шы қадамынан 34-ші қадамына дейінгі аралық тұтасымен заңның үстемдігін қамтамасыз етуге бағытталған болса, оның ішінде сот жүйесін жетілдіру мәселесі 16-шы қадамнан 27-ші қадамға дейінгі аралықта нақты көрсетілген [3]. Қазіргі таңдағы сот саласында туындап отырған барлық мәселелерді ескере отырып, Елбасы бүгінгі сот жүйесін заман талабына сай жаңартып, осы кезге дейін тәжірибеде қолданылып келген сот төрелігін жүзеге асырудың бес сатылы (бірінші, апелляциялық, кассациялық, қадағалау және қайта қадағалау жасау) жүйесінен үш сатылы (бірінші, апелляциялық, кассациялық) жүйесіне көшу керектігін ұлт жоспарында ерекше атап өтті. Жалпы, үш сатылы сот жүйесіне көшу-бұл судьялардың істі сапалы қарауына, осы істердің созылып, созбалаңға салынуына жол бермейді. Сонымен қоса үш сатылы сот жүйесіне көшу арқылы еліміздің сот саласы халықаралық деңгеймен теңесіп, дамыған елдер тәжірибесімен ұштасады. Өз кезегінде бұл әдіс біздің еліміздің терезесін әлем елдерімен теңестіре түседі. Осы арада Алматы облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы Берікжан Байжүнісовтың 3 сатылы сот жүйесіне көшу мәселесіне қатысты Жетісу газетіне берген сұхбатын айта кетсек. Бұл сұхбатында Б.Байжүнісов 3 сатылы инстанцияларға сипаттама беріп өтеді. Яғни, бірінші инстанциядағы соттар-аудандық және оған теңестірілген соттар, апелляциялық инстанция-облыстық соттар, кассациялық инстанция-Жоғарғы сот болып құрылады. Қазіргі кезеңде облыстық сотта апелляциялық және кассациялық инстанциялар шоғырланған. Кассациялық инстанцияның Жоғарғы Сотта болуы дүние жүзіндегі дамыған елдердің сот тәжірибесіне сай келеді. Сот инстанцияларының неғұрлым көп болуы тараптар мен сот процестерінің қасақана созылуына мүмкіншілік береді, ал сот инстанцияларының азаюы қысқа мерзімде іс бойынша түпкілікті шешім шығарылып, орындалуын қамтамасыз етеді-дейді [4].

Сондай-ақ, 100 нақты қадамның 21-бабына сәйкес, алқабилер соты қолданылатын салаларды кеңейту мәселесі қойылған. Алқабилер соты – бұл сот жүйесіндегі демократиялық институттардың бірі. Негізгі ерекшелігі халық қылмыстық істерді қарауға тікелей қатысады.

Бұл өз кезегінде қазақстандық соттардың қылмыстық істерді қарауының кәсіпқойлығын арттырады, соттарда қылмыстық істерді жариялы түрде қараудың көрсеткіші болып табылады. Алқабилер соты туралы еліміздің басты құжаты Конституцияның 75-бабының 2-тармағында былай деп көрсетілген: «Заңда көзделген жағдайларда қылмыстық сот ісін жүргізу алқабилердің қатысуымен жүзеге асырылады». Жалпы, алқабилер соты тұрақты қолданылып жүрген сот мекемесі емес, өзінің өмірлік тәжірибесі және ішкі адал сезімі негізінде айыпталушының кінәлі немесе кінәсіздігі туралы мәселені айқындайтын, оны шешу үшін сотқа уақытша шақырылатын соттың ерекше нысандағы институты. Түптеп келгенде, алқабилер сотының қызметін қолданудың артуы біздің еліміз үшін таңсық дүние болмауы керек. Олай дейтініміз, алқабилер институтының сот жүйесінде кең қолданысқа ие болуы – қазақ елінің салт-дәстүрі, ғұрыптық ережелер жолымен құқықтық жүйені енгізген билер сотының жалғасын тауып, бүгінде қайта жаңғырып, заман талабына сай уақыт көшіне қайта ілесуін көрсететіндей. Кешегі күндерде алдына келген істі өткір тілімен безеп, байыптап шеше білген би-шешендерге деген халық сенімі қандай болса, бүгінгі алқабилер сотының сот жүйесіндегі қолданысының арта түсуі де халықтың сот істерінің әділетті жүргізілуіне сенімін арттыра түсетін аса ірі демократиялық өзгеріс болмақ. Елбасы Н.Ә.Назарбаев та алқабилер сотын енгізу арқылы тек қылмыстық істі жүргізу принциптерін толықтай іске асырып қоймай, әділеттіліктің толықтай орнығуына қол жеткізетініміз туралы сенімділікпен айтқан болатын. Енді алқабилер сотының негізгі ерекшеліктеріне тоқталайық. Алқабилер соты қолданысының кеңеюі қылмыстық іс жүргізудің жалпы жағдайлары мен негізгі принциптерін сақтай отырып, мынадай мүмкіндіктерге жол ашады:

- Тараптардың өз мүдделерін қорғауына себепкер болып, олардың алқабилер соты мен кәсіби судьялар алдында өз көзқарастарын ашық білдіруіне мүмкіндік бере отырып, сот ісін жүргізуде жіберілетін қателіктердің жойылып, істің әділ шешім табуына ықпал етеді;

- Алқабилер мен процеске қатысушылардың араласуымен іске қатысты кез келген дәйектер зерттеліп, сот залындағы зерттеу нысаны болған деректер негізінде қорытынды жасалады;

- Алқабилердің сот отырысына қатысуы тараптардың құқықтарын қорғай отырып, қарама-қарсы тараптарға қолайлы болар шешімнің шығуына, іске қатыстылардың даулы әрекеттерінің оңтайлы шешім табуына әсер етеді;

- Алқабилердің қатысуы қылмыстық іс жүргізу нысанының қатаң сақталуына жағдай жасайды, яғни алқабилер құрамындағы кәсіби судья емес мүшелер жауапкердің кінәлі не кінәлі еместігін істің барлық мазмұнын қарау нәтижесінде байыптай отырып, шешім шығару жүйесін қылмыстық іс жүргізу заңнамасымен сәйкес реттейді, ал кәсіби судьялар алқабилер сотына дейін істің мән-жайымен таныс болғандықтан, олардың қаралатын мәселе төңірегінде өз пікірлері қалыптасып қояды;

- Алқабилердің қатысуымен сот төрелігін жүргізу арқылы халықтың сот жүйесімен танысуына мүмкіндік туады [5].

Сонымен қатар, Елбасының жариялаған ұлт жоспарында алқабилер соты қолданылатын салаларды кеңейтуге көңіл бөлуіне басқа дамыған мемлекеттердің озық ойлы тәжірибелерін ескеруі де өз септігін тигізгендігі анық. Себебі бұл алқабилер соты АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Ресейде (кейбір аймақтарда) және тағы басқа елдерде кең қолданысқа енгізілген. Ең жоғарғы деңгейдегі алқабилер сотының дамуы АҚШ деп танылған. Американдық заңнамаға сәйкес алқабилер соты адамдардың құқықтары мен бостандықтарын әр түрлі жағдайларда қорғауды және сот билігі мен жүйесіндегі сыбайлас жемқорлықтан қорғауды қамтамасыз етеді. Тіпті, АҚШ пен Батыс Еуропадағы алқабилер соты революцияға дейінгі Ресейдегі кінәлілік жөніндегі сауалдағы шешімді алқабилер алқасынан да асып түседі. Осы арада бір ескере кететін жайт, Қазақстандағы алқабилер сотының мақсаты жоғарыда атап өткен американдық заңнамадағы алқабилер сотының мақсатымен ұқсас болып келеді. Яғни, біздің алқабилер соты да американдық заңнамадағы алқабилер соты секілді адамның құқықтары мен бостандықтарын әр түрлі жағдайларда

қорғауды және сот билігі мен жүйесіндегі сыбайлас жемқорлықтан қорғауды қамтамасыз етеді [6].

Жалпы, Елбасының «100 нақты қадам»-Ұлт жоспарында алқабилер соты қызметінің арта түсуіне жол ашуы мемлекеттің демократиялық, құқықтық факторының деңгейі жоғары екендігін көрсетеді, ұлттық қылмыстық іс жүргізу құрылымының гуманистік тұрғыда өзгеруіне, заң жүйесінің нығаюы мен бәсекеге қабілетті болуына әсер етеді және де сот билігінің тәуелсіздігі мен сот процесіндегі тараптардың жарыссөзге қатысу құқығын арттыра түсіп, сот қателіктер көрсеткіштерін төмендетуге, сонымен бірге соттың шешім шығаруына кімде-кімнің теріс ықпалын тигізбеуді алдын алуға ықпалдасуында маңызы өте зор.

Сондай-ақ, сот жүйесіндегі тағы бір тың өзгеріс – Ұлт жоспарының 20-қадамы бойынша, барлық сот процестеріне бейне және таспаға жазу шаралары міндетті түрде енгізіледі. Судьяның бейне жазуды тоқтатуға немесе аудио жазу материалдарын редакциялауға мүмкіндігі болмайды. Бұл сот қызметінің ашықтығын, жариялылығын қамтамасыз ету мақсатында жүргізіліп отырған шара. Осы шараға сәйкес сот отырысын аудио немесе бейнежазу құралдарымен тіркеп жазуды сот отырысының хатшысы жүргізеді. Істі талқылаудың аудио немесе бейнежазу құралдарын пайдалану арқылы тіркеп жазған жағдайда сот отырысының хатшысы жазбаша нысанда қысқаша хаттама толтырады. Сот отырысының аудио немесе бейнежазбасын қамтитын материалдық жеткізгіш пен қысқаша хаттамасы іс материалдарына қоса тіркеледі. Бұл судьялар мен сот отырысына қатысушылардың тәртіпті сақтауына ықпал ететін болады. Сонымен қоса, судьялардың жұмысын оңтайландырып, бюджет және сот өндірісіне қатысушылардың қаржысын, уақытын үнемдеуге, сот отырысы хаттамасының сапасын арттыруға, мәселелерді объективті түрде шешуге жол ашады. Ал 23-қадамға сәйкес инвестициялық даулар бойынша жеке сот істері жүргізілетін болады. Осыған сәйкес Жоғарғы Сотта ірі инвесторлар қатысатын дауларды қарау үшін Инвестициялық алқа құрылатын болады. Мемлекет басшысы: «Шетелдік және отандық инвесторлар қазақстандық әділ соттың адалдығына сенімді болуы тиіс»-деп атап көрсеткендей, осы алқа ұйымдастырылып, елдегі инвестициялық ахуалды жақсарту көзделуде. Бұл жүйенің басты ерекшелігі сот процестері қысқа мерзімде, барынша жеңілдетілген жағдайда жүргізілмек. Себебі, тұрақтылық ахуалы орнаған құқықтық мемлекет қана инвестициялар үшін қолайлы бола алады.

Тағы бір маңызды реформаның бірі – сотқа дейінгі қылмыстық іс жүргізу процесінде соттың бақылау тетігін күшейту. Яғни, ендігі кезектен бастап адамды қамауға алудың мерзімі мен негізділігі соттың қатаң бақылауында болмақ. Бұл жөнінде Алматы облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы Берікжан Байжүнісов «Алатау» газетіне берген сұхбатында нақты айтып көрсеткен. Берген сұхбатына сүйенсек, ендігі уақытта бұлтартпау шарасымен ұсталған адамның сотқа жеткізу мерзімі 72 сағаттан 48 сағатқа дейін қысқартылып, тергелетін қылмыстық істің шеңберден тыс шығатын дәлелдемелерді жинау тәжірибесі алынып тасталған екен. Қолданыстағы қылмыстық сот ісін жүргізу тәртібі бойынша күдіктіні соттың санкциясыз 72 сағат ұстауға рұқсат етілген. Ал судья санкция беруден бас тартқан жағдайда ұсталған адам дереу босатылуы керек екен. Бұл өзгеріс те адамның құқықтары мен бостандықтарын шектеу тәртібінің дұрыс жолға қойылуына және ең бастысы, сот жүйесінің құзыреттілігін арттырады сөзсіз [7].

Сонымен, мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде құқық қорғау органдары маңызды рөл атқарады. Оларды байланыстыратын ортақ міндет – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сондай-ақ, құқық бұзушылықтардың алдын-алу мен кінәлілерді жауапкершілікке тарту болып табылады. Жоғарыда аталған құқық қорғау органдары жүйесін реформалаудың негізгі бағыттары азаматтардың заңның үстемдігіне, сот әділдігіне деген сенімін арттырып және Қазақстанның үшінші жаңғыру процесі барысында шынайы құқықтық мемлекет болып қалыптасуына, сонымен қатар 30 дамыған мемлекеттердің қатарына қосылуға жағдай жасайды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 23 сәуірдегі №199-V Заңы // Параграф ақпараттық жүйесі, 2017.
2. ҚР-ның Конституциясы // Параграф ақпараттық жүйесі, 2017.
3. Н.Ә. Назарбаев «100 нақты қадам».- Егемен Қазақстан газеті, 2015 жыл сәуір.
4. Б.Ә. Байжүнісов «100 нақты қадам» // Жетісу газеті, 2015 жыл 28 шілде.
5. «Алқабилер туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 16 қаңтардағы № 121 Заңы // Параграф ақпараттық жүйесі, 2017.
6. Е. Қаржаубаев Алқабилер сотының ағылшын саксондық жүйесінің даму негіздері// Тураби, 2007.-№6.- 11-13 бб.
7. Б.Ә. Байжүнісов «Қылмыстық үдеріс – көкейкесті мәселе» // Алатау газеті, 2017 жыл 27 қазан.

Ибраев А.С., Дарибаев Г.С.

Основные направления реформирования системы правоохранительных органов в Республике Казахстан

В этой статье рассматриваются роль правоохранительных органов, который имеет важнейшей значение в политических системах государства и ход реформирования.

Ключевые слова: орган, суд, реформа, инстанция.

A.S. Ibraev, G.S. Daribaev

The main directions of reforming the law enforcement system in the Republic of Kazakhstan

This article examines the role of law enforcement agencies, which is of paramount importance in the political systems of the state and the course of reforms.

Key words: authority, the court, reform, instance.

ӘОЖ 349.42

**АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫғыНДА КӘСІПкерлік Қызметтің
Құқықтық мәселелері**

Копбасарова Г.К., Медерова Н.М.

*І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
nazka1988@mail.ru*

Бұл мақалада ауыл шаруашылығының республикадағы экономикасы жоғары потенциалды, мүмкіндігі мол, ұдайы өндірістік және әлеуметтік мәнді негізгі саланың бірі болып табылатындығы және ауыл шаруашылығы саласында кәсіпкерлікті дамытудың құқықтық мәселелері туралы айтылған.

Кілттік сөздер: ауыл шаруашылығы, ауыл шаруашылығындағы кәсіпкерлік, экономикалық қауіпсіздік, әлеуметтік жағдай, ауыл шаруашылық ерекшеліктері

Әлемдегі озық дамыған елдерде ауыл шаруашылығын дамытуды қолдау арқылы өздерін азық-түлікпен толық қамтамасыз ету мемлекеттің негізгі міндеттерінің бірі болып саналады. Алайда, жер, су ресурстарының шектеулігіне байланысты ауыл шаруашылығы өнімін өндіруге қажетті табиғи ресурстардың тапшылығы жылдан-жылға ұлғаюда.

Ауылшаруашылық өндірісінің ерекшелігі, табиғи-климаттық жағдайларға тәуелділігі, жұмыстардың маусымдығы, табиғи ресурстар мен тірі организмдерді (жануарлар мен

өсімдіктер) пайдалануға байланысты ауылшаруашылық тауар өндірушілер әр кезде тұрақсыз жағдайда болды. Негізінен, ауылшаруашылық қызмет – өндірістің басқа түрлеріне қарағанда тәуекелге жақын.

Ауылшаруашылық өндірістің тұрақты болуы үшін ауылшаруашылық тауар өндірушілер жағымсыз табиғи-климаттық, биологиялық, экологиялық факторлар (құрғақшылық, ылғалдану, эпизотиялар, өсімдік аурулары) нәтижесінде пайда болуы мүмкін ірі шығындардан қорғанулары тиіс. Сол себепті, ауылшаруашылық өндірісінің тиімді тұрақтылығына жету үшін сақтандыру ерекше маңызға ие болады.

Л.И. Абдильдина және К.М. Бельгибаевтің пікірлері бойынша, ауыл шаруашылық өндірісіне келесідей ерекшеліктер тән:

- 1) халық шаруашылығын құрушы сала;
- 2) өнеркәсіптің негізгі, алмастырылмайтын және мәңгі құрал ретінде жер қолданылады;
- 3) ауыл шаруашылығында қоғамдық еңбек бөлінісі өндірістікке қарағанда басқаша болады (мысалы, трактор зауыты тек тракторлар немесе оның бөлшектерін ғана өндіреді, ал ауыл шаруашылығында өнімдердің әртүрлілігі орын алады) [1, с. 11-13];
- 4) ауыл шаруашылығы өндірісінде экономикалық үрдіс өзгеріссіз табиғатпен байланыста болады, себебі мұнда өндіріс құралы ретінде тірі организмдер - өсімдіктер мен жануарлар қолданылады;
- 5) ауыл шаруашылығында жасалынған өнім өндірістің келесі үрдісіне шығын материалы ретінде міндетті түрде қатысады, яғни еңбек заты (тұқымдар, мал төлдері, органикалық тыңайтқыштар және т.б.), ал өнеркәсіп негізгі шикізатты басқа салалардың өндірісінен алады.

Ауыл шаруашылығына тән ерекшеліктерді ресейлік ғалымдар да мойындайды: «жеке алғанда, ауыл шаруашылығы өндірісінің ұйымдастырудағы ерекше нысандардың болуы; жердің өндірістің негізгі құралы ретінде пайдаланылуы; шаруашылықтың мамандырылуына әсер ететін жергілікті және табиғи-климаттық жағдайлардың әртүрлілігі; көптеген кәсіпорындардың көп салалы сипаттамасы».

Кез-келген кәсіпкерлік қызметтің көздейтін түпкі мақсаты пайда табу, ауылшаруашылық өндірісі саласынағы кәсіпкерлікпен айналысатын тұлғалар пайданы ауылшаруашылық тауарларды өндіру, өңдеу, өткізу, сақтаумен байланысты табады.

Пайданың ысырабына (түгел алынбауы) әкелетін себептің бірі дүлей апат, авария және өзге де соларға ұқсас оқиғалар нәтижесінде ауылшаруашылық өндірісінің тоқтауы немесе шектелуі болып табылады.

Ауылшаруашылығы өндірісі ауа-райы жағдайларына, табиғи апаттарға байланысты жоғары деңгейлі тәуекелдерге жиі ұшырайды.

Бүгінгі уақытта еліміздің ауыл шаруашылығы мен жер шаруашылығы терең өзгерістерді өткізіп, әрі қарай жүйені жетілдіру бағытында жұмыс жүргізуді қажет етіп отырған секторлардың қатарында. Ол осы саланы құқықтық қамтамасыз ету мәселесін шешу мен жетілдіруді қажет етеді.

Жер қатынастарын реттеуде жер пайдалану құқығына назар аудару қажет. Соңғы уақыттары заң әдебиеттерінде жерге меншік құқығы жөнінде зерттеліп жүр, шындығына келгенде оның өзі жер пайдалану құқығына негізделгенін ескеру қажет.

Жердің меншік иесі болуы оның жерді тиімді және рационалды пайдаланатынының кепілі бола алмайды. Жердің меншік құқығы иесіне артылып отырған сенім мен үміт ақталмай отыр, өйткені оның негізі болып отырған жер пайдалану құқығы жеткілікті деңгейде бағасын алған жоқ. Меншік иесі болу оны пайдаланушы дегенді білдірмейді.

Адам баласына әлемде берілген, табиғат берген баға жетпес құндылық, бақыт, осы бақытты толыққанды етіп көрсететін сый-сыралғының бірі де бірегейі жер. Жер – барлық адамзат баласының өмір сүруінің негізі, іргетасы болып табылатын негізгі табиғи ресурс. Жер дүние жүзінің басым бөлігін алып жатқан құрлық ресурстары болса, оның су қоры,

орман қоры, ондағы өсімдіктер мен жануарлар дүниесі ажыратылмас бөлігі болып табылады. Ұлтарактай жер үшін қасық қаны қалғанша күрескен ата-бабалар тектен текке таласқан жоқ. Келер ұрпақ үшін, оның салауатты өмір сүруін қамтамасыз ету үшін, ел бірлігін сақтау үшін жер мәселесі қашанда өзекті болды.

Адамзат қоғамының барлық өмірінде, оның қалыптасуы мен дамуында жер өте маңызды роль атқарған. Жер адам баласының барлық мұқтаждықтары үшін керек бірден-бір арсенал болған.

Аталған міндеттің жүгі қазіргі уақытта қалай жүргізіліп отырғаны назар аударуды қажет етеді. Артылып отырған міндет жүгі жоғары, оны қорғау, жеткілікті дәрежеде сақталуын қамтамасыз ету мәселесі қашанда күрделі.

Қазақстан Республикасы өз егемендігі мен тәуелсіздігіне қол жеткізген уақытта тарихи қалыптасу мен даму жолында кең байтақ территорияны иеленіп қана қоймай, оның экологиялық тұрғыдан қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндетін де алдына тартты. Бұл міндетті жүзеге асыру жер мәселесін құқықтық тұрғыда реттеудің негізділігін көрсетті. Құқықтық реттеу болса, жер құрамының, жер қорының заң жүзінде бекітілуін, олармен жасалатын қатынастардың жан жақты реттелуін ғана емес, оның сапалық көрсеткіштерінің тиісті талаптарға жауап беруін, оның құрамының адамзат тіршілігімен үндесіп тұруын да қамтамасыздандырады. Жер мәселесін құқықтық жағынан реттеу Қазақстан мемлекетінің жер қорының болашаққа, экологиялық қауіпсіз нысанда жеткізілуіне үлес қосатын тәсілдердің қатарда. Өзімізге мәлім, ұлан байтақ территориясы бар Қазақстан үшін жер мәселесін, жердің құрамын сақтау қазіргі таңда тек меншік иесі болып табылатын Қазақстанның қызығушылығын ғана емес, көршілес жатқан елдердің де қызғанышын тудырып отырған проблема.

Жер – табиғаттың берген сыйы ретінде, адам қоғамының пайда болуына дейін болған. Бірақ, жер өзінің еңбектің жалпы заты қызметін атқаруы үшін міндетті түрде оны біреу иемденуі қажет және өндірістік процесін жүзеге асыруы қажет.

Мемлекетіміздің басты байлығы – оның экономикалық және әлеуметтік қолайлы негізі болып табылатын жер ресурстары.

Қазақстан Республикасындағы саяси және экономикалық құрылысты реформалау процессі жер қатынастарын түбегейлі өзгерту және мемлекеттің тікелей бақылауы мен басқаруы арқылы жер реформасын жүргізу қажеттілігін туындатып отыр. Сонымен қатар, нарықтық экономикаға өту жердің негізгі өндіріс құралы, аумақтық кеңістіктің негізі және маңызды табиғи объект ретінде жердің басты функцияларын сақтай отырып, жерге әртүрлі меншік нысандарын, жер пайдалану құқығының ақылығын енгізу және жерді заңды түрде азаматтық және шаруашылық айналымның объектісі ретінде тану қажеттілігін объективті түрде туындатып отыр.

Қазақстан Республикасындағы жерлерді ұтымды пайдалану және онда тиімді шаруашылық жүргізіп, сақтай отырып кейінгі ұрпаққа қалдыру – басты мемлекеттік және қоғамдық мақсат және әрбір азаматтың конституциялық борышы болып табылады.

Осы орайда жер тек мемлекеттік меншікте емес, жеке меншікте де бола алады. Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік пен жеке меншік танылады және бірдей қорғалады. Бұл өз кезегінде келесі бір проблемалар кешенін туындатып берді. Ол жерлердің тек Қазақстан азаматтарының атында болмай, шетелдік азаматтар мен компаниялардың қолына өту фактілері толғантады.

Мемлекетімізде жер реформасын жүргізу мемлекеттік монополияны жойып, жерге жеке меншік құқығының кеңінен етек жаюына алып келді. Қазіргі таңда мемлекеттік емес заңды тұлғалар мен азаматтардың жеке меншігіне үш млн. жер учаскелері немесе 589,9 мың гектар жер берілген [2, 5 б.]. Жер ресурстары ұтымды пайдалану және табиғи жағдайын ұдайы жақсартып отыру нәтижесінде ішкі және сыртқы қажеттіліктерді қанағаттандырып отыратын көлемді азық-түлік өндіруге қабілетті.

Жер құқықтық өзгерістерінің нәтижесінде туындаған жерге мемлекеттің

монополиясының жойылуы, жекелеген жер санаттарына жеке меншік құқығының пайда болуы, ақылы жер пайдалануға көшу, жерді жеке меншікке немесе пайдалануға алғаны үшін ақы төлеу, жердегі шаруашылық етуші субъектілердің тең құқықты дамуы, жер нарығының қалыптасуы сияқты әрекеттер орынды құбылыс болып табылады.

Біздің мемлекетіміздің жер қорының құрамында өзінің көлемі, экономикалық қызметі мен пайдалылығы бойынша үлкен маңызға ие болып табылатын жерлер – бұл ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлер болып табылатындығы. Статистикалық мәліметтер бойынша Қазақстан Республикасының жер аумағы 272 490, 2 мың гектар екен. Осылардың ішінде ауыл шаруашылық жерлері – 222 513, 6 мың гектарды құрайды. Соңғысының ішіне сәйкесінше ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлер де кіреді, оның жалпы көлемі 90 910, 35 мың гектар. Ал жер аумағының қалған бөлігін ауыл шаруашылық өндірісінің мақсатында пайдаланылатын жердің басқа да санаттары құрайды.

«Жер дегеніміз – мемлекет пен халықтың өмір сүру қызметінің негізі болып табылатын табиғаттың басты объектісі. Жерге меншік нысаны, оның иелену мен пайдалану үшін кімге берілгеніне және жердің сандық, сапалық жағдайына біздің болашағымыз тәуелді», -деп Б.Ж. Әбдірайымов жазған болатын.

А.Х. Хаджиевтың пікірі бойынша – жердің табиғи қасиеті өзге қоршаған табиғи орта объектілермен өзара байланыс жүйесінде басым орнын белгілейді. Орман, су, жануарлар дүниесі табиғат объектілері ретінде жермен байланыссыз өмір сүре алмайды. Тек қана жермен тығыз байланыста бола отырып, олар өздерінің өсіп-өну мүмкіндіктері мен ерекше қасиеттерін сақтайды және барлық табиғи кешендермен бірге экологиялық қызметін жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Жер кодексінде жерлердің бірқатар түрлері нақты көрсетілген. Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 97 — бабы ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлерді ауыл шаруашылығының қажеттіліктері үшін берілген немесе осы мақсаттарға арналған жерлер ретінде бекітіп берген. Ол — жер санаттарының ішіндегі ең негізгі жер санаты, оның басты ерекшелігі болып жердің өндіріс шикізаттары мен адамдар мен жан-жануарларға қажетті азықтардың басты құралы болып табылатындығы болып отыр [3, 78б].

Қазақстан Республикасында нарықтық жағдайға өтуге байланысты әртүрлі меншік нысандарының пайда болуы, шаруашылық етуші субъектілердің және олардың нысандарының көбеюі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді жалға алуды шектемейді, керісінше, оның әрі қарай дамуына алғышарт ретінде танылады.

Қазақстан Республикасы өз алдында егеменді ел болғалы қоғамдық қатынастар, соның ішінде жер қатынастары Қазақстан Республикасының негізгі заңының нормаларына сай дами бастады. Яғни тәуелсіз жас мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық, саяси және құқықтық қатынастарының жаңа өмір талабына сай дамуы, өзіміз үшін және болашақ ұрпақ үшін жоғарыда аталған мемлекетіміздің негізгі қатынастарын қайта реттеп, экономикалық, құқықтық реформаларды қазіргі өмір талабына сай жүргізуді талап етті. Қазақстан Республикасы Президентінің айтуы бойынша басты саяси мақсат тұрғысында, әсіресе өтпелі кезеңде экономикалық реформаларды ойдағыдай жүзеге асырудың қажетті шарты ретінде тұрақтылықты қамтамасыз ету болып табылады. Сонымен бірге Н. Ә. Назарбаев өз халқына Жолдауында жаңадан қабылданған жер туралы заңның халықты өркениетті нарыққа алып келмегенін және аталған заңда жіберілген кемшіліктерді тез арада жойып жөнге келтіру керек екендігін атап көрсеткен болатын [4, 36 б.]. Мемлекетімізде жер қатынастарының дұрыс дамуы еліміздің әлеуметтік-экономикалық, құқықтық дамуына зор ықпалын тигізетінін ұмытпағанымыз жөн. Сол себепті жер қатынастарының реттелуін мемлекеттен ажыратып алуға болмайды. Қазіргі нарықтық қатынастарға байланысты, жердің мемлекет меншігінен жеке меншікке өтуі және жеке меншіктегі жерлердің азаматтық құқықтық мәмілелер арқылы сатылуы, жалға берілуі сияқты жүргізіліп жатқан қатынастардың барлығы ақылы негізде жүзеге асырылады. Бұл дамыған нарықтық қоғамның талабынан туындаған

заңды құбылыс болып табылады және бұл өте орынды. Себебі, жердің мемлекет меншігінен жеке меншікке өтуі азаматтардың өздерінің рухани-материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады. Жеке меншіктегі жер учаскесін әр тұлға заңда көрсетілгендей иелену, пайдалану және билік ету құқығын жүзеге асыра отырып, азаматтық мәмілеге түсу арқылы сатып, өзіне сат

Ауыл шаруашылығы саласындағы кәсіпкерлікті тиімді дамыту, нарықтық механизмді игеру, нарықтағы баға, сұраныс пен ұсыныс, бәсеке, мемлекеттік реттеу заңдылықтарын меңгеруге байланысты бизнес нысандары нарықтың талаптары мен оның механизмін игеруге икемділігі жоғары болып табылады. Сол себептен де қазіргі жағдайда аграрлық саладағы кәсіпкерлікті дамытудың әлеуметтік-экономикалық тиімділігі нарық механизмін толыққанды игеруге мүмкіндік жасайды. Бұл мүмкіндік кәсіпкерлікті мемлекет тарапынан қолдауға, реттеуге бағытталған қосымша шаралардың іске асырылған жағдайында пайда болады

Ұлттық экономиканың дамуы үшін бастылардың бірі болып отандық агроөнеркәсіптік кешен табылады. Тиімділігі жоғары агроөнеркәсіп кешенін құру экономикалық тұрақтылықты, тұтынушылардың қажеттілігін толыққанды қамтамасыз етіп қана қоймай, олардың материалдық әл-ауқатын әрі қарай көтерудің негізгі алғышарты болып табылады [5, 566.].

Агроөнеркәсіп өндірісін мемлекеттік реттеу ауыл шаруашылығы өнімі, шикізат пен азық-түлік өндірісіне, қайта өңдеу және сатуға құқықтық, әкімшіліктік және экономикалық мемлекеттік әрекет ету жүйесі. Сондықтан да аграрлық саланы мемлекеттік реттеуде шешуге тиісті міндеттер болып агроөнеркәсіп өндірісін дамыту, елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, аймақтағы өндіріс саласын басқаруды жетілдіру, ауыл шаруашылық өнім, азық-түлік, шикізат нарығын реттеу, халықтың азық-түлікпен қамтамасыз етілуін жақсарту, ауыл шаруашылығы және экономиканың басқа салалары арасындағы паритетті экономикалық қолдау, ауыл шаруашылығы және басқа салалар жұмыскерлерінің табыстарын жақындату, отандық тауар өндірушілерді қорғау жатады. Осы міндеттерді шешу үшін мемлекеттің экономикадағы рөлі жоғары болуы тиіс [6, 266.].

Аграрлық сектордың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету - оның аграрлық өндірісті индустрияландыру мен негізгі өнім түрлері бойынша АӨК өнімдерінің тиімділігін арттыруға негізделген тұрақты дамыту болып табылады.

Аграрлық саладағы кәсіпкерлікті қолдаудың инфрақұрылымы кәсіпкерлік субъектінің дамуына тікелей әсер етеді. Бұл ауыл шаруашылығын қолдау қоры, кәсіпкерлікті дамыту қоры, лизингтік компаниялар, екінші деңгейлі банктер, сақтандыру компаниялары, кеңес беру, маркетинг, кадрларды оқыту және қайта даярлау қызметтері өте үлкен рөл атқарады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Абдильдина Л.И., Бельгибаев К.М. Экономика сельского хозяйства. – Алматы, 1996. - 608 с.
2. Қазақстан Республикасының Президенті. 2008 жылғы 6 ақпандағы Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру - мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы Жарлығы // ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің Актілер жинағы. – 2008. - № 7.
3. Қазақстан Республикасының Жер Кодексі. 20.06.2003. –Астана.
4. Қазақстан Республикасының Президенті. Қазақстан – 2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы: 1997 жыл қазан айындағы Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. – 1997, қазан - 11.
5. Сидорович.А.В., Ә.Ә. Әбішов. Ұлттық экономика. Оқулық. – Алматы, 2011ж.-320б.
6. Куанткан Б. Аграрлық секторда кәсіпкерлікті дамытудың әлеуметтік-экономикалық тиімділігі.- Алматы, 2008 авторефат.- 56б.

Копбасарова Г.К., Медерова Н.М.

Правовых проблемах в развитии сельскохозяйственного предпринимательства.

В этой статье говорится о высоком потенциале экономики сельского хозяйства республики как об основной социально значимой отрасли воспроизводства и ее больших возможностях, а также о правовых проблемах в развитии сельскохозяйственного предпринимательства.

Ключевые слова: *сельское хозяйство, сельскохозяйственное предпринимательство, экономическая безопасность, социальные условия, особенности сельского хозяйства.*

G.K. Kopbasarova, N.M. Mederova

Legal problems in the development of agricultural entrepreneurship.

This article describes the high potential of the economy of agriculture as the main socially important branch of reproduction and its great opportunities, as well as legal problems in the development of agricultural entrepreneurship

Key words: *agriculture, agricultural entrepreneurship, economic security, social conditions, agricultural peculiarities.*

ӘОЖ 330

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ ТҮСІНІГІ

Сериев Б.А., Абишев Ч.Ж.

*I.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
seriev_bolat@mail.ru zuxra.abisheva@mail.ru*

Мақала қоғамдағы құқықтық сана мен мәдениеттің кейбір мәселелеріне арналған. Авторлар азаматтардың құқықтық мәдениетін тәрбиелеу қоғамдағы тұрақтылық пен құқықтық тәртіпті сақтаудың маңызды шарты болып табылады.

Кілттік сөздер: *құқықтық мәдениет, қоғам, құқықтық сана, азаматтық қоғам*

Елбасының «Қазақстандық жол – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында: «Әлемнің дамыған 30 мемлекеттерінің қатарына қосылу үшін, елімізадал бәсекелестік, әділдік, заңның үстемдігі мен жоғары құқықтық мәдениет жағдайында дамуы тиіс» [1].

Мемлекет басшысы өзара байланысты үш міндетке айрықша көңіл бөлді: ұлттық құқықтың бәсекеге қабілеттілігін, заңның үстемдігін және жоғары құқықтық сауаттылықты қамтамасыз ету. Аталмыш контекстте тұрғындардың құқықтық сауаттылығы мәселелерін шешу мен бағалаудағы жаңа көзқарастардың маңызы зор.

Қазақстан Республикасының алдында заң салтанат құрған, гуманизм және адамгершілік принциптері басшылыққа алынатын жоғары құқықтық, азаматтық мемлекет құру міндеті тұр.

Қазақстан қоғамы оның мүшелерінің барлығының құқықтық санасы, әлеуметтік және интеллектуалдық даму деңгейі, таңдау еркі жоғары, өз істеріне жауап бере алатындай болған жағдайда ғана құқықтық, азаматтық қоғам бола алады. Әділетті азаматтық қоғам болуының өмірлік маңызы зор шарты - тәуелсіз, әрі құрметке лайықты сот билігі болып табылады. Осы орайда, қазақстандық азаматтық қоғамның құқықтық санасы мен мәдениетінде негізгі рөл сот жүйесіне тиесілі.

Құқықтық сана дегеніміз – адамдардың қолданыстағы немесе қалауындағы құқыққа деген қатынасын білдіретін түсініктері мен сезімдерінің жиынтығы. Ғылымда құқықтық сана құрылымы түсінігі әзірленген. Құрылымдық құқықтық сана екі негізгі элементтен құралады:

құқықтық психология және құқықтық идеология. Құқықтық психологияның мазмұнына қолданыстағы құқықтық нормалар мен оларды іс-тәжірибеде қолдануға байланысты адам бойында туындайтын сезімдер, эмоциялар, көңіл-күйлер, стереотиптер, әдеттердің жиынтығы кіреді. Құқықтық идеология – құқықтық шындықты концептуалды, жүйелі айқындап, бағалайтын заңдық идеялар, теориялар мен көзқарастардың жиынтығы. Қазақстан Республикасына қатысты қолданылатын құқықтық идеологияның көздеріне мысал ретінде Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі мерзімді қамтитын Құқықтық саясат тұжырымдамасын алуға болады.

Құқықтық мәдениет дегеніміз – құқықтық актілердің, құқықтық және құқық қолданушылық әрекеттің, тұлғалардың құқықтық санасы мен құқықтық дамуы, сонымен қатар әрекет еркіндігінің және мемлекет пен тұлғаның өзара жауапкершілігінің жетілу деңгейін көрсететін қоғамдағы құқықтық өмірдің сапалы күйі. Құқықтық сана мен құқықтық мәдениеттің жоғары деңгейін қалыптастыруда сот жүйесінің маңызы аса зор.

Бұл жөнінде мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев судьялардың VI съезінде былай деген еді: «Тәуелсіз және әділ сот – әрбір мемлекет әрекетінің қолтаңбасы. Онсыз әлемнің ешбір елінде қолайлы инвестициялық ахуал да, азаматтардың әл-ауқатының жоғары болуы да, қоғамның табысты дамуы да мүмкін емес» [2].

Қазіргі қоғамдағы құқықтық мәдениет мәселесі өте өзекті болып табылады. «Құқықтық мәдениет» термині ретінде әлеуметтік, экономикалық, рухани, сонымен қатар саяси құрылыстың әсерінен туындаған қоғамның құқықтық өмірінің сапалы күйі танылады, ол заңнамалық актілерді, құқықтық сана және субъектінің жалпы құқықтық дамуын, сондай ақ мемлекет пен азаматтық қоғам тарапынан адамның құқықтары мен бостандықтарының кепілдендірілуін қамтиды.

Бүгінгі таңда қоғамның құқықтық мәдениеті оның тұрғындарының құқықтық санасының даму деңгейіне және сондай-ақ оның келесі жағдайларды меңгергендігіне тәуелді:

- адамның құқықтары мен бостандықтарының құндылығы;
- дауларды, мәмілеге келу және т.б. жайттарды шешудегі құқықтық процудалардың құндылығы;
- азаматтардың құқықтық ұйғарымдарды, т.б. орындауға немесе орындамауға деген ниеті;
- тұрғындарды, олардың жас ерекшеліктері бойынша, әлеуметтік, кәсіби және өзге де топтарын құқықтық жағынан ақпараттандыру;
- тұрғындардың заңға, сотқа, түрлі құқық қорғау органдарына, заңдық процедуралар мен құралдарға деген эмоционалдық қарым-қатынасы.

Құқықтық мәдениеттің талдауы ең алдымен азамат, құқық қолданушы, заң шығарушы, жалпы қоғам ұмтылатын идеалдарды, үлгілерді, құқықтық құндылықтарды анықтап, сипаттау үшін және де сол көздеген идеалдарға жету жолдары мен құралдарын іздестіріп, адамның құқықтары мен бостандықтары тиісті рухани және әлеуметтік-экономикалық деңгейде қамтамасыз етілетін құқықтық мемлекет құру үшін қажет.

Қазіргі кезде студент жастардың құқықтық мәдениетке деген көзқарасы дұрыс қалыптаспаған деп айтуға толық негіз бар. Жеке сананы бүгінгі жастар өзін, өз мүмкіндіктерін, қабілеттерін, дарынын көрсету жолы деп қабылдамай, өзін өзгелерден жоғары санаудың тетігі ретінде қабылдайтыны аян. Нәтижесінде құқықты бағаламау, сыйламау, санаспау сияқты құқықтық сананың бұзылуларынан бастап, оны толық елемей және терістеу көріністері орын алып отыр.

Құқықтық мәдениеттің бұрмалануы деп құқықтық мақсаттардың, көзқарастардың, нанымдардың құқықтық емес түрлерге өзгеруін айтамыз. Мұның салдарынан заңға қарсы әрекетінің жазасыздығына деген сенім туады. Дәлел ретінде осы жастар категориясы азаматтардың әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайларға сәйкес құқықтық нормаларды сақтауы қажет деп санайды, алайда іс-тәжірибеде барлығы басқаша. Қазіргі

құқықтық мәдениеттегі жағдайды түсіндіруде мысал ретінде кеңестік жүйенің мұрасын да көрсетуге болады. Адам құқықтары мен бостандықтары ұзақ уақыт бойы басып-жаншылу салдарынан, адамдар өз мүдделерін, өмірлік мақсаттарын іске асыруда заңды айналып өту жолдарын іздестіруге мәжбүр болды.

Жоғары деңгейдегі құқықтық санаға қоғам өміріндегі құқықтың мәнін білу мен түсіну жатады. Көп жағдайда ашық құқықтық нилигизмге ұласатын құқықтық мәдениеттің төмен деңгейі, тұрғындар арасында құқықтық дәстүрлердің дамымауының тамыры тереңге, сонау революцияға дейінгі кезеңге кетеді.

Қазіргі заманғы құқықтық мәдениеттің маңызды элементтерінің біріне елдегі заңдылық пен құқық тәртібінің нақты жай-күйі жатады. Қылмыскер қылмыс жасап, әділ жазасын алса, заң салтанат құрады, әділдік орнайды. Бірақ егер әлдекім әділетсіз жазаланатын болса, заңдылық әсте жоқ. Әрбір қылмыскер жазалануы тиіс, ал жазықсыз адам жазаланбауы керек.

Осылайша, құқықтық мәдениет те, саяси мәдениет сияқты демократияның маңызды элементі болып табылады деген қорытынды жасауға болады. Оларсыз демократияның болуы мүмкін емес, бұл келешекте анархияға айналып, жалпы мемлекет, әлемдік құқықтық тәртіп пен қоғам үшін қатерлі салдарға, жаппай заңсыздық озбырлығы мен құндылықтарды теріске шығаруға әкеліп соқтыруы мүмкін. Құқықтық мемлекеттің негізгі шарты - жоғары деңгейдегі құқықтық мәдениетті қалыптастыру. Сондықтан азаматтарды құқықтық мәдениетке тәрбиелеу - қоғамдағы тұрақтылық пен құқықтық тәртіптің маңызды шарты.

Жұмысымыздың негізгі элементтерінің бірі құқықтық мәдениет мәселелері болып табылады. Құқық өзге мәдениет элементтерінде жоқ дербес қасиеттерінің (жалпылық, нормативтілік, императивтілік, формальді анықтылық) арқасында қоғам өміріне жүйелілік, тәртіптілік енгізетіні бәрімізге белгілі. Құқықтың мәдениет феномені ретіндегі рөлі - табиғи-тарихи үдерістің бір бөлігі ретіндегі әрбір нақтылы класстық қоғамдастықтардың тұрақтылығын, салыстырмалы өмір сүру ұзақтығын қамтамасыз ету.

Құқық шығу тегі, табиғаты, қызметі, технологиясы жағынан адамзат мәдениетінде айрықша орны бар құбылыс ретінде нақты-тарихи әлеуметтік жүйелердің тұтастығын сақтауға бағытталған мәдениеттің жалғыз формасы [3].

Қоғамның құқықтық мәдениеті дегеніміз қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуде, әлеуметтік ағзаның прогрессивті дамуы мен адам санасына әсер ету мақсатында қолданылатын заңдық қондырмалардың жиынтығы [4]. Қоғамның құқықтық мәдениетін арттыруда халықтың құқықтық сауаттылығы мен мәдениеті деңгейін көтерудің, құқықтық нилигизмді болдырмаудың маңызы зор. Мемлекеттік құрылыс мәселелері де құқықтық мәдениеттің іс-тәжірибелік, әкімшілік-ұйымдастырушылық деңгейін арттырумен тығыз байланысты. Ғалымдардың пікірінше, құқықтық мәдениет төрт күйде көрініс табады: идеологиялық-психологиялық; құқық нормалары жиынтығымен белгіленетін нормативтік; құқықтық әрекет сипатын анықтайтын мінез-құлықтық; құқықтық әрекет нәтижесін бекітетін объективтендірілген. Аталмыш құқықтық мәдениет күйлерін зерттеуді бағалаушылық контекстте түрлі субъектілердің көзқарастары тұрғысынан жүргізу керек. Сондай ақ түрлі әлеуметтік топтардың түрлі жағдаяттардағы құқықтық белсенділігінің көріну деңгейі де айтарлықтай маңызға ие [5]. Әлеуметтік-психологиялық жағынан алғанда құқықтық мәдениет жалпы құқықтық норма мен адамдардың нақты мінез-құлқының бірлігімен; нормалар мен құндылықтардың сәйкестілігімен; құқықтың әлеуметтік тиімділігінің жетістіктерімен сипатталады.

Демек, құқықтық мәдениеттің кіріктірілген қасиеттері тек нормативтік бағдармен шектелмейді. Оның мақсаты әлеуметтік ортаға белсенді ену, қалыптасқан қалған ережелерге әсер ету, ұжым мүшелері мен әлеуметтік топтардың құқықтық мінез-құлықтың прогрессивтік нормаларын қабылдаудың қажеттілігін түсінуіне ықпал ету. Осылайша құқықтық мәдениет индивидтер мен ұжымдарды бірыңғай әлеуметтік ұйымға бірігуін қамтамасыз етеді. Алайда, атап өтетін жайт, құқықтық мәдениеттік нақты жағдайы ресми

ережелер мен идеалды үлгілерден алшақ болуы мүмкін. Құқықты білуі де әр түрлі, оған деген түрлі әлеуметтік топтар мен индивидтердің қатынасы да әр қилы. Мәдениетке жалпыадамзаттық, ұлттық, топтық құндылықтар, ойлар мен әрекеттер, мінез құлық үлгілері т.б. жатады, бұл құқықтық мәдениетке де қатысты. [6].

Біздік республикамыздың басымдықтары саяси тұрақтылық және ұлтаралық келісіммен сипатталады. Бұл үдерісте тұрақты, қарқынды дамып келе жатқан қоғам тұлғаның, әлеуметтік топтардың және мемлекеттің (қоғамның) мүдделерін үйлестіретін құқықтық формаға негізделеді. Ғалымдардың ойынша, көпұлтты және мультимәдениетті Қазақстанда демократиялық қайта құруларды заңнамалық тұрғыда қамтамасыз ету міндетін шешу үшін, этникалық қауымдастықтардың өзара ықпалдасуының құқықтық механизмдерін жасалынады. Әлбетте, заңшығарушылық істе ұлттық дәстүрлер, өркениетті құқықтық тәртіптің жалпыдемократиялық, гуманистік нормалары ескерілуі тиіс екені анық. Осы орайда, ҚР этноәлеуметтік топтары құқықтық санасының ерекшеліктерін талдауда Қазақстанның өзіне тән ерекшеліктері назарға алынуы тиіс; еліміздің құқықтық кеңістігін жетілдіруде көпұлтты қауымдастықтың консолидация үдерістеріне мемлекеттің ықпал етуі бойынша іс - тәжірибелік нұсқаулықтар әзірленуі тиіс.

ҚР БҒМ Философия және саясаттану институты жүргізген әлеуметтік зерттеудегі «Сіздің ойыңызша, құқық қорғау органдары (прокуратура, сот, полиция) еліміздің барлық тұрғындарына тең қарайды ма?» деген сұраққа төмендегідей жауаптар алынды: өздері құқық бұзушылық жасайды - 35 %, иә - 11 %, ақшасы, билігі бар адамдарды қорғайды - 46 %, да - 5 %, басқасы - 2 %, жауап беруге қиналамын - 1 % [7]. Бұл талдаудан құқық қорғау органдары қызметкерлерінің құқықтық мәдениетінің принципиалды механизмдерін әрі қарай жетілдіру қажет екенін аңғарамыз.

Аталған тақырып бойынша маңызды мәселелердің бірі ретінде қылмыстық сот жүргізудегі туыстық, ерлі зайыптылық қатынастарды құқықтық реттеу болып табылады. Аталмыш мәселені классификациялау оның екіжақты сипатына байланысты. Біріншіден, ол жасалған қылмысқа іс жүргізуге орай туындайды, екіншіден, үдеріске қатысушылардың бірінің туыстық, ерлі зайыптылық қатынас фактісіне байланысты. Р. С. Белкин мен А. И. Винбергтің ойынша, кез-келген классификация «таным құралы ретінде қызмет етіп, жекелеген заттар мен құбылыстарды, олардың даму заңдылықтарын, пайдалану жолдарын зерттеуге көмектеседі» [8]. Сондықтан да, аталған классификация қорғау, айыптау және жіберу салаларында анықталады.

Қылмыстық-процессуалдық әрекетте туыстық қатынастардың көрінуі жеткілікті зерттелмеген және болжанбаған. Қолданыстағы қылмыстық-процессуалдық заңнамада іске асырылу процедурасы тиісті деңгейде жазылмағандықтан, ол декларативтік сипат алған. Заң шығарушы тиісті терминологияны қолдану барысында олқылықтар орын алып, ұқсас қатынастар түрліше реттеледі. Сондықтан болашақта мемлекеттік органдар, лауазымдық тұлғалар, қылмыстық іс жүргізуге қатысушылар, т.б. әрекетіндегі туыстық, ерлі зайыптылық қатынастардың классификациясы мәселелері мен жалпы сипаттамаларын одан әрі зерттеу қажет деп ойлаймыз.

1960 ж. дейін сот ісін жүргізудің моральдық мәселелері ғалымдардың ерекше назарын аудармаған және заңдық әдебиеттерде жеткілікті қамтылмаған; Басылымдар көбінесе адвокаттық этиканың және сот ісін жүргізу мәдениетінің мәселелерімен шектелді. 1961 жылы КОКП-ның 22-съезінде қабылданған Бағдарламасында «адам өмірінің моральдық қағидаларының қоғам өміріндегі ролі артып келеді, моральдық фактордың әрекет ету саласы кеңейіп келеді», -деп атап көрсетілді» [9].

Сондықтан, қылмыстық іс жүргізудегі моральдық құндылықтарды дамыту, кәсіби міндеттердің мазмұны, қылмыстық-процессуалдық дәлелдемелердің моральдық қағидалары, қоғамның және баспасөздің қылмыстық процеске, қоғамдық және жеке мүдделердің қылмыстық іс жүргізудегі қақтығысы сияқты сыртқы факторлардың әсері өзекті болды. Осылайша, философиялық және әдіснамалық тұрғыда құқықтық мәдениетті зерделеу

құқықтық сананың, ғылыми-рухани және ғаламдық процестер санаттарының кешенді мәселелерін біріктіреді. Бұл ең алдымен ғылым үшін ғана емес, жалпы қоғам үшін маңызды, себебі мемлекеттің құқықтық-заңдық негіздерін нығайтуының нәтижесінде адамдардың өмір сүру деңгейі жақсарады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстандық жол – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауы.
2. Баймаханов М. Т., Вайсберг Л. М., Бейсенова А. У. и др. Взаимодействие правового сознания с моралью и нравственностью в обществе переходного периода. — Алматы, 2015. 4 б.
3. Сонда. Глава II. Правовое и моральное сознание личности в контексте культурологии. 80-114 б.
4. Правосознание и правовая культура сотрудников ОВД. М., 2011. 46, 47 б.
5. Толығырақ: Оспанов С. И. Социология права. -Алматы, 2012. 308, 309б.
6. Сальников В. И. Правовая культура // Общая теория права. — М., 2013. – 495б.
7. Малинин Г. В., Дунаев В. Ю., Курганская В. Д., Нысанбаев А. Н. Теория и практика межэтнического и межкультурного взаимодействия в современном Казахстане. — Алматы, 2012. -130 б.
8. Белкин Р. С., Винберг А. И. Криминалистика и доказывание (методологические проблемы). — М., 2009. -53 б.
9. A FICTION: "THE RIGHT OR FREEDOM OF SMOKING" Author(s): Xie, Zhiyong Source: ASIAN JOURNAL OF WTO & INTERNATIONAL HEALTH LAW AND POLICY Volume: 8 Issue: 1 Pages: 149-177 Published: MAR 2016.

Сериев Б.А., Абишев Ч.Ж.

Проблемы правового сознания и культуры в обществе

Статья посвящена некоторым проблемам правового сознания и культуры в обществе. Авторы подчеркивают, что воспитание правовой культуры граждан – важнейшее условие стабильности и правопорядка в обществе.

Ключевые слова: правовая культура, общество, правовое сознание, гражданское общество.

B.A. Seriev, Ch.Zh. Abishev

Problems of legal consciousness and culture in society

This scientific article contemplating some questions of culture in regulating the relationships of relatives, spouses and affinity and it shows social-low meanings of these relationships.

Key words: legal culture, society, legal consciousness, civil society.

УДК 336

ЮРИДИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ЭКОЛОГИЧЕСКИХ РАСХОДОВ. ЗАЧЕМ ПЛАТИТЬ ДВАЖДЫ?

Темирбаев М.Д., Темирханов Е.У., Тайкулакова Г.С.

*Алматинский университет менеджмента, г. Алматы.,
ms777m@mail.ru*

Статья раскрывает спорные юридические аспекты производственной деятельности

- жеке тұлғалық — педагогикалық үдерістің жеке тұлғаға бағыттылығы мен құзіреттілікке бағдарланған түрде ұйымдастырылуы;
- мәденилік — болашақ психологтардың шығармашылық қабілетін дамытуы жалпы мәдениеттілік деңгей мен жеке тұлғалық сапаларына сай жүргізілуі; ұстаздардың, оқушылар ұжымының және отбасыларының оқушыларға қоятын талаптарының үйлесімділігі;
- халықтық — әрбір бала үшін тиімді психологиялық ахуалдың әлеуметтік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, халықтың талабын ескеру;
- жекедаралық — оқушы мен ұжымның дамуында жас және дара ерекшелікті, психологиялық, физиологиялық, ұлттық ерекшеліктерді ескеру;
- ынтымақтастық — оқу мен тәрбиенің бірлігі, оқу-тәрбие мекемелері мен отбасы, қоғамдық ұйымдар мен еңбек ұжымдарының, балалар мен жастарды тәрбиелеудегі ынтымақтастығы;
- үздіксіздік — білім беру деңгейлері арасындағы сабақтастық, үздіксіздік пен нақтылықтың ескерілуі, оқушы тұлғасы мен ұжымның дамуындағы жаңа құрылымды үздіксіз бақылау;
- сәйкестік — оқыту үдерісінде қолданылатын технологиялар мен мазмұнның сәйкестігі [5].

Адамның шығармашыл болуы мәселесі барлық уақыттарда гуманитарлық ғылымдардың, әсіресе педагогиканың өзекті мәселесі болып келді. Дегенмен қазіргідей әр адамның өз тағдыры мен кәсіби және жеке бағыттағы жетістіктері үшін өз жауапкершілігі артып отырған уақытта ішкі резервтерді іздеу, тәжірибе мен білімді тиімді қолдана білу үшін Бұл мәселені зерттеу, талдау ғана емес дамытудың маңыздылығы арта түседі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Битянова М.Р. Практическая психология. — М., 1997.
2. Дубровина И.В., Прихожан Л.И. Положение о школьной психологической службе. -М:1995, 138с.

3. Р.Омарова. Шығармашылық дербестікті қалыптастыру. Қазақстан мектебі, 5/2006.-23б.

4. Оспанова Б.А. Педагогические основы формирования креативности будущего специалиста в системе университетского образования. Автореф. дисс.... д-ра пед.наук. – Туркестан, 2006. -44 с.

5. Л.К.Көмекбаева "Психологиялық қызметті ұйымдастыру". - Алматы, 2001.

Унгарбаева Ш.У., Аслан Э.А.

Проблемы повышение творческой активности будущего педагога в самостоятельной работе

В современном мире профессиональная подготовка будущих специалистов направлена на развитие навыков организационных форм в процессе учебного процесса, ориентацию будущих профессионалов на профессиональную и педагогическую деятельность и овладение педагогическими творческими подходами, поиск новых творческих решений, личное и творческое развитие личности создавать условия. Это предполагает создание связи между всеми структурными компонентами учебного процесса.

Ключевые слова: развитие, творческий интерес, активность, познавательный поиск.

Sh.U. Ungarbaeva, E.A. Aslan

Problems enhancing the creative activity of future teachers in independent work

In the modern world, the professional training of future specialist is directed towards developing the skills of organizational forms in the process of the educational process, the orientation of future professionals to professional and pedagogical activity and mastering pedagogical creative approaches. The search for new creative solutions. Personal and development of the individual create conditions. This suggests the creation of a link between all the structural components of the educational process.

Key word: development, creative, activity, cognitive search.

УДК 37.013.42

ИНКЛЮЗИВНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В УСЛОВИЯХ СОВРЕМЕННОЙ ШКОЛЫ

Ханина Н.Н., Шмидт М.А.

Жетысуского государственного университета им. И.Жансугурова, г. Талдыкорган.

Статья посвящена проблеме реализации концепции инклюзивного образования в условиях современной школы. В статье проанализировано состояние внедрения инклюзивного обучения в Республике Казахстан, выявлены некоторые трудности в специальной организации учебной деятельности детей с особыми образовательными потребностями и определены пути их преодоления.

Ключевые слова: инклюзивное образование, особые образовательные потребности.

В настоящее время мировое сообщество пришло к пониманию того, любая дискриминация и сегрегация детей с особыми потребностями в образовании не допустима. Руководствуясь положениями конвенций, деклараций и рекомендаций ООН в области прав человека, Республика Казахстан обязуется обеспечить качественное образование всем детям, в том числе имеющим особые образовательные потребности в связи с проблемами здоровья, с проблемами социальной адаптации в обществе и др.

Реальным шагом на этом пути стало принятие Государственной программы развития образования Казахстана до 2020 года, одной из задач которой является совершенствование

системы инклюзивного образования в школе. В рамках этой программы до 2020 года доля детей, охваченных инклюзивным образованием, от общего количества детей с ограниченными возможностями в развитии должна составить 50% [1]. Пока в стране появились только первые примеры инклюзивного обучения детей с особыми образовательными потребностями, но они внушают оптимизм.

Под инклюзивным (включенным) образованием понимается процесс обучения и воспитания, при котором все дети, в независимости от их физических, психических, интеллектуальных и других особенностей, включены в общую систему образования. Именно социальная адаптация и реабилитация должны быть основой системы психолого-педагогической помощи детям с особыми потребностями в образовании.

В основу инклюзивного образования положена идеология, которая исключает любую дискриминацию детей, обеспечивается равное отношение ко всем людям, но создаются особые условия для детей с особыми образовательными потребностями. Они посещают общеобразовательные школы по месту жительства вместе со своими сверстниками без инвалидности, при этом учитываются их особые образовательные потребности. Кроме того, осуществляется психолого-педагогическое сопровождение процесса обучения. Данный подход позволяет рассматривать коррекцию и компенсацию нарушений развития не как конечную цель, а как одно из важнейших условий наиболее адекватного и эффективного вхождения ребенка или подростка в социум [2].

Обучение ребенка с особыми образовательными потребностями в условиях общеобразовательной школы требует вовлечение всех участников учебно-воспитательного процесса. Реализация инклюзивного образования осуществляется путем активного участия семьи, коррекционно-педагогической и социальной адресной поддержки персональных нужд ребенка и адаптации образовательной среды к индивидуальным особенностям и образовательным потребностям детей, т.е. путем создания адекватных образовательных условий [3].

Можно выделить следующие идеи реализации концепции инклюзивного образования:

1. Инклюзия является процессом увеличения степени участия каждого отдельного учащегося в академической и социальной жизни школы, а также процесс снижения степени изоляции учащихся во всех процессах, протекающих внутри школы.

2. Инклюзия призывает к реструктуризации культуры школы, ее правил и внутренних норм и практик, чтобы полностью принять все многообразие учеников, с их личными особенностями и потребностями.

3. Инклюзия непосредственно касается всех учеников школы, а не только особенно уязвимых категорий, таких как дети с ограниченными возможностями.

4. Инклюзия ориентирована на совершенствование школы не только для учеников, но и для учителей и ее работников.

5. Каждый ребенок имеет право получать образование в школе рядом со своим домом.

6. Многообразие и непохожесть детей друг на друга видится не проблемой, требующей решения, а важнейшим ресурсом, который можно использовать в образовательном процессе.

7. Инклюзия подразумевает наличие тесных, близких, основанных на дружбе отношений между школами и обществом, в котором эти школы существуют и действуют.

Основными принципами функционирования модели инклюзивного образования являются:

Приоритет интересов ребенка с особыми образовательными потребностями во всех сферах его жизнедеятельности и социального взаимодействия.

Учет запросов и потребностей детей с различным темпом психофизиологического развития.

Соблюдение прав на образование детей с замедленным темпом развития. Системный подход в содержательном, методическом и административном обеспечении инклюзивных

процессов.

Выстраивание системы обучения и воспитания ребенка с особыми образовательными потребностями с учетом преемственных образовательных маршрутов.

Выработка единых методологических подходов к созданию и функционированию реабилитационного пространства.

Постоянный контроль за возникающими рисками личной или социальной дезадаптации и дисгармонии в детской и взрослой среде.

Анализ современного состояния внедрения инклюзивного обучения в Республики Казахстан позволил выявить некоторые трудности для специальной организации учебной деятельности детей с особыми образовательными потребностями, которые препятствуют широкому распространению интеграции в системе образования:

- ограниченность нормативно-правовой базы, обеспечивающей условия организации инклюзивного обучения;
- отсутствие необходимого числа квалифицированных специалистов и педагогов, владеющих знаниями и технологиями инклюзивного обучения;
- недостаточность материально-технического оснащения процесса инклюзивного обучения (специальное оборудование, дидактические средства и пр.);
- психологическая неготовность педагогов, нормально развивающихся сверстников и их родителей к принятию учеников с особыми образовательными потребностями в обычный класс общеобразовательной школы;
- несвоевременное выявление и включение детей с особыми образовательными потребностями в систему коррекционной психолого-педагогической помощи; ограниченность программно-методического обеспечения, ориентированного на условия инклюзивного обучения детей с особыми образовательными потребностями.

Однако казахстанское общество и современная система образования все больше склоняется к внедрению инклюзивного обучения. Ребенок с особыми образовательными потребностями нуждается в поддержке сверстников и совместное обучение в условиях общеобразовательной школы способствует не только его развитию, но и обогащению процесса получения знаний других детей. Инклюзивное обучение – это перспектива будущего, в котором могут учиться все, всегда и везде, обеспечивая новое качество жизни общества в целом. Для реализации инклюзивного подхода в образовании необходимо предпринять ряд мер, которые позволят исключить дискриминацию детей с особенностями в развитии и способствуют их успешной адаптации к жизни и деятельности в обществе. На наш взгляд наиболее важными являются:

- признание для общества равной ценности всех учеников и педагогов; повышение степени участия всех учеников школы во всех аспектах школьной жизни и одновременное снижение уровня изолированности некоторых групп учащихся;
- изменение педагогических методов работы школы таким образом, чтобы школа могла полностью соответствовать разнообразным потребностям всех учеников, проживающих рядом с ней; преодоление барьеров на пути получения знаний и полноценного участия в школьной жизни для всех учащихся школы, а не только для тех, кто имеет инвалидность или специальные образовательные потребности;
- проведение реформ и изменений, направленных на благо всех учеников школы в целом, а не только какой-либо одной группы;
- понимание того, что различия между учениками это ресурсы, способствующие педагогическому процессу, а не препятствия, которые необходимо преодолевать;
- признание роли общеобразовательных школ не только в повышении академических показателей учащихся, но и в развитии социальных ценностей местных сообществ;
- признание того, что инклюзия в образовании это один из аспектов включения в общество.

В Республике Казахстан в качестве приоритетных направлений деятельности по

созданию условий для получения образования детей с особыми образовательными потребностями выделяются следующие:

Первое направление — выявление недостатков в развитии детей и организация коррекционно-педагогической работы на максимально раннем этапе. Своевременное оказание необходимой помощи позволяет обеспечить коррекцию основных недостатков в развитии ребенка к моменту начала обучения и подготовить его к обучению в общеобразовательном учреждении. Начальным звеном системы специального образования в республике является психолого-медико-педагогическая консультация, которая устанавливает право ребенка на получение образовательных, медицинских и социальных услуг, определяет их потребности в специальных образовательных условиях.

Второе направление — создание вариативных условий для реализации права на образование всех категорий детей с учетом их психофизических особенностей.

Третье направление - развитие интегрированного инклюзивного образования. Перспективой развития системы социальной и медико-педагогической поддержки детей с ограниченными возможностями в развитии на ближайшие годы является реализация идей и принципов инклюзивного образования. Средствами выступают не изоляция детей и создание устойчивого представления о собственной неполноценности, а построение социальной траектории в жизни, которая может быть решена только через включение детей с особенностями в среду детей обычного развития, совместного обучения, организации их совместного досуга, оказание им взаимоподдержки.

Таким образом, движению от равных прав к равным возможностям в доступе к качественному образованию для всех, способствуют распространение идей инклюзивного образования, а также подготовка специалистов новой формации, обладающих профессиональными компетенциями, которые позволяют организовать учебный процесс, учитывая индивидуальные особенности детей. Это даёт основание надеяться, что каждая семья, в которой воспитывается ребенок с ограниченными возможностями в развитии, будет иметь возможность свободного выбора учебной организации, где его особые образовательные потребности будут удовлетворены в полном объеме.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011 - 2020 годы. – Астана, 2010
2. Инклюзивное образование. Настольная книга педагога, работающего с детьми с ОВЗ: методическое пособие / под ред. Старовойтовой М.С. – М: Владос, 2011
3. Исакова А.Т., Мовкебаева З.А., Айтбаева А.Б., Байтурсынова А.А. Основы инклюзивного образования: Учебное пособие. – Алматы: L-Pride, 2013

Ханина Н.Н., Шмидт М.А.

Мектептердегі инклюзивті білім беру тұжырымдамасын жүзеге асыру

Ұсынылған мақалада қазіргі таңдағы мектептердегі инклюзивті білім беру тұжырымдамасын жүзеге асыру мәселесіне қарастырылған. Бүгінгі таңдағы Қазақстан Республикасындағы инклюзивті білім беруді енгізу мәселесі талданып, ерекше білім қажеттіліктері бар балалармен арнайы оқу әрекетін ұйымдастыру және проблемаларды жеңу жолдары анықталған.

Кілттік сөздер: *инклюзивті білім беру, ерекше білім қажеттіліктері.*

N.N. Khanina, M.A. Schmidt

Inclusive education in the terms of the modern school.

The article is devoted to the problem of realization of the concept of inclusive education in the terms of the modern school. The article analyzes the state of implementation of inclusive education in the Republic of Kazakhstan, reveals some difficulties in the specific organization of

educational activities of children with special educational needs and identifies ways to overcome them.

Key words: *inclusive education, special educational needs.*

ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ

ӘОЖ 972

КӘСІПОРЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ҮЙРЕНУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Закирова А.Т., Жумадилова А.С.

Алматы Менеджмент Университеті, Алматы қ.

Мақалада қызметкерлерге мемлекеттік тілді ұжымдық оқытуды ұйымдастыру кезінде тап болатын мәселелер, мүмкін болатын қателіктер туралы айтылады.

Кілттік сөздер: ұжым, қызметкер, ұйымдастыру, мансаб, компания, машық, лауазым, ресурс, стратегия.

Мемлекеттің тіл саясатын кәсіпорындарда жүзеге асыру мақсатында белгілі бір жұмыстар жүйелі түрде ұйымдастырылатыны сөзсіз. Мемлекеттік тілдің қызмет етуі мен дамуы бойынша жасалатын шаралардың бағдарламалары аясында әрбір ұйымда қазақ тілі курстары ұйымдастырылады, аудармашылар штаты іріктеліп, Наурыз мерекесі тойланады, қазақ тілі күндері өткізіледі, жергілікті әкімдікке есептер мен ақпараттар тапсырылады және тағы басқа жұмыстар жүргізіледі.

Өзінің кәсіби мансабында компания қызметкерлеріне қазақ тілін үйрету мәселесіне тап болмаған HR- маманды (адами ресурстармен жұмыс жасайтын қызметкерді) табу қиын. Бұл тапсырманы қарапайым тапсырмалар санатына жатады деп айтуға болмайды, өйткені мемлекеттік тілді ұжымдық оқыту жүйесі компания қажеттіліктерін, сонымен қатар қызметкер қажеттіліктерін де негізге алып ескеру керек. Осы мақаланы жазу барысында зерттеуші лауазымдық міндетіне қызметкерлерді оқытуды ұйымдастыру кіретін компания мамандарының (менеджерлердің) қазақ тілін ұжымдық оқытуды ұйымдастыру кезінде тап болатын мәселелері, мүмкін болатын қателіктер туралы ашып көрсетеді [1].

Қазақ тілін меңгеру стратегиялық мақсаттардың бірі деп қарайтын болсақ, онда адам ресурстарын дамытудың стратегиялық бағытының анықтамасына тоқталайық (Walton, 1999): адам ресурстарын дамытудың стратегиялық жолы кірісуден, кемшілікті жоюдан, басқарудан және үрдістерді атқару мен міндеттерді орындауда барлық жеке қызметкерлер мен команда мүшеслері білімді игеріп, машықтар деңгейі ұжымның ағымдағы және әлеуетті міндеттерін орындайтындай болуы керек

Ал Қазақстанда кей ұйымдарда қазақ (ағылшын) тілі курстары кей кездері қызметкердің қысымымен ұйымдастырылуы жиі кездеседі. Осындай курстарды ұйымдастыру мақсаты әдетте анық емес, тілді меңгерудің белгілі бір деңгейіне жету тапсырмасы тіркелмейді. Мұндай курстарда қызметкерлердің бір бөлігі расымен де өз білім деңгейлерін көтереді, алайда қатысушылардың көпшілігі оған қосымша сабақ ретінде қарайды, өйткені олардың лауазымдық міндеттеріне тілмен жұмыс істеу кірмейді. Олар «қор туралы» тәртіпті оқиды, сондықтан сабаққа қатысу мен оның жемістілігі аса жоғары емес. Жалпы осындай курстардың тиімділігі аса төмен.

Көбінесе курсты оқып біткен қызметкерлер алған дағдыларын өздерінің жұмыс орындарында қолдануға тырысады және оларды қолдануға жағдайдың жоқтығына тап болады. Кәсіпорындарда көбінесе орнатылған тәртіп пен дәстүрлер (ұжымдық мәдениет) болады. Қатардағы қызметкерге мемлекеттік тілде қарым-қатынас орнату дағдыларын меңгеру үшін қажетті жағдай жасалмауы мүмкін, алынған дағдыларға жұмыс шартының сәйкес еместігі орын алады.

Курстарға еркінен тыс баратын қызметкер одан қашу үшін барлық шараларды қолданады. Егер ол бәрібір бағынуға міндетті болса, оқытылған материалды меңгеру жағымсыз эмоционалдық фон салдарынан аса төмен болады. Бұдан басқа, тыңдаушы өзінің айналасына осы жағымсыз эмоциясын таратуы және бүкіл топқа кедергі келтіре отырып, басқа да білім алушыларға жағымсыз эмоциясын жұқтыруы мүмкін. Ол бір нәрсені

меңгерген күннің өзінде, оның теріс ойы білім алу нәтижелерін өз жұмысында қолдануға кедергі келтіреді [2].

Қызмет атқарушы көптеген оқытушылардың білім беруге деген қатынасы мектепте білім беретін сияқты генетикалық деңгейде қалыптасқан. Олардың көпшілігі оқу құралдарын жаза алмайды, ересектерді оқыту ерекшеліктерін ескермейді, ынталандыру мен менеджменттің заманауи әдістері туралы білімді меңгермеген. Осындай оқытушыларды басты маман ретінде шақыру бұрын белсенді, тәжірибелік сабақ түрлерін, слайдтарды, оқу құралдарын, таратылатын материалдарды қолдану арқылы шет тілдерді оқытуға қатысқан тыңдаушыларда жағымсыз реакция тудыруы мүмкін.

Компания қызметкерлерін мемлекеттік курс деңгейлері мен мерзім ұзақтықтары туралы ақпараттандырмайды. Тыңдаушылар көп деңгейлік мақсаттық тіл курстары олардың берілген лексика және дағдылар, қажетті ұйымдастырулар түріне бейінді келесідей білім түрлерін қамтамасыз ететіндігін білулері тиіс: ауызша және жазбаша аударма, қатынастар жүргізу, келіссөздерге қатысу, көрмелерде жұмыс істеу және т.б.

Тәжірибе көрсеткендей, ұйымдағы білім беру жүйесі келесі жағдайларда көрініс беретін ұжымдық мәдениеттің бөлігі болып табылады: қызметкерлерге дамуға мүмкіндік бері (тілдерді үйрену) олардың жұмыс берушіге деген адалдығын нығайтады, еңбек тәртібіне оң әсер етеді, компаниядағы моральдық климатты жақсартады;

Келесі қағидаларды түсіну компания маманына (менеджерге) немесе ұжымдық оқу орталығына қызметкерге қазақ тілін үйрету және дамыту үрдісі барысында күтілетін көптеген тұзақтарды айналып өтуге мүмкіндік береді.

- Біріншіден, қызметкер ынталандырылған кезде ғана оқи бастайды (білім алудың қажетті екендігін түсіну жеткіліксіз).

- Ересектерге білім беру үрдісін директорлық басқарудың тиімділігі аз.

- Екіншіден, ересектерді алған білімін пайдалану және тәжірибеде қолдану толғандырады. Білім берудің шынайы тәжірибемен анық байланысы білім алу тиімділігін анықтайды. Бірақ, алған білім компанияға қажет болмаған жағдайда, білім жоғалады және білім беру жүйесі өзінің беделін жоғалтады.

Орын алатын жағдайлардың басқа бір нұсқасы қызметкер өзінің білімі талап етілетін компанияға ауысып кетуі мүмкін.

Үшіншіден, сіз ұсынатын тіл үйрету курсының бағдарламасы білім алушыда бар білімді жүйелендіруге бағдарлануы керек [3].

Курсты ұйымдастыруға жауапты тұлғалар (тұлға) кәсіпорында мемлекеттік тілді үйрету үрдісінің жағдайын саралай алуы керек. Ал тілді үйрету үрдісін ары қарай жүйелендіру және оған сеніп тапсырылған материалдық құралдарды нәтижелі бөлу үшін жұмыста талап етілетін белгілі бір біліктіліктерді орындау керек:

- тікелей ұзақмерзімдік курстарға жіберілетін мақсатты топты (қызметкерлер санатын) анықтау;

- мониторинг жүргізу және жұмысшылардың мемлекеттік тілді меңгеру деңгейлерін анықтау;

- компанияның қаржылай мүмкіндіктерін білу;

- білім беру қызметі нарығының мониторингін жасау және сараптау;

- білім беру қызметін көрсетушіні таңдау қағидаларын анықтау;

- білім беру жоспарын, оқу бағдарламаларын жасау немесе үйрену және бекітуге жіберу.

Олар тілді ұжымдық меңгеруге арнайы жасалынған болуы керек. Классика тілді күніне 6-7 сағат қана үйрететін мектептер мен жоғары оқу орындары үшін ғана жақсы.

- білім беру жоспарының, оқу бағдарламаларының орындалуымен қамтамасыз ету;

- қаржының сақталуымен қамтамасыз ету;

- білім беру тиімділігін бағалауды жүзеге асыру;

- жаңа мақсаттарды және жұмысшылардың мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін анықтау.

Тіл курстары провайдерлерімен көп жылдық серіктестікке қарамастан, тілді үйретудің жаңа бағдарламаларын іздестіру шеңберін үнемі кеңейтіп отыру керек. Олар туралы, өкінішке орай, ақпараттар өте көп емес. Осы немесе басқа да оқытушылармен, тіл жаттықтырушыларымен серіктестік тәжірибесіне ие басқа компаниялардағы әріптестерден кері байланыс алу жақсы көмектеседі.

Мүмкін болған жағдайда клиентке деген кешенділігіне қызығушылық таныту, мемлекеттік тілді үйрету нәтижелерінің есебін, оқытушылардың (жаттықтырушылардың) сипаттамасын, олардың атақтары туралы сұрастыру. Кешенділік, тәжірибе, жаттықтырушылардың жеке қасиеттерінің білім беру тапсырмасына және компанияның ұжымдық мәдениетіне сәйкестігі ұйымдастырушыны бағдарлама мен әдістемелік қамтамасыз ету сипаттамасынан аз қызықтыруы керек [4].

Оқытуды ұйымдастыратын менеджерлер көрсетілетін қызмет туралы өте кең ақпарат аларда ескеретін нәрсе:

- Оқу бағдарламалары сіздің компанияңыздың ерекшеліктеріне сай бола ма?
- Клиенттердің пікірі;
- Сайттардағы пікірлер;
- Жаттықтырушылардың өздерінің өз курстары туралы жеке пікірлері;

Көп жылдық тәжірибені ескере отырып, мамандарға оқытушыларды таңдау барысында келесі қағидаларды ескеруді ұсынамын:

- Оқытушының жеке қасиеттері (ол қаншалықты сенімділік тудырады, компанияның ұжымдық мәдениетіне сәйкес келе ме және т.б.);
- Коммуникативтік қасиеттер (ұйымдастыру мәнері, сөйлеу эмоциялылығы, тыңдай алу қабілеті және т.б.)
- Біліктілік (негізгі білім, қосымша білім, курстар, тренингтер, тағылымдамалар және т.б.).
- Нәтижелі жұмыс тәжірибесі (клиенттер тізімі, бұрынғы клиенттердің ұсыныстары мен пікірлері және т.б.)
- Ересектерді оқыту әдісімен таныстығы (андрогика, үздік әдістеме, оқытудың кешенділігі және т.б.)
- Оқытуды жүргізу әдістері;
- Клиентке бағдарлану және оқыту бағдарламасының терең бейімделу мүмкіндігі;
- Оқыту тиімділігін бағалайтын әдістемені біліуі және орындай алу мүмкіндігі;
- Көрсететін қызметінің бағасы;
- Мастер- класс өткізуге келісімі;
- Оқытушыны жіберіп отырған компания бренді.

Қызметкерлерді оқыту мамандарының компания қызметкерін мемлекеттік тілде еркін сөйлеуге қалай үйретуге болатындығына талас жүріп, даулы мәселеге айналғанына 20 жыл өтті.

Менің көзқарасым бойынша, мұндағы оғаштық қосымша білім беру мекемелерінің бағдарламаларында қазіргі таңдағы бизнестің сұраныстарына үнемі жауап бере бермейтін бұрынғы стандарттардың сақталуында, ал қызметкерді оқыту және дамытумен айналысатын мамандарда берілген сұрақты жүйелі қарастыру бойынша біліктілігін арттыру курстарынан өтуге мүмкіндіктің болмауында.

Бірақ соңғы нәтиже оқытуды ұйымдастырушы – адам ресурстарымен жұмыс жасайтын мамандарға, HR- жетекшілерге, оқытушыларға ғана байланысты емес, сонымен қатар қызметкерлердің өздеріне де байланысты.

Қызметкерлерді оқыту- мекеменің адам ресурстарын басқару мен дамытудың маңызды бөлігі. Ал оқытуға кеткен қаражаттың нәтижесін қалай бағалауға болады? Қаржылық көрсеткіштер негізінде оны өлшеу өте қиын. Алайда, өткізілген оқудың кәсіпорынның қызметіне тигізетін әсерін немесе оқытудың «құндылығын» көрсетуге болады. Мысалы:

Дәстүрлі бағалау нәтижесі, бағалауды жүргізу кезіндегі бірнеше деңгейдің болуын көздейді. Осы кестенің әртүрлі түрлендірілуі жалпы Уайтлоу (Whitelaw, 1972) және Киркпатрика (Kirkpatrick, 1967) жұмыстарымен негізделген, Бакли және Кейпл (Bucley and Caple, 1990) ұсынған модельмен көп ортақтығы бар.

Хамблин (Hamblin, 1974) кеңесі бойынша дедуктивті тәсіл нәтижелерінің анықтамаларын қолдануды ұсынды. Оның ұсынған әдісінде әрбір деңгейді бағалау нәтижесі гипотеза тұжырымдамасын көздейді немесе, басқа сөзбен айтқанда, мақсатты нақты анықтауды, салыстырғанда оқытып үйрететін іс- шараның нәтижелерін тексеруге мүмкіншілік береді. Мұндай иерархиялық модельдер мына кестеде көрсетілген.

Бағалаудың иерархиялық моделі:

Бағалау деңгейлері (Rein and Barrington, 1997)		Дедуктивтік тәсіл (Hamblin, 1974)
1 деңгей	Әсер етуі	Әсер ету мақсаты... Әсер етуді бағалау
2 деңгей	Оқыту	Оқытудың мақсаты Оқытуды бағалау
3 деңгей	Жұмыстағы мінез – құлық	Жұмыстағы мінез – құлық мақсаты Жұмыстағы мінез – құлықты бағалау
4 деңгей	Бөлім үшін артықшылығы	Бөлім мақсаты Бөлімді бағалау
5 деңгей	Корпорациялық деңгейі	Корпорациялық мақсаттар Корпорациялық мақсаттарды бағалау

Осы көрсетілген модель оқытуды бағалауда сәтті қолданылса да, басқа салаларды бағалауда қолдануға болмайды. Мысалға, жоспарланған оқытудың нәтижесін білім, машық, сенім мен құндылықтар, немесе басқа да мінедемелердің көзқарасы бойынша әр түрліше бағалауға, қарастыруға болады [5].

Егер Қазақстанда қызметкерлерді оқыту сапасының деңгейімен қанағаттану мен бір қызметкерді оқытуға кеткен шығынның қайтарымын, тренингтердің санының тиімділігін анықтау үшін зерттеу жұмыстары жүргізілетін болса «Оқытудың құндылығын (тиімділігін) бағалау», бәрінің көккейінде жүрген сұрақ екенін дәлелдеуге болар еді. Бұл мақалада қаржылық көрсеткіштер арқылы бағалау үшін қандай шарттардың мүмкіндігін пайдаланып, көп өлшемді кешенді тәсілдер арқылы оқытудың құндылығын бағалау ұсынылады

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Джой-Метьюз Д., Меггинсон Д., Сюрте М. Развитие человеческих ресурсов. - М.: Эксмо, 2006.
2. Воротынцева Т., Неделин Е. Строим систему обучения. - СПб.: Речь, 2008.
3. Стратегическое управление человеческими ресурсами. М.:ИНФРА-М, 2002.
4. Тренинг персонала. Учебное пособие. М.: КНОРУС, 2005.
5. Consultants scorecard,. Boston, Massachusetts, 2000.

Закирова А.Т., Жумадилова А.С.

Организация обучения государственному языку на предприятии

В данной статье речь пойдет о проблемах, возможных ошибках и системном подходе при организации корпоративного обучения государственному языку.

Ключевые слова: команда, сотрудник, организация, карьера, компания, работа, должность, ресурс, стратегия.

A.T. Zakirova, A.S. Zhumadilova

Organization of the state language learning at an enterprise

The article highlights the issues and problems as well as possible mistakes in a system approach of organizing the state language learning at an enterprise.

Key words: team, employee, organization, career, company, job, position, resource, strategy.

ӘОЖ 811.512.122'373.2

**Ә.КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «МӘРТӨБЕ» ТОПОНИМИНІҢ
ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ СИПАТЫ**

Оразбаева Э.Б.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ.

Мақала А.Кекілбаев шығармаларында қолданылатын топонимдердің, олардың ұлттық және мәдени ерекшеліктерінің және «Мәртөбе» топонимінің ұлттық және мәдени қасиеттерінің функциясын қарастырады.

Кілттік сөздер: топоним, мәтін, шығарма, геоморфологиялық құрылым, қазақ шаруашылығы, кеңістік, мекендік.

Көркем мәтінде қолданылатын топонимдердің негізгі қызметтері әдеби шығармада өрбітілген сюжеттердің, оқиғалар желісінің адрестік, яғни мекендік межелерін, тұстарын көрсету, сонымен бірге баяндалған тақырыпқа сәйкес тарихи-географиялық ортаны, көріністі суреттеу болып табылады. Кез келген көркем шығармада, әсіресе, көлемді көркем мәтінді туындыда негізгі тақырыпқа арқау болған үлкенді-кішілі оқиғалар шығарманың сюжеті мен фабуласы кейіпкерлер бейнесі мен географиялық кеңістік арқылы көрсетіледі. Басқаша айтқанда, көркем мәтіннің бейнелік-суреттемелік әлемінде әдетте немесе көп жағдайда антропонимиялық (кейіпкерлерге қатысты) және топонимиялық (географиялық фонға қатысты) әлемдері біртұтас эстетикалық қызмет атқаратынын байқауымызға болады. Көркем мәтінде көрсетілген сюжеттің және оқиғалардың “қозғаушы күші” адамдар болса, сол сюжетпен баяндалған оқиғалар белгілі бір географиялық кеңістікте, ортада болатыны белгілі.

“Көркем мәтінде қолданылатын топонимдердің негізгі қызметтерінің бірі – көркем мәтінде, шығармада ұлттық колорит жасау болып табылады. Қазақ топонимдерінің, әдетте, семантикасы айқын, жеңіл танылады және ұлттық-мәдени ерекшелікке ие. Осындай өзіндік ерекшелігі бар қазақ топонимдерін ұлттық таңбаланған сөздерге жатқызуға болады, мұндай сөздер көркем мәтінде шығарманы ұлттық-тарихи стильдеу (үлгілеу) мақсатында өзге де міндеттермен қатар қолданылады” [1, 19 б.].

Ә.Кекілбаевтың “Елең-алаң”, “Үркер” романдарының көркем мәтінінде қолданған топонимдерінің көбі көркем мәтіннен тыс жағдайда ұлттық-мәдени семантикаға ие. Ұлттық-мәдени не идиоэтникалық семантика жалқы географиялық атауларына тән, имплицитті немесе кодталған түрінде олардың лексикалық компоненттерінде кумулятивтік қасиетіне

сәйкес сақталады. Топонимдердің идиоэтникалық мағынасы (семантикасы) белгілі топонимист-ғалым А.Әбдірахманов көрсеткен негізгі ерекшеліктерімен анықталады:

1) геоморфологиялық құрылым және қазақ шаруашылығының (мал шаруашылығы) жергілікті белгілерін дәл беру;

2) өсімдік әлеміне байланысты қойылған топонимдер (малшыға жайлау таңдауға тиімді атаулар);

3) жануарлар әлеміне қатысты аталған топонимдер (малға зиянды немесе жыртқыш аңдарға қатысты ақпаратты атаулар);

4) басқа нысандармен, заттармен ұқсастыру не салыстыру белгілеріне қарай аталған топонимдер, географиялық объектілердің сыртқы белгілерін, қасиетін көрсететін топонимдер [2, 51 б.].

Географиялық атаулардың ұлттық-мәдени сипаты тек табиғат пен мал шаруашылығына тән ерекшеліктермен ғана аңғарылмайды – топонимдердің мәдени-тарихи мағынасының да мәні бар. Мұндай кейбір топонимдердің мәдени-тарихи семантикасы тілде де (көркем мәтіннен тыс), көркем мәтін құрылымында да белгілі бір тарихи-мәдени стереотип құрады немесе сол стереотипке негізделеді. Жалқы есімнің сондай ұлттық-мәдени, ұлттық-тарихи стереотипке негізделген тарихи-мәдени семантикасы (коннотациясы) тіл иелерінің аялық білімінде (фоновые знания) сақталады.

Орыс ғалымы О.И.Фонякованың пікірінше, жалқы есімнің мағыналық құрылымына грамматикалық (категориялық), лексикалық, “психикалық” семантика, сонымен бірге түрлі тілдік коннотациялар (стилистикалық, эмоционалдық, экспрессивтік т.б. реңктері) енеді. Жалқы есімдердің осы мағыналық өрісіне және де мәдени-тарихи семантика кіреді, оның әлеуметтік және энциклопедиялық сипаты болады – басқа сөзбен айтқанда, жалқы есімнің семантикасының бұл түрін, О.И.Фонякованың пікірінше, аялық білім (фоновые знания) деп те атауға болады [3, 23 б.].

Мәдени-тарихи семантикаға ие, қазақ тілі иелеріне (сөйлеушілерге) танымал, яғни аялық білімінде бар топонимдер қатарына “Үркер”, “Елең-алаң” романдарында қолданылған *Мәртөбе*, *Алатау*, *Қаратау*, *Сайрам*, *Түркістан*, *Сарыарқа*, *Ұлытау*, *Жиделі Байсын* т.б. географиялық есімдер жатады.

Аталған топонимдерге қатысты қазақ ұлты өкілдерінің аялық білімінде тарихи-мәдени ақпараттар (эртүрлі деңгейде) бар деп айтуымызға болады. Осы географиялық атаулардың мәдени-тарихи семантикасына байланысты ақпараттар мен мәліметтерді Ә.Кекілбаев “Үркер”, “Елең-алаң” романдарының көркем мәтіндерінде де берген.

Мәселен, қазақ хандықтарының тарихында бүкіл қазақ еліне қатысты үлкен тарихи-мемлекеттік маңызы бар шешімдерді қабылдау үшін үш жүздің өкілдік-билері, батырлары, хандары т.б. әдетте Сайрам маңындағы *Мәртөбеге*, *Түркістан* тұсындағы *Күлтөбеге* жиналатын. Демек, *Мәртөбе*, *Күлтөбе* топонимдерінің мәдени-тарихи семантикасы осы дәстүрмен байланысты деп айтуымызға болады және олардың аталған семантикасы әр қазақтың аялық білімінде өткен тарихи кезеңдерде бар болған деп топшылауымызға негіз бар.

Мәртөбенің ұлттық-мәдени сипатын, мәдени-тарихи семантикасын Ә.Кекілбаев “Үркер” романында толығымен, кең әрі көркем күйінде аша білген. “Бұрын үш жүздің дастарқаны бірге жайылып, қамшысы қатар жатар мұндай жиындар Сайрам шаһарының көк желкесіндегі Мәртөбеде өтуші еді,”- деп баяндай бастаған Ә.Кекілбаев Мәртөбе басындағы үш жүз жиналыс-мәслихаты жайында жалпы Мәртөбеге қатысты тарихи-мәдени ақпараттарды романның жеті бетіне тарқатып, кең көлемде суреттейді. *Мәртөбе* топониміне қатысты мәдени-тарихи ақпараттардың бір шетін көрсету үшін “Үркер” романынан мына бір үзіндіні келтірейік: “*Көк аспанға елу мың түтін сылаңдап жарыса көтерілген ызғындай шаһардың қыр арқасында шөккен нардай боп оқшау төбе тұрар-ды. Бұл құдірет осы жерге қолмен қондырғандай, терістікке сауырын, күнгейге маңдайын төсей жсығылған, ұзындығы бес жүз қадам, ені отыз-қырық қадам бар биік төбенің басына шығып қараған кісінің көз*

алдына қазақ өлкесінің біраз торабы түгел сайрап келе қалар-ды.

Күн шығыста қысы-жазы барыстың жонындай шұбарытып Алатау бұлдырар-ды.

Одан күнгейге қарай сәл еңкейе сол бір алыстағы ала шабыр ұзын шұбақ көштің алдына түсіп, көші-қон барлап келе жатқан көсем көшбасшыдай болып оқшау қарауытқан оңаша тау Қазықұрт тұрар-ды.

Теріскей батыстан көк пен жердің арасын тұтастыра мұнартып ұланғайыр Қарату жатар-ды.

Бір-біріне тұмсық тірестіре жалғасып жатқан осы бір үш биік бір-біріне сонадайдан омырауын ашып, құшағын жайып, ентелей ұмтылысқан бір белден жаратылып, бір көкіректі емген үш бауыр жігіт секілді еді.

Осынау іргесі ажырамас үш бауыр таудың ту сырттарында үш бауыр ел жатар-ды.

Мәртөбедегі жиынға Алатаудың қойнау-қойнауынан саулай төгіліп, топан судай қаптап ұлан-асыр Ұлы жүз тобы келер-ді.

Қаратауды теріскей айналып, сонау Торғай мен Ертіс арасындағы салқын белдер мен саумал көлдерді сайрандай көшкен жойқын орда-ормандай қалың Орта жүздің қара құрым тобы қаптағайлар-ды.

Қаратауды күнгей айналып, жылқысы Жайық пен Жемге, түйесі Жойқындария мен Сойқандарияға, ақтылы қойы Елек пен Ырғызға қаптай жайылып, далиып жатқан киіздей тұтас Кіші жүздің өңмеңдеген өжет қолы батуға бет алған қып-қызыл күн астынан құйындатып құйғытып құлар-ды.

Шартараптан қызылды-жасыл көш көрінер-ді. Көштің бәрі Мәртөбе маңының майсасын баспай, бастарын алыстан іркер-ді. Бір жағы сонау Қошқар Ата бойы, бір жағы мынау Сайрам су, алды анау Қазықұрт, жағалай жазыққа алқадай тізіліп ақ жұмыртқа ауылдар қонар-ды. Сайрам маңындағы үш өзеннің бойында бір-біріне жалғастыра тартылған айқұш-ұйқыш желіден көз тұнар-ды. Бүйірі бұлтиған сол төскейдің бауыр-баурайы қылаң шатырларға, қыраң-қыраңның басы күмбірлеген ақ ордаларға толар-ды. Қақ ортада тұяқ тигізбей балауса ұстаған Сайрам мен Мәртөбені үш жақтан кимелеп қоршай қонған үш ұлыс ауылдардың ажары бірінен-бірі асар-ды” [4, 54-55 б.].

Мәртөбе топониміне қатысты ұлттық-мәдени, мәдени-тарихи танымдық ақпараттар жоғарыда келтірген және романда орын алған басқа да суреттеулерден жинақталып, оқырманға толық мағлұмат береді. Басқа тілді бөгде мәдениет өкілі оқырманға Мәртөбе топонимінің ұлттық-мәдени, тарихи семантикасы беймәлім болғанның өзінде, романды оқып шыққанда (аудармасы бар болған жағдайда) оқырманда Мәртөбе жайында аялық білім пайда болады.

Мәртөбенің қазақ танымындағы орны жайында Ә.Кекілбаев таратып жазған. Сондай мәліметтердің қатарындағы біреуін ғана қарастырайық: “Мәртөбенің жиыны бүкіл бір халықтың ақыл түгендесіп қана қоймай, қару түгендесер, айбын сынасар айтулы оқиғасы тұғын. Қазақтың маңдайына біткен шешені мен батырының бәрі осында, палуаны мен жүйрігінің бәрі осында, ең азы, бәсекеге түсіп, қазан тауысып, саба сарқа алар тамақсауларына дейін түгел осында.

Қазақтың қазақ екенін білгің келсе, халық екенін білгің келсе мамыр өте Мәртөбеге кел дейтін сөз де содан қалған-ды ” [4, 58 б.].

Міне, көріп отырғанымыздай, топонимдердің ұлттық-мәдени, мәдени-тарихи сипаты тек тілде ғана емес, тілдік қолданыста, яғни көркем мәтінде де аңғарылады. Көркем мәтін “сыртындағы ” – халық тілінде – халық тағылымындағы этномәдени, этнотарихи мәліметтер мен ақпараттар жазушының қалауы мен құзыры арқылы мәтінге енгізіліп, топоним немесе жалқы есімнің басқа түрінің семантикасын бейнелеу арқылы көркем мәтінде көрсетіліп отырған заманның, дәуірдің, әлеуметтік ортаның ұлттық-мәдени, мәдени-тарихи ерекшеліктерін сипаттайды.

Көркем мәтінде кездесетін жер-су аттарының идиоэтникалық семантикасы, байқап

отырғанымыздай, бір ғана сөйлем арқылы түсіндіріліп, берілмейді – топонимнің ұлттық-мәдени ерекшеліктері олардың мәтіндегі әр қолданыстың аясында деректеніп аңғарылады. Кез келген топонимнің көркем мәтіндегі қолданысы бірнеше мақсат пен міндеттерге сәйкес іске асады.

Көркем мәтінде қолданылатын қазақ жалқы географиялық атаулары – топонимдер мынадай негізгі қызметтерді атқарады:

1) болып жатқан оқиғаны мекендік тұрғыдан айғақтайтын кеңістік бағдарлау қызметі (немесе мекендік көрсеткіш қызмет);

2) этномәдени лексикалық элементі қызметі (ұлттық таңбаға ие), бұл қызмет ұлттық колорит пен дүниенің этнотарихи, образды-тілдік бейнесін жасайды;

3) эстетикалық қызмет – шығарма тақырыбын, идеясын, автордың дүниетанымдық көзқарасын және жеке стильдік ерекшеліктерін ашуға ықпал ететін стилистикалық құрал қызметі [1, 20 б.].

Жоғарыда талданған этномәдени ерекшеліктері бар топонимдер негізінен ұлттық-тарихи колорит жасауға қолданылғанын көріп отырмыз.

Жоғарыда көрсетілген топонимдердің ұлттық-мәдени, мәдени-тарихи, тарихи-әлеуметтік сипаттары бар және осы сияқты басқа топонимдер көркем мәтін құрылымында көптеген кешенді қызметтер атқарады. Көркем проза прагматикасын зерттеген Г.Әзімжанова жалқы есімдердің көркем мәтінде атқаратын қызметтері жайында былай дейді: “Жалқы есімдер белсенді функционалды мәнділікті таратушылар ретінде көптеген кешенді қызметтерді атқарады. Бейнелі сипаттамалық, жалпылама символдық, фондық, символды-ассоциативті, суреттемелі-қолданбалы, кумулятивтік. Лингвистикалық ғылымда жалқы есімдер категориясы көркемдік тұтастықтың ажырамайтын маңызды компоненттерінің бірі болып табылады. Жалқы есімдердің мәтіннің әмбебап, лексикалық категориясы ретінде көркем бейненің және оның мезгіл мен кеңістіктегі әрекетін эстетикалық іске асыруда үлесі үлкен. Сөздік эстетикалық тұтастықта жалқы есімдер белсенді орын алады” [5, 170 б.].

Қазақстанның кең даласы мен таулы аймақтарын бейнелейтін топонимдердің, әрине, ұлттық-мәдени, мәдени-тарихи мәні көркем мәтінде үлкен рөл атқарады. Әсіресе, ел көшкен көріністерде, жалпы қазақ жайлаған кеңістікті суреттеуде ұлттық-мәдени сипаты бар қазақ топонимдерінің “Елең-алаң”, “Үркер” романдарында қызметі ерекше.

Аталмыш міндетті орындау үшін көркем мәтіндегі жалқы есім, әрине, идиоэтникалық семантикаға, ұлттық-мәдени ерекшеліктерге ие болуы керек. Көркем мәтінде қолданылған топонимдердің ұлттық-мәдени немесе тарихи-мәдени сипаты әдеби шығарма мәтінінде кейде түсіндіріліп көрсетіліп берілсе, көп жағдайда олардың идиоэтникалық семантикасы кодталған, астарлы күйінде қала береді. Сондай жалқы есімдердің ұлттық-мәдени мәнін, мағынасын кейбір оқырман сезсе, таныса, кейбіреулері жалқы есімнің ту сыртында жатқан көптеген мән-мағыналарын, мәдени өрісін білмейді. Жалқы есімдердің соның ішінде топонимдердің мәдени-ұлттық коннотацияларын білу немесе білмеу – оқырманның аялық білім деңгейіне байланысты болып келеді

Жалқы есімдердің этномәдени сипатын немесе идиоэтникалық семантикасын бейтілдік немесе экстралингвистикалық факторлар қалыптастырады. Мәселен, қоршаған ортаға көзқарас көп жағдайда көшпелі мал шаруашылық мұқтаждықтарына қатысты қалыптасты, сол себепті табиғат ерекшеліктері мен жағдайларының басты белгілері халықтық географиялық терминологияда және жер-су аттарында бейнеленген.

Идиоэтникалық, яғни ұлттық-мәдени семантиканы білдіретін жалқы есімдер көркем мәтіннің онамастикалық кеңістігін, ғаламның халықтық (этникалық) онамастикалық моделін, жазушының шығармашылық контекстінде дүниенің онамастикалық бейнесін құрайды.

Қазақ халқы өмірінің тарихи-мәдени болмысын бейнелейтін тілдік көркемдеу құралдарының бірі болып табылатын топонимдердің этномәдени, тарихи т.б. сипаттары көркем мәтінде елеулі рөл атқарады. Ұлттық-мәдени сипаты бар топонимдер арқылы

жазушы қазақ жері мен елінің тарихи-мәдени колоритін бейнелейді, халқымыздың басынан өткерген дәурен мен дәуірлердің шынайы көріністерін жасай біледі.

Көркем мәтінде қолданылатын қазақ жалқы географиялық атаулар – топонимдер мынадай негізгі қызметтерді атқарады:

- 1) мәтінде баяндалған оқиға-эпизодтардың кеңістік-мекендік (адрестік) межесін көрсетеді;
- 2) мәтіннің ұлттық-мәдени, тарихи, саяси-экономикалық т.б. көріністерін жасайды;
- 3) лингвостилистикалық құрал ретінде эстетикалық қызмет атқарады;
- 4) мәтіннің лингвокогнитивтік деңгейінде концептілік лингвотанымдық бірлік ретінде пайдаланылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Арысбаев А. Қазақ топонимдерінің кумулятивтік қызметі: филол. ғыл. канд. ... автореф.: 10.02.02 – Алматы, 2005. – 26 б.
2. Абдрахманов А. Вопросы топонимики Казахстана // Топонимика Востока. – М.: Наука, 1962. – С. 46-53.
3. Фонякова О.И. Имя собственное в художественном тексте. – Л., 1990. – 103 с.
4. Кекілбаев Ә. Үркер: Роман – Алматы: Жазушы, 1981. – 584 б.
5. Әзімжанова Г. Көркем проза прагматикасы. – Алматы, 2005.

Оразбаева Э.Б.

Национально-культурное свойства топонима «Мартобе» в сочинениях А. Кекілбаева

В статье рассматривается функция топонимов, используемых в сочинениях А. Кекілбаева, их национально-культурные особенности и национально-культурное свойства топонима «Мартобе».

Ключевые слова: *топоним, текст, состав, геоморфологическая структура, экономика Казахстана, пространство, местность.*

E.B. Orazbayeva

National-cultural properties of the toponym "Martobe" in the works of A. Kekilbaev

The article deals with the function of toponyms used in the works of A. Kekilbaev, their national and cultural characteristics and national and cultural properties of the toponym of "Martobe".

Key words: *toponym, text, composition, geomorphological structure, Kazakh economy, space, locality.*

ӘОЖ 130.123

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ТҰРАҚТЫ ЕЛДІҢ НЕГІЗІ

Рзабай А.И.

*I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті,
Талдықорған қ., toty_r@mail.ru*

Рухани жаңғыру бағыты- ұлттық рухта, отанышыл ұрпақ тәрбиелеуде сан ғасырлық мәдени мұраны сақтау арқылы ұлттық кодты қалыптастыру тетіктерін айқындау, жастардың бойында мемлекет және құқық тарихына сый-құрмет қарым-қатынасына тәрбиелеу, Қазақстанның құндылықтарының мәнін ашып қана қоймай оны өскелең ұрпақ сезініп, өмірлік тәлім-тәрбие алып бабалар алдындағы қарымызды өтеу.

Кілттік сөздер: *рухани жаңғыру, ұлттық құндылық, ұлттық рух, салт-дәстүр, жаңа қазақ феномені, жаһандық үрдіс.*

«Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдардың бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек» деген Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың сөзі – ұлы бастама.

Еліміздің ертеңіне көз тіккен Елбасымыз ұлттық құндылықтар арқылы өскелең ұрпақты тәрбиелеуге айрықша мән береді. Ал өскелең ұрпақты тәрбиелеу отбасынан, балабақшадан басталатыны мәлім. Жаңа заман баласы-бүгінгі қазақ қоғамының ұлттық қазынасы. Олай болса, қазіргі таңда қоғамның алдында тұрған кезек күттірмейтін міндет – ол қазақ тілінде ән айтып, тақпақ оқитын, би билейтін ұлттық нақышта жасалған ойыншықтарды шығаратын отандық өнімге қолдау көрсету деп есептеймін. Себебі, халықаралық стандарттарға сәйкес келмейтін, құрамында улы қоспалары бар қытайдың ойыншықпен ойнаған баланың бойында ұлттық рухты қалыптастыру, қазақ халқының мәдениетін, салт-дәстүрін құрметтеуге машықтыру мүмкін емес. Сондай-ақ, бүлдіршіндерге арналған ұлттық кейіпкерлері бар мультфильмдерді де қаржыландыруға мемлекет тарапынан қолдаудың керектігі күмән туғызбайды [1].

Бүгінгі күні ұлттық рухта тәрбиелейтін «Өлкетану» пәнінің факультатив ретінде мектептерде оқытылып, отаншыл ұрпақ тәрбиелеуде қадамдар жасалып жатыр. Сондай-ақ, қазақ билер сотының дамуы мен құрылу тарихын зерттеу, Алаш орда қозғалысының тарихи рөлін бағамдау, сан ғасырлық мәдени мұраны сақтау арқылы ұлттық кодты қалыптастыру тетіктерін айқындау, жастардың бойында мемлекет және құқық тарихына сый-құрмет қарым-қатынасын тәрбиелеуге ерекше мән берілуі тиіс. Яғни, бүгінгі таңда рухани жаңғыру ең өзекті міндеттердің алдыңғы қатарына шығып отыр.

Бүгінгі таңда Қазақстанның Үшінші жаңғыруын іске асыру аясында саяси реформа, экономикалық өсімнің жаңа моделін құру және рухани жаңғыру сияқты үш жаңғыру үдерісі жүзеге асырылатын болады. Аталған үдерістердің қатарында рухани саланы жаңғырту негізгі бағыт болып табылады. Саяси және экономикалық жаңғырудың жетістігі, бірінші кезекте, рухани қатынастар басымдық алатын қоғамдық сананың деңгейіне байланысты болмақ. Сондықтан, Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады.

Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін [2].

Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы. Елбасының «Білім – кітапта. Қазіргі таңда балалардың көбісі компьютерде отырады. Сондықтан, болашақта кітап оқығандар компьютерде отырғандарды басқарады» деген пікірі өте орынды. Болашағымыз-білімді ұрпақтың қолында, сондықтан балалардың кітап оқуына барынша ықпал етуіміз тиіс. Еліміздің кейбір мектептерінде күніне 15 минут ұжыммен классикалық әдебиет оқу дәстүрге айналууда. Осы тәжірибе барлық мектептерде қолданылуы тиіс деп есептеймін. Білімді ұрпақты оқытатын және тәрбиелейтін ұстаздар қауымына да ерекше талаптар қойылады.

«Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауында Елбасы «білім беру саласын экономиканың жеке саласы ретінде дамыту керек»

деген ойы жаңашылдығы мен өзектілігімен ерекшеленеді. Мұғалімдер беделін арттыру және олардың еңбекақысын ұлғайту ғана емес, оқытушы мамандығының абыройын көтеру, мұғалім біліктілігін арттыру-кезек күттірмейін мәселе. Еліміздің болашағы жастардың қолында болғандықтан Қазақстанда ғылымды жаңа деңгейге көтеру үшін жас ғалымдарды қолдау қажет.

Күшті әрі жауапты адамдардың Біртұтас ұлтын құру үшін Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы барша қоғамымызға зор сілкініс әкелетіні айқын. Елбасы ХХІ ғасырдағы жаңа ұлттың, жаңа қазақтың феноменін анықтап беріп отыр. Әрі осы жаңа дәуірдегі ұлттың рухани жаңғыру жолының бағдарларын ұсынған

Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Оның екі қыры бар. Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту. Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту.

Елбасымыз «Кеше болмағанның бүгін болуы мүмкін, бүгін болмағанның ертең болуы мүмкін, бірақ ана тіліне мән бермеушіліктің, оны құрметтемеудің орны толмас олқылықтарға соқтыратыны сөзсіз» деп, қазақ тілінің мәртебесіне, дамуына ерекше мән береді. Нұрсұлтан Әбішұлы Үкімет пен Парламент қазақша сөйлесін деген талабы халықтың арасында зор қолдауға ие болды. Қазіргі таңда көп талас тудырып жатқан латын қарпіне көшу мәселесінің де терең логикасы бар. Себебі, нөлінші сынып оқушыларын латын әліпбиінде оқыту 2020 жылы басталатындығын мақтанышпен айта аламыз. Латын қарпіне көшу ХХІ ғасырдағы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, ғылым және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты.

Туған жерге деген сүйіспеншілік Туған елге – Қазақстанға деген патриоттық сезімге ұласады. Жергілікті нысандар мен елді мекендерге бағытталған «Туған жер» бағдарламасынан бөлек, біз халықтың санасына одан да маңыздырақ – жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіруіміз керек. «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы – Тәуелсіздік жылдарында табысқа жеткен, еліміздің әр өңірінде тұратын түрлі жастағы, сан алуан этнос өкілдерінің тарихы».

Еліміздің ертеңіне көз тіккен Елбасымыз ұлттық құндылықтар арқылы өскелең ұрпақты тәрбиелеуге айрықша мән беріп, киелі мекендер мен басқа да жәдігерлер кешенін өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен орнықтыруды меңзейді.

Рухани жаңғыру бағыты Қазақстанның құндылықтарының мәнін ашып қана қоймай оны өскелең ұрпақ сезініп, көзімен көретін, өмірлік тәлім-тәрбие алып бабалар алдындағы қарымызды өтеуді, кешенді ізденістер мен мемлекеттік оң көзқарасты талап етеді.

Экономикалық, әлеуметтік және саяси жағынан дамуы үшін, мемлекеттік қауіпсіздік мүдделердің қамтамасыз етілуі мақсатында мемлекеттің функциялары әрқашан өзгеріп отырады. Әсіресе, Қазақстан Республикасында жаһандану жағдайында орын алып отырған демографиялық проблемаларды құқықтық тұрғыдан реттеп, шешуін айтуға болады.

Елдің халқы – елдің басты байлығы. Халқы саны көп мемлекеттер әрқашанда өз қауіпсіздіктерін сақтауға тырысады. Сондықтан, Елбасымыз Қазақстанның тәуелсіздік алғанынан бастап-ақ мемлекеттік қауіпсіздік мәселесін бірінші орынға қойды.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» даму стратегиясында баяндалды. «Біздің алға қарай тұрақты жылжуымыздың басты шарты – біздің қоғамымыздың алға қойылған мақсаттарға қол жеткізудегі біртұтастығы, халықтың барлық жіктері мен топтарының ортақ міндеттерді шешуге бағытталған стратегия айналасында топтасуы. Біздің басты оң игіліктеріміздің ішінде-халқымыздың, немесе былайша айтқанда, адам ресурстарының сапасы тұр».

Демографиялық мәселелерді шешу барысында Қазақстан Республикасы көптеген мемлекеттік шараларды жүзеге асырып жатыр. Сонда да бірқатар мәселелер әлі де болса өз шешімін таппай жатыр. Халықтың санының азаюы, табиғи өсім мен туылымның төмендеуі, өлім санының өсуі және т.б. демографиялық үрдістердің қалыптасуы байқалып отыр. Бұл

жағдай демографтардың, социологтардың, құқықтанушылардың Қазақстанның демографиялық ахуал кезеңіне көшкені туралы айтуына негіз болып отыр. Осындай жағдайда мемлекеттің демографиялық саясатының іргелі маңызын түсінбей, Қазақстан Республикасының қазіргі және келешекте ары қарай даму жетістіктерін болжау мүмкін емес. Халықтың саны жағынан өзгерістерді зерттеу, халық санының дамуын бақылап, басқаруға мүмкіншілік береді, сонымен қатар мемлекеттік демографиялық саясаттың теориялық және тәжірибелік маңызын арттыруға, оны белсендетуге ғылыми негізделген шаралардың кешенін ұсынуға мүмкіндік береді. Бүгінгі таңдағы демографиялық мәселелерді тек әлеуметтік және денсаулық сақтау проблемасы ретінде қарап қоймай, оны мемлекеттік, ұлттық қауіпсіздік мәселесі деңгейінде қарастырудың уақыты келгендей. Демографиялық жағдайды жақсарту үшін Еуропаның, көрші Ресейдің тәжірибесін зерттеу керектігі анық. Сондай-ақ, зейнетақыны тағайындауға қазіргі қолданылатын механизмдерге әйелдің өсіріп тәрбиелеген балаларының саны ықпал етуі тиіс деген пікірлер бар.

Жоғарыда аталғандарды ескере келе, демография саласындағы мемлекеттің функциясын зерттеу және оның тиімділігін бағалау үлкен ғылыми және тәжірибелік маңызға ие болғандығын аңғарамыз.

Жаһандану кезеңіндегі мемлекет функцияларының құқықтық негіздерінің мақсатқа жету үшін мынандай міндеттерді шешу көзделеді:

- жаһандану кезеңіндегі мемлекеттің мәні мен әлеуметтік тағайынын, оның функциялары туралы теориялық ізденістердің бүгінгі жетістіктері тұрғысынан қарастыруға және анықтауға талпыныс жасау;
- мемлекет функциясы теориясының өзекті мәселелерін зерттеу;
- мемлекет функциялары жүйесінен жаңа демографиялық функцияның бөліп шығарып, жеке-дара мәнге ие болғандығын, дербестік деңгейге көтеріліп, мемлекеттік қызметтің өзіндік арнайы бітім-болмысы бар ерекше салаға айналғандығын кезең-кезеңге бөліп, тұтас процесі ретінде қарастырып, ой елегінен өткізу;
- Қазақстан Республикасындағы демографиялық үрдістерді реттейтін заң актілеріне құқықтық талдау жүргізу;
- демографиялық мәселелерді реттеу саласындағы мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін талдау;
- демографиялық мәселелерді реттеу саласында халықаралық ұйымдардың қызметінің бағыттарын айқындау.

Заң ғылымындағы ең бір өзекті мәселенің бірі болып мемлекеттік биліктің мәселелері, тұтастай мемлекеттің өзі табылады. Мемлекеттің мәніне қатысты түрлі көзқарастар, доктриналар, теориялар мен тұжырымдымалар бар екені белгілі. Олардың барлығына ортақ пікір: мемлекеттік дербестікке, егемендікке, тәуелсіздікке ие саяси институт, саяси ұйым болып табылады. Мемлекет қоғамның жетілуінің нәтижесі болып табылады [3].

Билерден қалған тарихи-мәдени мұраны зерттеп, жас ұрпақтың санасына сіңіру-баршамыздың қасиетті борышымыз. Өздеріңіз білетіндей, ел болашағының баянды болуы біртұтас ұлт құруға тікелей байланысты. Бұл бағытта, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы халқымыздың ұлттық санасын дамытуға зор серпін беріп отыр. Алаштың ақиық ақыны Міржақып Дулатов: «Заң әдет-ғұрыпқа қайшы келсе, үлкен аяққа тар етік кигенмен бірдей» деген екен. Елбасы бұл қағиданы бір ауыз сөзбен тұжырымдап, жаңғырудың ең басты шарты ретінде ұлттық кодты сақтау қажеттігін халқымыздың жадына салып отыр. Біз отандастарымыздың құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін толық қорғай отырып, өз мәдени мұрамыздың шығу тегін ұмытпауымыз қажет.

Олардан біз негізгі құндылықтары адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болатын дамыған және мәңгілік ел құру үшін ізгілік қағидалары мен идеяларды іске асыру жолында тәлім аламыз.

Жалпы айтқанда, ұлттық дәстүрлерді, «Алаш» қозғалысының көшбасшылары мен билер сотын кеңінен насихаттау арқылы қоғамдық сананы жаңғырту маңызды.

Жаңа жаһандық үрдістер ешкімнен сұрамай, есік қақтастан бірден төрге озды. Сондықтан, заманға сәйкес жаңғыру міндеті барлық мемлекеттердің алдында тұр.

Сынаптай сырғыған уақыт ешкімді күтіп тұрмайды, жаңғыру да тарихтың өзі сияқты жалғаса беретін процесс. Қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінуі шарт.

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында жаңа тарихи кезеңге тән қатерлер мен тәуекелдерге жан-жақты баға бере отырып, рухани жаңғыру арқылы болашаққа деген өзінің терең көзқарасын білдірді.

«Уақытты таңдамайды - онда өмір сүреді. Тарих көші ұзақ... Қазақстанның көп ұлтты халқының жұлдызы жоғары болатынына, туған елімізде дәулетті де сәулетті өмір орнайтынына кәміл сенемін» деп Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай, біз де санасы өзгерген халқымыздың жарқын болашағына сенімдіміз!

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы. 12 сәуір 2017 жыл.

2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан - 2030: Барлық қазақстандықтардың өсіп - өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы: Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. - Алматы: Білім, 1998.

3. Сапарғалиев Ғ.С. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы: Оқулық. - Алматы: Жеті жарғы, 1997.

Рзабай А.И.

Основа устойчивого государства - Рухани жаңғыру

Направление духовного возрождения состоит в том, чтобы определить механизмы формирования национального кодекса путем сохранения национального культурного наследия в воспитании национального духа, патриотического поколения, просвещения молодежи в отношении государства и права, не только открыть ценности Казахстана, но и расти, уйти в отставку нашим предкам.

Ключевые слова: *духовное возрождение, национальные ценности, национальный дух, традиция, новое казахское явление, глобальный процесс.*

A.I. Rzabay

The basis of a stable state is - Рухани жаңғыру

The direction of spiritual revival is to determine the mechanisms for the formation of the national code by preserving the national cultural heritage in the education of the national spirit, the patriotic generation, enlightening the youth in relation to the state and law, not only to discover the values of Kazakhstan, but also to grow up, to retire to our ancestors.

Key words: *spiritual revival, national values, national spirit, tradition, new Kazakh phenomenon, global process.*

ӘОЖ 94(574)

КӨШПЕЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРУІ

Толамисов А.Г., Зейнелгабдылов О.Е.

*І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
ansarok@mail.ru; olzhas14121995@gmail.com*

Мақалада қазақ халқының көшпелі дәстүрі отаршыл империя және кеңестік социализм әсерінен қаншалықты өзгергені және русификация үрдісі қалай жүргеніне талдау жасалады. Мақаланың негізгі бөлігі шетел тарихшыларының көзқарасымен баяндалады. Сонымен қатар «рухани жаңғыру» идеясының алғышарттарына назар аударылып, Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласына талдау жүргізіледі. Мақаланың хронологиялық шеңбері Қазақстанның Ресей бодандығына кірумен басталып, егемендік алу оқиғасымен шектеледі.

Кілттік сөздер: «рухани жаңғыру», «бейімделген жаңғырту», «отаршылдық», «интернационализм», «социализм», «ұжымдастыру», «егемендік».

Әлем үлкен өзгерістердің табалдырығында тұрғаны белгілі. Болашаққа деген алаңдаушылық әлем басшыларының көбісін айналып өтпеді. Сан түрлі халықаралық мәселелер, оның ішінде тек қана экономикалық ғана емес, ең алдымен рухани мәселелер - бүгінгі күннің бірінші кезектегі тақырыбы болып отыр. Осы орайда басқаларды оза бірінші іске кіріскендердің бірі – біздің Президентіміз. Яғни, Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында ұлттық өзін-өзі анықтауға ерекше назар аудара отырып, бар теріс үрдістерді еңсеру бойынша қадамдық бағдарламаны ұсынады. Бұл үндеуді мемлекеттіліктің құрылуымен байланысты қазіргі заман тарихындағы ұлттық жаңғырудың үшінші кезеңі деп атауға болады.

Бірінші кезең жеке меншік институтын құру және жеке кәсіпкердің психологиясын қалыптастыру болып табылады. Біз өткеннің догмаларын еңсере алдық және жеке меншік институтын құрдық, жеке кәсіпкердің психологиясын қалыптастырдық, осылайша нарықтық қатынастардың негізін анықтадық. Бүгінде біздің экономикамыз толығымен осыған бағдарланған.

Жаңғырудың екінші кезеңі – саяси құрылымымызды өзгертуіміздің арқасында жүзеге асты. Оның бірден-бір дәлелі, біздің әсем қала – Астанамыз. Үлкен елдің орталығына жаңа қала салу арқылы біз бүкіл әлемге біздің мемлекеттілігіміздің байыпты және тұрақты екендігін дәлелдедік. Астананың салынуымен Қазақстан экономикасы жаңа кезеңге қадам басқан болатын. Бүгінде ұлттық жаңғырудың екі өткен кезеңі оның үшінші кезеңін - рухани жаңару және ұлттық өзін-өзі тану кезеңін қалыптастыру бағытында жұмыс істеуі керек. Әйтпесе, қоғам ретінде біз жаһандану қысымына төтеп бере алмаймыз.

Өзінің бағдарламасында Елбасы бізге бейнелі түрде тұқымды топаннан бөліп алуды үйренуге шақырады. Яғни әлемнің озық елдерінің экономиканы, техниканы, технологияны, басқаруды, сауда-саттықты дамыту саласындағы жинақтаған барлық білімдерін ең дамыған отыз елдің қатарына кіру үшін пайдалану. Бірақ, сонымен бірге, өзіміздің ұлттық ерекшелігімізді сақтауымыз қажет. Патриотизм туған жерінді білу мен оған деген сүйіспеншіліктен басталады. Сондықтан Елбасы мақаласындағы басты идея - Қазақстан халқы ұлттық дәстүр мен рухани құндылықтарға негізделген өзіндік рухани бағдарға ие болуы керек [1].

Қазақстан Республикасы — азаматтық қоғамға негізделген құқықтық, әлеуметтік, зайырлы, демократиялық мемлекет құруды мұрат тұтқан ел. Әрине, 70 жылдан астам үстемдік еткен ескі Кеңестік жүйенің орнына биліктің жаңа құрылымдарын Қазақстанда орнату жылдам әрі жеңіл жүзеге аса қойған жоқ. Бұл өте күрделі және ұзақ үдеріс екені

адамзат тарихынан белгілі. Елімізде 26 жыл бұрын басталған демократиялық қайта құрулар, саяси жаңарулар нәтижесіне ел болашағы тәуелді еді. Сөйтіп жоғарыда басталған саяси жаңару Қазақстанның жаңа сапада, яғни тәуелсіз, егеменді мемлекет ретінде дамуын анықтады. Басты мақсат жаңа саяси институттар, құрылымдарды ендіріп қана қою емес, оларды жаңа жағдайда жұмыс жасату болды. Жаңа мемлекеттің өмірге келуін жаңа жұлдыздың тууына ұқсатуға болады. Азаматтық жолдың жарқын да айқын болып қалыптасуы, әрине, белгілі бір уақытты қажет ететіні заңдылық. 26 жыл адамзат өркениетінің тарихы үшін қас қағым сәт. Бірақ біздің тәуелсіздікке жетуіміз бұл тек жаңа мемлекеттің пайда болуы ғана емес, одан да үлкен оқиғаның куәгері. Яғни, қазақ ұлтының қайта дүниеге келуі десек те болады. Ендеше Қазақстан тарихы да өзінің бай тарихи мұрасымен құнды. Қазақстандағы мемлекеттілік тарихының тамыры тереңде жатқаны белгілі. Еуразиядағы ерте мемлекеттердің тарихы көне түріктерден бастау алады. Әлемдік өркениет тарихында Алтын Орданың алатын орны ерекше. XV ғасырдың екінші жартысында тарихи аренаға Қазақ хандығы шықты. Ол біртіндеп ғасыр соңына қарай Орталық Азия аймағындағы қуатты мемлекеттің біріне айналғандығы өздеріңізге белгілі. Көшпелі Қазақ хандығы өзінің басқа көршілеріне қарағанда дәстүрлі институттары тән орталықтандырылған мемлекет ретінде қалыптасты. Сұлтандардың окшаулануына жол берілмей, дала конституциясы ретінде дәстүрлі әдеттегі құқық қолданылды. Кез келген мемлекеттік құрылым сияқты қазақтың дәстүрлі институттары да, тарихи кезеңдерде тар жол тайғақ кешуден өткені белгілі, бірақ олардың өз заманына бейімделген, икемді саяси жүйе болғанын мойындауымыз қажет. XVI ғасырда Қазақ хандығының шекарасы Алтайдан Еділге дейін, Оңтүстік Сібірден Ташкенге дейін созылып жатты. Осы кезеңде өзіне тән элементтері бар қазақ этносы қалыптасып біткен болатын. Мемлекеттік институттар біртіндеп әлсіреп, XVIII ғасырда Ресей империясының күшейуінің арқасында, оның қол астына өтті [2]. Қазақтардың Ресей патшалығының қол астына өтуімен дәстүрлі көшпелі қазақ қоғамы өзгеріске ұшырады.

Осы сәттен бастап қазақ халқының тарихында жаңа кезең басталған болатын. Өйткені қазіргі Қазақстан қоғамындағы болып жатқан саяси өзгерістердің түп тамыры осы тарихи кезеңнен бастау алады. Бұл тақырыбымызды баяндайтын отандық тарихшылардың еңбектері мол болғанымен, шетелдік авторлардың көзқарасымен жеткізуді жөн көрдік. Тәуелсіздік жылдарында қазіргі Қазақстан туралы батыста бай тарихи контексттегі бірқатар кітаптар жарық көрді. Ірі еңбектердің қатарында: «Қазақтар» - Марта Олкот, АҚШ (екінші және толықтырылған басылым, 1995 ж.); «Формирование казахской идентичности — от племени к государству» Ширин Акинер, Ұлыбритания (1995); «Современные казахи» Ингвар Сванбергтің редакциясымен, Швеция мен Ұлыбритания (1999); «Казахстан» Катрин Пужоль, Франция(2000); «Казахстан: отношения между центром и периферией» Салли Каммингс, Ұлыбритания(2000); «Казахстан: 1993—2000» Неміс экономист топтары (2001); «Строительство государства и нации в Казахстане» (2002) Мари-Карин фон Гумппенберг, Германия; «Смена элит и политическая динамика в Казахстане» Андреи Шмитц (2003) ГФР; және, тағы да Марта Олкоттың кітабы «Казахстан: непроеденный путь», АҚШ және Ресей (2002-03) [3].

Ш.Акинер «Формирование казахской идентичности» еңбегінде XIX ғасырдың аяғы - XX ғасырдың басындағы жаппай славяндық иммиграция алдында өлкедегі Ресей халқының саны және оның ықпалы да аз болды деп баяндайды. Соған қарамастан, XVIII ғасырдың ортасынан бастап Ресейдің Сібір жеріне орнығуы қазақ даласының солтүстік бөлігіндегі экономикалық, мәдени және саяси өмірге әсер ете бастады. Көшпеліліктің отырықшы өмір салтына өзгеруінің еріксіз процесі осылай басталған болатын. Оңтүстікте, Ресейдің ықпалы әлсіз болғандықтан, онда отарлау үдерісі кейінірек басталды және көшпелі өмір салтының ыдырауы көрші мұсылман қауымдарының ықпалымен жүрді. XIX ғасырдың басында Ресей Кіші және Орта жүз аумағында бірқатар түбегейлі саяси реформаларды жүзеге асыра алуға қауқарлы еді. Ол реформалар Ресейге аймақтың тікелей басқарылуын және отарлауды

күшейтуге мүмкіндік берді, бірақ сонымен қатар, тайпалық жүйенің географиялық, экономикалық және әлеуметтік іргетастарына елеулі әсер етті. Ресей реформаторларының жоспары бойынша дәстүрлі тайпалық топтармен сәйкес келетін аумақтық қағидаға сәйкес салынған әкімшілік бірліктерді енгізді, бірақ олар ұзақ уақыт бойы қалыптасқан көшпелі бағыттарды ескермеді. Сұлтандардың саяси күші толығымен жойылды; алайда Ресей әкімшілігімен ынтымақтасқандар жаңа әкімшілік аппараттарға қосылып, іс жүзінде Ресейдің мемлекеттік қызметкерлеріне айналды. Олардың ақсүйектік деңгейлері сақталып қалды, және әскери мен азаматтық шендері еңбек өтілі мен атақтарына қарай берілді. Ш.Акинер Ресей үкіметінің Қазақстанды империяның басқа территорияларымен толықтай біріктіруге тырысқан мақсатына қарамастан, 1867-1868 жылдардағы жаңа әкімшілік бөлініс өз алдарына қазақ жерінің бір әкімшілік бірлікке бірігуіне жол бермеу туралы тапсырмалар қойғанын айтады. Нақтырақ айтсақ Қазақстан әрқайсысы әртүрлі генерал-губернаторлықтың әкімшілік басқаруындағы үш аймаққа бөлінді: Орынбор (Орал және Торғай), Батыс Сібір (Ақмола және Семей), Түркістан (Сырдария және Жетісу облыстары). Мұндай бағыныштылық жүздердің дәстүрлі шекарасына мүлдем сәйкес келмеді, және ескі тайпалық байланыстарды бұзды. Жаңа әкімшілік шекаралар бұрынғы экономикалық байланыстарды ескермеді, рулар мен жүздердің арасына кедергі келтірді. Жаңадан пайда болған әкімшілік құрылымдардан тысқары орналасқан көшпелілердің дәстүрлі қозғалысына кедергі келтіретін жаңа бюрократияны тудырды. Автордың айтуынша, 1860 жылдардағы әкімшілік құрылымның Қазақстанның болашақ тағдыры үшін тағы бір қасіретті салдары болды: Солтүстік - неғұрлым индустрияландырылған аймақтың бір бөлігі болып қалыптасты; Оңтүстік аграрлы сипатта және Исламның күшті ықпалында қалды. Бүгінде, жүз жылдан астам уақыт өтсе де, бұл тарихи айырмашылық әлі де сезіледі. (Акинер, 1995, 23-24 бб.)

Осы орайда Пюжоль өткен тарихпен келіп жеткен қазақ халқының өзіндік ерекшелігі дуалистік сипатқа ие болған деп ой қорытады. Қазақстанды басқалардан ерекшелендіретін бұл екімәнділік – ол, әлі де болса шаманизм қалдығынан айырылмаған, отырықшылық процесін басынан өткізген, күштеп секуляризацияға ұшыраған, көпұлтты және көпконфессиялық дәстүрлі түркі-мұсылмандық негізбен Ресейден келген еуропалық модельдің біте қайнасуында. (Роуэл, 2000, 93 б.) [4].

Ресей империясының одан қалса Кеңес Одағының саясатынан кейін, оларға қатысты қазақтардың бойында күрделі сезімдер қалыптасты. Өткен дәуірдің көшпелілік дәстүрі жоғалуға айналып, уақыт өте келе қазақтардың өз жеріне деген қарым-қатынасы түбегейлі өзгерді. Тек ерекше жағдайларда ғана олар бұрынғы көшпелі дәстүр мен дәстүрлі тағамдарын еске алады, бірақ енді сол өткенге шындап оралу туралы ешкім тіс жармайды. Бірақ патшалық Ресеймен Кеңестік биліктің қазақтарға тигізген ең үлкен көңіл қаларлық істері – қазақтар өздерінің жаңа тәуелсіз мемлекеттерінде ұлттық азшылық топ (90-жж. ортасы) болып қалды, - деп М.Олкотт қазақтар туралы өзінің пікірін білдіреді [5].

Ресей өзінің саясатын әкімшілік-экономикалық әдістермен жүргізді. Бірақ мәдени сала да ұмытылмады. Ш.Акинер Ресей бірнеше арналар арқылы мәдени ықпал етуді жүзеге асырды, -деп есептейді. Оның біріншісі мемлекет қаржыландырған білім саласы болды. Бірінші орыс орта мектебі XVIII ғасырдың екінші жартысында Омбы, Орынбор, Петропавл және Жәмішев бекіністерінде ашылды. Олардың міндеті әскери және азаматтық әкімшіліктің қажеттіліктері мен мүдделерін қамтамасыз ету болды. 1789 жылдан бастап империяның жоғары оқу орындарында қазақтың ақсүйектерін оқыту практикасы ресейліктермен азияттықтарды жақындастыруды нығайту, Ресейге деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін нығайту, отаршыл басқару үшін кадрларды даярлау мақсатында жүргізілді. Осы саясаттың нәтижесінде ең алдымен солтүстіктегі қазақтар арасында білім беруді ынталандыру, орыс тілін, орыс мәдениетін және еуропалық білім беру жүйесінің бастамаларын енгізу қалыпты құбылысқа айналды. 1895 жылы 37 орыс-қазақ бастауыш мектептері болса, 1913 жылы олардың саны 157-ге жетті. Алайда бұл тек орыс халқының

шоғырланған аймағында ғана мүмкін болды.

Орыс мәдениетінің екінші ықпал ету арнасы - киім, тұрмыстық заттар мен жиһаздарды және европалық әдеттерді игеру болды. Қазақ аристократтары француз тілін үйренді, француз сәнін көрді, еуропалық стильде биледі және өздерінің мінез-құлқын орыстық қалыпқа ұқсатуға тырысты. Төменгі деңгейдегі шаруалар да материалдық мәдениеттің жаңа элементтерін - айналар, самоварлар, тігін машиналары, шамдар, кереуеттер, орындықтар мен үстелдерге бейімделе бастады.

Бұрынғы ауылдық ұсталар қоғамның бірте-бірте ұлғайып келе жатқан сұраныстарын қанағаттандыра алмады. Ресей нарығымен қоса көшпелілер үшін жұмыс істейтін кәсіби суретшілермен колөнершілердің табы қалыптасты. Көпұлттың басы қосылған жәрмеңкелерде айтыс немесе бәйге сияқты дәстүрлі ойын-сауықтар бұрынғыға қарағанда әлдеқайда азайды. Уақыт өте келе олар көзге елестетерлік халықтық мәдениет ұғымына айналды.

Ресейлік ықпалдың тағы бір көзі, сонымен қатар ең бастысы – ол, қалалардағы интеллектуалды өмір болды. Олар 1820 жылдардан бастап империяның түрлі бөліктерінен қазақ даласына революциялық рухты алып келген дәрігерлер, мұғалімдер, инженерлер, ғалымдар және саяси қуғын-сүргінге ұшырағандар (әсіресе, украиндар мен поляктар) еді. Бұл топтар өздерінің ғылыми қызығушылықтарына қарай қалаларда үйірмелер ұйымдастырды. Олар метрополияның ғылыми және мәдени өміріне қатысып, сайып келгенде, Қазақстанның қалаларында баспа қызметін дамытуға негіз қалап берді. Орыстық білім алған қазақ элитасы көшіп келген иммигранттармен жиі достыққа ұласатын тығыз қарым-қатынаста болды. Мұндай байланыстар жас қазақстандық интеллигенцияның көкжиектерін кеңейтіп, орыс мәдениетінің ең көрнекті идеялары мен ойшылдарына тікелей қосылуға мүмкіндік берді (мұнда Акинер М.Достоевскиймен Ш.Уалихановтың достығын меңзеп отыр). Қазақ мәдениетінің орыс мәдениетімен байланысының жағымды салдары болған төртінші сала, ол – көшпелілер мұрасын жазып, жіктеп, түсіндірген орыс фольклористері мен этнографтарының қызметі болды. Кенеттен жарыққа шығарылған Египет мумиялары сияқты, Ресей мемлекетімен байланысқан көшпелі өмір салты да сондай жылдамдықпен ыдырай бастады. Алайда Акинер басқасына қарағанда колониальді режимдегі діннің жағдайына баса назар аударады. Себебі бір қарағанда парадоксальді көрінгенімен, Ресейдің ықпалымен бірге қазақ даласында Исламның да рөлі өсе түскен. Патша өкіметі екі жүзжылдық бойы империя құрамында болған татар миссионерлерімен уағыздалған Ислам дінін қазақ жерінде нығайтуға тырысты. Мемлекет мешіттер салу және діни әдебиеттерді басып шығару үшін қаражат бөле бастады. Бірақ Исламның сүнниттік бағыты, Ханафи мектебінің өкілдерінен болған барлық молдалардың шыққан тегі оңтүстіктен, яғни Түркістан мен Ташкенттен еді. Ал татарлар болса XIX ғасырдың басында Солтүстік Қазақстандағы қазақтар мен орыстар арасындағы «шекаралық делдалдардың» рөлін атқарған болатын. XIX ғасырдың екінші жартысында ресейлік билік қазақтар арасында исламның нығаюына бейжай қарап отыра алмады және оларды христиан дініне айналдыру науқанын бастады. Бірақ бұл идеяның қазақтарға көп әсері бола қоймады. Ең алдымен, Ресей әкімшілігі молдалардың санын шектеуге тырысты. Мешіттер мен мұсылман мектептерін ашу биліктің ресми рұқсатымен ғана мүмкін болды. Вақфқа және одан да басқа діни салықтарға тыйым салынды. Бірақ, бұл шараларға қарамастан, мұсылман мектептерінің саны өсе берді: 1895 жылы Қазақстанда мектеп деген атаумен 31 бастауыш білім беру орны болса, 1913 жылы – олардың саны 267-ге жетті; барлық ірі қалаларда екінші деңгейлі мектептер - медреселер болды.

Бұдан басқа Орыс мәдениеті ықпалынан қазақ мәдениетіндегі өзгерістер туралы Т. Уиннердің «Қазақтың ауызша шығармашылығы мен әдебиеті» кітабында жазылған. Уиннер орыс ықпалы қазақ фольклорына екіұдай әсер етті деп есептейді. Бір жағынан ол Кеңестік тарихнамада қазақ ағартушылығы деп аталған, мәдениеттегі тұтас бір бағытты дүниеге әкелді. Екінші жағынан, алғашқы Ресейлік ықпалдың өзі қазаққа жат барлық

нәрселерді жоққа шығаратын «көтерілістер поэзиясы» бағытын тудырды. Революциядан кейін қазақ мәдениеті мен қазақтар тоталитарлық режимде дамығанымен, қазақ мәдениетінде ауызша шығармашылық дәстүрінің әсері сезіліп тұрды. Өз кезегінде бұл жағдай қазақ халқының өзіндік ерекшелігін сақтап қалу туралы айтуға мүмкіндік берді.

Олкотт өз тұрғысынан XX ғасырдың басындағы қазақстандық қоғамның саяси және әлеуметтік-мәдени өміріндегі бірқатар маңызды процестерді анықтайды. Ол біріншісіне қазақ даласындағы Ислам дінінің таралуын жатқызады. Исламның дәстүрлі түрде қазақтардың мәдени өмірінде (оңтүстіктен басқа) шағын орынға ие болғаны туралы пікірге қарамастан, Олкотттың пайымдауынша, исламның позициясын нығайтуға, біріншіден, Екатеринадан басталған Санкт-Петербургтың қазақтардың арасында Исламды жаю саясаты әсер етті. Екіншіден, XX ғасырдың басында империяның діни және жалпы қоғамдық өміріндегі шектеулердің алынуы Қазақстанға да әсер етті.

Қазақтардың арасында Исламның беделінің өсуімен қатар, зайырлы элитаның қалыптасу процесі де қатар жүрді. Бұған европалық ықпалдың көрінісі болған орыстық ықпалдың әсері болғаны сөзсіз. Осы үдерістердің тоғысуы Исламизмнің өсуі мен қоғамды жаңғырту үшін қазақ интеллигенциясының өсіп келе жатқан тілегі арасында қақтығыс тудырды. Мәдени мұраның бір бөлігі ретінде Исламмен даму немесе қазақтардың европалануы үшін одан бас тарту. Қазақ интеллигенциясы осындай үшіншісі жоқ екі таңдауда қалған болатын. Сондай-ақ Қазақстан Жадидизмнің мәдени алаңына да қатыстырылды, бірақ бұл мәселені толығымен тек революция ғана шешіп берді [4].

Осылайша қазақтың басына тағы бір нәубетті кезең Кеңестік билік орнады. 1920-1930 жылдардағы қасіретті белес меншік қатынастарын бұрын соңды болмаған мемлекеттік қатынастарға айналдыру жөніндегі кеңестік эксперименттің басталуы болатын. Сталиндік «аграрлық революция» (ұжымдастыру) мен бүкіл өнеркәсіптік инфрақұрылымды мемлекет меншігіне айналдыру (индустрияландыру) қоғамды ұзақ онжылдықтар бойына құрсауланған, оны саяси тоталитаризм мен иррационалдық экономикалық болмыстың озбыр өктемдігінде болуға душар еткен жүйені дүниеге әкелді.

Хрущевтың саяси және әлеуметтік-экономикалық «жылымығы» сталинизмнің «мұз құрсауын» аздап жібіткенімен, қоғам өмірінің қалыпты ережесін өзгерте алмады. Қоғамдық қағидат әкімшіл-әміршіл жүйенің бұрынғысынша тамыр соғысынан қуат алып өзін «сергек сезінді».

Алайда оның жалған экономикалық тонының өңі айналып, шын тұрпаты көріне бастады. Брежнев командасы «қоғамның күткеніне» етене деп кеңінен насихаттап үлгерген кезекті реформаторлық шара да, сол сылбыр ишарадан аспады.

КСРО сияқты көп ұлтты мемлекетте «бірыңғай және міндетті мемлекеттік тіл туралы, яки қатынасуға болатын, материалдық-мәдени құндылықтарды алмасуға көмектесетін делдал тіл туралы» мәселе объективті түрде туындады. Сонымен қатар өзінің қуатты мәдени әлеуеті арқасында әлемдік тіл мәртебесін жеңіп алған орыс тілі оны иемдену арқылы жалпы адамзаттық өркениетті құндылықтарға қол жеткізетін кілт берді, ал кері байланыс ретінде орыс емес халықтардың өзі жайында ғаламдық ауқымда көріну мүмкіндігін қамтамасыз етті. Кеңестік лингвистикалық ортада тілдер «тең құқыққа ие бола алатын, бірақ әрқашанда бірдей тең құндылығы болмайтын» өзіндік «еңбек бөлінісі» болды, өйткені олар тек «өздерінің өмірлік мүдделері шегінде» ғана пайдалану артықшылығымен шектелді [6]. Орталық Азия тілдері мәнінің тұрмыстық қатынас деңгейіне дейін төмендеуі орын алды, мұнда әлеуметтік-саяси, педагогикалық және ғылыми-техникалық сипаттағы сөздер мен сөз тіркестерінің 70-80%-ы орыс тілінен алынды [7].

КОКП-ның ұлттық саясаты оның өкіметті монополияландыруы кезеңінен бастап 80-жылдардың ортасына дейін қандай да болсын өзгерістерге онша ұшырай қоймады. Декларативтік жоспарда этносаралық қатынастардың тетігі постсталиндік кезеңде үш құрамдастық арқылы іске қосылды, олар: ұлттардың «өсіп-өркендеуі», «жақындасуы» және

«қосылуы». Жалпыұлттық айырмашылықтарды жермен-жексен ету болып табылатын соңғы айқын жорамал өзінің көрнеу утопиялық сипатына орай «тарихи келешекке» қалдырылды. Оның үстіне партияның бағдарламалық құжаттарында баянды етілген этностықтан айыру бағыты халықтың ерік-жігерінің болмыс-бітіміне қарамастан басшылықтың еркіне түгелдей бағындырылған, әбден басқарылатын үрдіс ретінде қаралды [8]. Бұған да мыналар әсер етті.

Біріншіден, кеңестік федерализм қағидаты елдің ұлттық-аумақтық құрылымын Одақтың тең құқықты субъектілері ретінде танығанымен, алайда нақты билікті бір коммунистік партияның қолына орталықтандыру әрбір этникалық топтың дамуын бақылауға да, тежеуге немесе ынталандыруға да мүмкіндік берді. Кремльде қандай мақсаттар мен міндеттердің қойылуына қарай, өзін әрқашан да этностық көпшілікке қауымдастырған өктемшіл бюрократия экономикалық қаржы бөлу, жаппай идеологиялық бақылау және шешімдер қабылдаудың қатаң сатыластық үлгісі сияқты тұтқаларды пайдаланып, ұлттардың өзін-өзі билеу құқығын болмашы өлшем шегінде ұстады. Федерализм ымыра, түпкі мақсатқа жету жолындағы уақытша кеңшілік – интернационалдық тұрғыда ойлайтын пролетариат мемлекетін құру ретінде әрекет етті.

Екіншіден, таптық көзқарастың ұлттық көзқарастан басым болуы 70-жылдардың басында адамдардың бірыңғай қауымы ретіндегі «кеңес халқы» тұжырымдамасын жасақтауға мүмкіндік берді, бұл тұжырымдама осы ұғымның азаматтық мәнінен гөрі дағдылы орыс сипатты белгілер басым болатын қоғамдық қатынастардың дамуының ұлттық формасын атап көрсетті. Кеңестік бірізділік немесе кеңесшілдік көптеген ұрпақтар бойына әзірленіп, пысықталды және ғаламшардың 1/6 бөлігінің түр-түсі мен үн-дыбысы бір-біріне ұқсамайтын алуан түрлі халқының мінезі мен табиғатына өзінің өшпес таңбасын салды.

Қазақ халқының қазіргі ұғым-түсініктегі ұлтқа, «этностық ұғымдағы әлеуметтік және әлеуметтік ұғымдағы этностық» диалектикалық бірлік ретінде топтасуы кеңестік қоғамдық жүйенің қалыптасуымен және кейіннен дамуымен қатарлас жүзеге асырылды. Этногенездің осы барынша буырқанған кезеңі уақыт өлшемі бойынша революциялық аласапыранмен және азаматтық тайталаспен, дәстүрлі көшпенділік құрылымының қирауымен, шаруашылықты сырттан күштеп таңылған қайта құрумен және ұлттық зиялы қауымының жойылуымен, сондай-ақ нысаналы мақсатпен жүргізілген көші-қон саясатымен тұспа-тұс келді. Қазақтың институттық негіздері – отбасынан мемлекеттік құрылысқа дейін – партияның халықтардың сіңісуіне бағдарланған стратегиялық нұсқауларына сәйкес үлгіге келтіріліп, нығайтылды. Осы мәжбүрлі өзгерістердің бәрі баяу және бірте-бірте жүретін эволюция негізінде емес, ұлттық сезімге жарақат салып енді. Табиғи жолмен дамуға тиіс сол бір этностық үрдістер тұмшалану режимінде, от басы-ошақ қасында, түкпірдегі ауылда біразға дейін халықтың этностық-әлеуметтік зердесін жеткізу тетігі ретінде рөл атқарған рулық-тайпалық және діни рухани көрінісінде сақталды [9]. Осыған байланысты Қазақстан XX ғасырдың соңғы ширегінде Кеңес Одағының басқа субъектілерімен салыстырғанда «көбірек орыстанған республика» ретінде сипатталды.

Кеңестік ұлттардың бағыныштылық сатысында қалыптасқан қосарлы стандарт, сондай-ақ индустрияландырудың, қалаға шоғырландырудың және жаңғыртуды жүргізудің енгізілген әдістері бір текті қоғамның құрылуына жеткізбеді. Құрастырылған жүйе түрлі қарама-қайшылықтағы үрдістердің, ықпалында болып шықты, дамудың өз бағыты бойынша бастапқы ой-ниетімен және территорияларымен онша келіспейтін сынай танытты. «Кеңес адамы» деген тайғанақ ұғым анықтама бойынша жекелеген адамның қоғамдағы рөлі мен орнын шектеді, бұл ұғым ендігі жерде мемлекеттік реттеуге оңай көне бермейтін жеке және ұжымдық өзін-өзі танытуының неғұрлым қолайлы тәсілдерін іздестіруге кірісті. Айқын көрініс тапқан формалары отандық қоғамтануда ұлтшылдықтан басқа ештеңе емес – сонымен қатар артықшылығымен және шектеулілігімен ерекшеленетін – «реакциялық» ағым деп түсіндіріле бастады. Оның бер жағында, халықтарды ұлтқа

табиғи бөлу көзқарасының танылған жүйесі, олардың өзін-өзі билеуге және мемлекет құруға құқықтары түріндегі ұлтшылдық КСРО аумағында нақ әлеуметтік-экономикалық прогрестің нәтижелері арқасында даму серпініне ие болды. Әуел бастан бөлініс болып табылатын федерализм мен күш-жігерін теңдестіруге жұмсаған партия монополиясы арасындағы ішкі қарама-қайшылық кеңестік құрылыс тәрбиелеп шығарған жергілікті элита арқылы өзінің ұлттық болмыс-бітімі үшін қажетті экономикалық және мәдени алғышарттар жасады. Нақ ұлттық зиялы қауым күшті этникалық сананы қалыптастыру жаршысына айналды, әйтсе де олардың көпшілігі халықтың қалаға шоғырланған топтарының өкілдері болып табылды және кеңестік жүйенің құндылықтарын бойына сіңірген-ді. Жаңғырту барысында қоғамдық күштер белең ала бастады. Бұл күштер мұраттық пайымдауларға қарама-қарсы нақты мүдделерді қорғады. 80-жылдардың ортасына қарай жағдайдың жалпы нашарлауы да көбінесе орталықтан таралатын үрдістердің орталыққа ұмтылатын үрдістерден басым болуына септігін тигізді.

Кремльдің М.Горбачев басқарған жаңа командасының бастамасымен жасалған кезекті реформаторлық жоба одан алдыңғы «Кеңестік тәжірибенің» іргетасына құрылды. Кеңес мемлекетінің соңғы әрекеті болып шыққан қасіреті саяси сөздікке «қайта құру» деген атаумен енді. Өзінің әлеуметтік-экономикалық болмысымен қатар бұл практика жариялылық ұраны, яғни «қоғамдық өмірдің барлық жақтарын демократияландыруға» бет алған саяси бағыт ретінде ұсынылды.

Қазақстанда қолдан қоздатылған сенімсіздік ахуалы өктемшіл өкілеттікті қайта бөлу проблемасын классикалық тұрпаттағы этностық жанжалға ауыстырды: отарлық провинция метрополияға қарсы көтерілді, сөйтіп бүлік қатаң басып-жанышталды. Алматыдағы 1986 жылғы желтоқсан оқиғалары сапалық жаңа сипатқа көтерілу болып табылады. Республика халқы екі таңдаудың алдында тұрды: не Қазақстандағы «кіші Қазанды» қайталауды таңдау, не ұлттық өзін-өзі билеу құқығын таңдау керек болды, ол республикада басқарушыны сырттан әкелушілік институтын тоқтату талабынан көрініс тапты.

Ресей империясының құрамына кірген сәттен бастап шығыстағы көршілерден гөрі метрополияға көбірек тартылған «шекаралық ұлтқа» айналған қазақтар үшін 86 жылғы оқиғалардан кейін «интернационалдық және патриоттық тәрбие» режимінің күшеюі бүкіл этностық организмді келеге келмейтіндей етіп бүлдіру қатерін ішіне бүгіп жатты. Алайда қазақ ұлтшылдығы деп басылған таңба күткендігінен гөрі кері нәтиже берді. Қазақтар өздерін КСРО деп аталатын ұлан-байтақ, демек, біртұтас аумақтың тұрғындары емес, қайта өз республикасының – олар өз есімін берген Қазақстанның боданы ретінде сезіне бастады. Этностық қоғамдастықтың және оның элитасының ішінде рулық-тайпалық теңдестік пен жергіліктілік мүдделердің орнына жоғалып бара жатқан тіл, дәстүрлер мен мәдени мұра қатері алдында жалпыұлттық ынтымаққа ден қойылды [10, 82-104 бб.].

Шын мәнінде, 80-жылдардың аяғында орын алған өкілетті, заң шығарушы және атқарушы органдарды қайта құру тек қоғамдық құрылысты ауыстыру емес, сонымен бірге КСРО-ның аса ірі державалық тұрпаттағы мемлекеттік құрылым ретінде өмір сүруі де аяқталды дегенді білдірді. Алайда ұлттық-мемлекеттік дербестіктің заң жүзінде баянды етілуі бір жерде тез, бір жерде баяу жүрді. Бұрынғы Одақта тұруға келіспейтіндігін бірінші болып Балтық республикалары жариялады, олар өздерінің негізгі заңдарына ұлттық заңдардың одақтық заңдардан жоғары тұратынын жариялаған өзгерістер мен толықтырулар енгізді. Ресей 1990 жылы шілдеде егемендік туралы декларация қабылдады, оның ізінше мұндай декларацияны Украина, Молдавия, Белоруссия қабылдады.

Қазақ КСР-інің Мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясын республиканың Жоғары Кеңесі қоғамның түрлі топтарының ұстанымдарын алдын ала ұзақ талқылаудан кейін 1990 жылы 25 қазанда қабылдады. Қазақстан бұрынғыша КСРО-ның субъектісі ретінде әрекет етті, алайда өзінің басқа республикалармен өзара қатынастарын принципті жаңа шарттық негізде құрды. Көп ұлтты республика үшін халықтың бұл қадамға тосыннан

емес, саналы түрде баруына біраз уақыт қажет болды. Ұлттық мемлекеттілікті қорғау мемлекеттің өзіне жүктелді. Төл мәдениетті, дәстүрлерді, тілді қайта өркендетіп, дамыту және қазақ ұлты мен Қазақстанда тұратын басқа да ұлттардың ұлттық қадір-қасиетін нығайту міндеті басым бағыт ретінде белгіленді. Ел аумағының бөлінбейтіндігі мен оған қол сұғылмайтындығы үзілді-кесілді баса айтылды. Құжат негізінен ұлттық өмірді қайта өркендету барысын барынша жеделдетуді қарастырды: «Республика қазақ халқының әлемдегі бірден-бір отаны болып табылады және оның тағдыр-талайы – болу – болмауы тек осы өңірде ғана шешіледі» деп атап көрсетілді.

Отарлық бұғаудан азаттық алудың классикалық қағидалары бойынша Қазақстан тәуелсіздік бағытымен жылжудың бастапқы нүктесі ретіндегі өзінің тарихи түп тамырына қайтып оралу алдында тұрды. Ұлт-азаттық күрестің осыған ұқсас жағдайларда орын алған сценарийлері әдетте қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылымын бастан-аяқ өзгертумен және келімсек халықтың жаппай қуылуымен аяқталатын. Басқарудың жаңа режимдері биліктің тірегі ретінде дәстүршілдік пен ұлттық оқшауланушылықты таңдаған Орталық Азия өңірінде мұндай сюжеттік желі ұлттық егемендіктің қатал өктемдік сипатын қалпына келтірді. Әлемдік қоғамдастыққа орнықты жағдайда кіру талабымен, қазіргі заманғы жедел дамуы нұсқасын таңдаған саяси бағдарлар үшін қарыштап қадам басу межелері, жергілікті ұлттық-мемлекеттік бірегейлікті әлемдік әлеуметтік-экономикалық дамудың үлгі-қалыптарына кіріктіру жолымен айқындалды. Республика екінші нұсқаны таңдап алды. Қазақстандық реформалардың мұндай жобасы «бейімделген жаңғырту» (Н.Ә.Назарбаев) деп аталды. Оның мәні теориялық жағынан дайын үлгілерді жалаң көшіріп алуда емес, керісінше, олардың «ең алдымен дәстүрлі институттарға, этникалық-мәдени ерекшеліктерге, аймақтың саяси тарихына, мемлекеттің геосаяси, геоэкономикалық, геомәдени құрылымдардағы нақты жағдайына» бейімделуінде болды [11]. Ал бұл нұсқа дәстүршілдік рухы мен жаңғырту арасындағы келісімді сақтап қана қоймай, сонымен бірге ұлттың қайта өркендеуіне серпін берді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Гарифолла Е. Самоидентификация нации // Нурсултан Назарбаев – Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру (статьи, интервью, выступления, экспертные комментарии и справочно-аналитические материалы) – Астана: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан, 2017. – 139 б.
2. Сейдін Н.Б. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігіне 20 жыл: тарихи көзқарас // Независимый Казахстан: настоящее и будущее: Сборник мат-лов науч.-практ. конф. (г. Алматы, 7 декабря 2011 г.) / Жауап. ред. С.Т. Сейдуманов, Б.К. Султанов. — Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2011. — 49 б.
3. Лаумулин М.Т. История Казахстана и Центральной Азии в мировой ориенталистике (к 550-летию Казахского ханства). Часть IV. Востоковедение и политология в контексте изучения Центральной Азии — Астана: КИСИ, 2016. — 216 б.
4. Лаумулин М.Т. История Казахстана и Центральной Азии в мировой ориенталистике (к 550-летию Казахского ханства). Часть III. Изучение истории и этнографии казахов в западном востоковедении — Астана: КИСИ, 2016. 185-203 бб.
5. Олкотт М.Б. Казахстан: непройденный путь / Моск. Центр Карнеги. - М.: Гендальф, 2003. – 88-90 бб.
6. Дешериев Ю. Закономерность развития и взаимодействия языков в советском обществе. М., 1966, 369-370 бб.
7. Карымшанов Т.К. К вопросу о развитии и сближении языковой жизни советских социалистических наций. В кн.: Нация и национальные отношения. Врунзе, 1966, 27-б.
8. Куличенко М.И. Национальные отношения в СССР и тенденции их развития, М., 1972, 28-б.
9. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. Алматы, 2003, 285-б.

10. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). 5-том.-Алматы: «Атамұра», 2010, 82-104 бб.

11. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. Алматы, 2003, 125-126 бб.

Толамисов А.Г., Зейнелгабдылов О.Е.

Радикальное изменение кочевого казахского общества

В статье анализируется, как кочевые традиции казахского народа меняются от влияния колониальной империи и советского социализма и как идет процесс русификация. Основная часть статьи изложено с точки зрения иностранных историков. Кроме того, внимание было обращено на предпосылку идеи «рухани жаңғыру» и сделан анализ статьи главы государства «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». Хронологическая структура статьи начинается с присоединения Казахстана к России и заканчивается феноменом суверенитета.

Ключевые слова: «духовное возрождение», «адаптивная модернизация», «колониальность», «интернационализм», «социализм», «коллективизация», «суверенитет».

A.G.Tolamisso, O.E. Zeynelgablylov

Radical change of nomadic kazakh society

The article analyzes how the nomadic traditions of the Kazakh people are changing from the influence of the colonial empire and Soviet socialism and how the Russification process is proceeding. The main part of the article is described from the point of view of foreign historians. In addition, government's attention was drawn to the premise of the idea of «spiritual revival» and was made an analysis of the article of the head of state «orientation to the future: spiritual revival». The chronological structure of the article begins with the accession of Kazakhstan with Russia and ends with the phenomenon of sovereignty.

Key words: «spiritual revival», «adaptive modernization», «colonialism», «internationalism», «socialism», «collectivization», «sovereignty».

ӘОЖ 811.512.122'367

**«НҰР» СӨЗІМЕН ЖАСАЛҒАН АНТРОПОНИМДЕРДІҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Чалтикенова Л.А., Жұмағали Қ.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

«Нұр» түбірінен жасалған есімдер сан жағынан жүзден асады. Ол есімдер морфологиялық құрылысы жағынан түбірден де, кірме жұрнақтардан да, туынды сөздерден де, біріккен тұлғалы, қайталанып келетін, сөз тіркесті болып келетіндігі анықталады.

Кілттік сөздер: антропонимика, этноантропонимика, этноним, ат қою, салт-дәстүр, рухани жаңғыру, есімдегі әріптер, түбір, сөзжасамдық тізбек.

Адамның есімі оның өміріне, тағдырына қалай әсер етеді, мұның маңыздылығы неде? Бұл - ХХ ғасырдың басынан бастап осы күнге дейін ғылым салаларында әлем ғалымдарының зерттеу жұмысын жүргізіп келе жатқан маңызды мәселелерінің бірі болып табылады. Осындай өзекті мәселелерді шешу жолының нәтижесінде, адамзат есімдерін, ныспыларын зерттейтін антропонимика ғылымы пайда болды.

Бала – адамның бауыр еті дейміз. Қандай ата-ана болмасын өзінің шаңырағында нәресте дүниесігін ашқанда оған ең жақсы деген есімді таңдап қоюға тырысады. Негізінен,

жаңа туған сәбиге есім таңдауға қазақтан дана, қазақтан асқан шебер халық жоқ. Алайда әрбір ата-ана баласына ат қоярда өзіне жүктелер жауапкершілікті жете сезініп, оған сақтықпен қарағаны, он ойланып, жүз толғанып барып қана жүрегі қалаған есімді сәбиіне қойғаны абзал. Өйткені, есімдердің адам өміріне, адам атына ықпалы өте ерекше дейді зерттеуші ғалымдар. Адам есімдерін зерттеуші ғалымдардың дәлелдеуінше, есім бала өміріне айтарлықтай әсер етеді, сәбилерді неғұрлым көркем есімдермен атаған сайын, баланың тұла бойы соған сәйкес көркемделе түседі.

Қазақтың салты бойынша, жас нәресте туған кезде ата-анасы ауылына ең сыйлы, қадірі бар, қатты құрмет тұтатын жақсы адамына өз сәбиінің есімін қойғызады. «Балаға қандай ат қойылса, оның болашақ тағдыры соған байланысты болады» деген наным-сенімнен болса керек.

Кісі есімдеріне қарап отырып-ақ, өзімізге дейін өмір сүрген ата-бабаларымыздың тарихы, мәдениеті, тұрмысы, әдеп-ғұрыптары мен салт-санасы, дүниеге, дінге көзқарасын, неге қол созып, неден үміт күткендіктерін білуге болады. Қазіргі кезеңде мағынасы мен мәні жоқ, шетелден кірме сөздер арқылы келген, дыбыстық тіркесі де түсініксіз, айтуға қиын, бізге лексикалық мағынасы мүлде жат есімдер етек алып барады. Қазақ есімдері құрылымы мен құрамы жағынан әр түрлі болып келеді. Есім жасағыш сөздер мен олардың қосымшалары да әр алуан.

Антропонимдер қойылуының өзіндік мән-мағынасы бар. Қай халық болмасын, ұлт ретінде өзінің жойылып кетпес қамын ойлайды. Сол бағытта өзінің артына қалар ұрпағының аман-сау болуын, ізін жалғастыруын ойлайды.

Атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ізгі дәстүр, тамаша салттарымыздың бірі – ат қою да, рухани жаңғырыуымызға байланысты, қоғамдағы болып жатқан әр түрлі жаңалықтарға, өзгерістерге қатысты, қазір заман талабына сай, есім талғау, таңдау реті өзгеріп отыратындығы тағы бар.

Бұрынырақта балаға қолбасшы, пайғамбар, батырлардың есімін берсе көтере алмай, ауырып қалады деп сенген. Сондықтан ондай есім бергеннің өзінде есейгенше еркелетіп, баласын азан шақырып қойған атынан басқа басқа лақап есіммен атаған. Оған қазақ ғұламалары Шоқан, Абай, Қаныш есімдерін жатқызсақ болады.

Тіпті осы ат қою дәстүрінен халықтың наным-түсінігін, салт-санасын, арман-мүддесін, эстетикалық талғамын анық байқауға болады.

Осымен байланысты жоғарыда атап көрсетілген антропонимия мәселесін тіл мен ұлт, тіл мен мәдениет сабақтастығында зерттейтін жаңа бағыт, жаңа сала – этноантропонимика. Оның алғашқы ғылыми негіздері профессор Ә.Қайдар, Е.Жұбанов, Қ.Өміралиев, Е.Жанпейісов сияқты ғалымдардың еңбектерінен басталады. Нақты айтқанда, этнонимдер (ру, тайпа аттары) мен антропонимдермен жасалған есімдерді ғылымда этноантропонимия (Т.Жанұзақов) деп атайды [1, 85 б.].

Бұл термин антропонимияның бір тармағы болып саналады. Тіліміздегі ру, тайпа, халық аттары мен кісі аттарының өзара байланысы, ауысу процесі тарихи - дәуірлермен ұштасып келе жатқан құбылыс.

Бақыт, Бахтияр, Нағима есімдерінің мағыналары ұқсас. Бахтияр есімінің екінші сыңары – «иар» деген парсы сөзі, мағынасы: «дос, жар». Демек, екі түбірден (бәхт + йар) құралған бұл есімнің беретін мағынасы: бақыт жар болсын, бақ жанында жүрсін деген ниетпен қойылады.

Көбіне қазақтар ырымдап ат қойған. Мысалы, ертеректе бала туысымен ең алғаш кездескен кісінің атын қою дәстүрі болған. Мұны жақсы ырымға балаған. Сәбиге көз тимесін, өмірі ұзақ болсын деген мақсатпен мағынасы ерсі немесе сиықсыз есімдерді қойған. Мысалы, Сасық, Қисық, Тезек, Сәбіз, Шоқпыт, және т.б. Атақты ақын-композитор Кенен Әзірбаев балалары шетінеп тұрақтамай жүргенде, сол мезетте үйінде болған төрт кемпір мен бір шалдың болуына байланысты, жаңа туған нәресте қызына азан шақырып «Төрт кемпір, бір шал»- деп ат қойған. Қазіргі кезде Төрткен аталып жүрген апамыздың бастапқы есімі осылай болған. Бірақ қазірде бұл ескірген ырымдар қатарында.

Қазір де көп адам баласына ғұлама болсын деп – Марғұлан, Қаныш, ақын болсын деп –

Абай, батыр болсын деп – Едіге, Жәнібек, Махамбет, ақылгөй ана болсын деп – Зере, Айғаным деп ырымдап ат қойып жатады. Кейінгі кезде елімізде Нұрсұлтан есімді балалар көбейе бастады. Оның себебі, еліне елеулі, халқына қалаулы, дарынды, талантты, сыйлы ел-жұртының мақтанышы болсын деген оймен ырымдап қойылып жатқан есім. Нұрсұлтан – қазақтың «нұр» (сәуле, шуақ) және арабтың «сүлте» (билеуші) деген сөздерінің бірігуінен құралған есім. «Құдайдың нұры түскен билеуші, құзырлы сұлтан» деген мағына береді.

Тіліміздегі негізгі сөздік қордағы сөздердің басым көпшілігінің ерекшелігі олардың бір буынды түбірден жаңа сөз тобын жасауға икемділігі. Түбір сөздің сөзжасам жүйесінде өзіндік қызметі бар, жаңа лексикалық мағына тудыруға арқау болады. Сөзжасамдық тізбектің түп негізі көп мағыналы болып келуі де тілде бар құбылыс. «Нұр» түп негізі арқылы жасалған антропонимдер:

Нұржауар, Нұрбол, Нұрсағи, Нұрсағила, Нұрберген, Нұртілеу, Нұржан, Нұрмекен, Нұрай, Нұртілек, Нұрасыл, Нұрғайша, Нұрым, Нұртуған, Нұржүрек, Нұрқамила, Нұрсерік, Нұрсапа, Нұрсұлтан, Нұржайна, Нұргүл, Нұрқан, Нұркен, Нұрмет, Нұрман, Нұрқала, Нұрсара, Нұржанар, Нұршакүл, Нұрайша, Нұрпатша, Нұрайгүл, Нұршекен, Нұрдан, Нұрғали, Нұрғалым,

Нұрдәулет, Нұрәли, Нұрлан, Нұри, Нұрбала, Нұрбану, Нұрмұқан, Нұрмекен, Нұрсая, Нұрия, Нұрқия, Нұрания, Нұрислам, Нұрбай, Нұрғазиз, Нұрболат, Нұрғани, Нұртас, Нұрахмет, Нұрхан, Нұрбибі, Нұрбике, Нұрзада, Нұрзия, Нұрикамал, Нұрлыбаян, Нұрлыбике, Нұрсұлу, Нұршат, Нұрдина, Нұрсерік, Нұрсейіт, Нұрдана, Нұрхия, Нұрсипат, Нұрбек, Нұрлыбек, Нұртай, Нұржамал, Нұржамия, Нұржанат, Нұрзат, Нұрсана, Нұрсәнім, Нұрсара, Нұрдос, Нұрия,, Нұралы, Нұрбай, Нұрғали, Нұрғаным, Нұрбай, Нұреке, Нұржан, Нұрила, Нұрке, Нұрқан, Нұрқара, Нұрқат, Нұрқожа, Нұрлан, Нұрлыбек, Нұрмағамбет, Нұрмұқамбет, Нұрпейіс, Нұртаза, Нұртай, Нұртас, Нұршайық. Нұркенже, Нұртөре, Нұржүз, Нұрбақыт.

1. а) Зат.е + зат.е: Нұр+жан, Нұр+ай, Нұр+кен, Нұр+тас, Нұр+тай, Нұр+дос, Нұр+хан, Нұр+бек, Нұр+зат, Нұр+ахмет, Нұр+серік, Нұр+болат, Нұр+сейіт, Нұр+бибі, Нұр+жанат, Нұр+сара, Нұр+сағила, Нұр+бала, Нұр+бану, Нұр+мұқан, Нұр+ислам, Нұр+патша, Нұр+сана, Нұр+қожа, Нұр+сая, Нұр+тілек, Нұр+дәулет, Нұр+гүл, Нұр+серік, Нұр+дана, Нұр+камила, Нұр+мекен, Нұр+ғайша, Нұр+жүрек, Нұр+сапа, Нұр+сұлтан, Нұр+патша, Нұр+ғали, Нұр+ғалым, Нұр+әли, Нұр+бала, Нұр+жәмила, Нұр+сейіт, Нұр+ғани. Нұр+төре, Нұр+бике, Нұр+дина, Нұр+бақыт, Нұр+дос, Нұр+сағи.

ә) Зат есім+сын есім; Нұр+асыл, Нұр+таза, Нұр+жайна, Нұр+сипат, Нұр+сұлу, Нұр+ғазиз, Нұр+сәнім, Нұр+қара,

б) Зат есім+етістік : Нұр+бол, Нұр+жауар, Нұр+берген, Нұр+туған, Нұр+жанар.

в) сын есім +зат есім: Нұрлы+бике, Нұрлы+баян, Нұрлы+бек,, Нұрша+күл, Нұр+шат.

г) Зат есім+сан есім Нұр+жүз.

Бір буынды түбірден тараған Нұри, Нұра, Нұр.

Екі буынды түбірден тараған Нұр+ия, Нұр+қия, Нұр+дан, Нұр+лан, Нұр+ила, Нұр+мет, Нұр+ман, Нұр+алы, Нұр+ке, Нұр+еке, Нұр+зия, Нұр+ым, Нұра+ния.

Бай, бек сөздері әрі тура мағынасында, яғни терминдік мәнде, әрі жалпы атау ретінде қолданыла береді. Мысалы, бек сөзі Бухарда «жалпы ел билеуші» деген мағынада хан сөзінің синонимі ретінде еркін жұмсалған. Сондай-ақ кейін XIX ғасырда, көбінесе орыс империясының монархы титулын білдіретін патша сөзін XVII ғасырдың әдеби үлгілері хан, төре, бек сөздерінің дублеті немесе синонимі ретінде пайдалана берген[2, 168 б.]. Адам есімдерінің жасалуы -бай және -бек формантымен аффикс ретінде жұмсалғанда, әр түрлі экспрессивтік реңк туғызып, стильдік көркемдегіш құрал рөлін атқарады.

«Нұр» түбірінен жасалған тілімізде қалыптасқан зат есім, зат есім; сын есім, зат есім; зат есім, етістік; зат есім, сан есім сөз табының әр түрлі деңгейде жасалымын, қатысын, сандық көрсеткішін анықтадық.

Нұр және ай, Нұр және зада, есімі де екі түбірден тұрады: екінші түбірі – парсы сөзі. Бұл есімнің Ай, нұр, күн сөзімен тіркескен есімдер: беретін мағынасы: айдан туған, нұрдан жаралған.

Бике – алғашқы мағынасында, яғни тума ат болып тұрғанда қыздарға, әсіресе ханшайым, бай қыздарға қосымша берілген ат, атақ іспетті Нұр+ бике ҚТТС-де бике сөзіне бикешті балама етіп көрсетіпті [2, 98]. Бикеш – бой жеткен қызға, жас әйелдерге сыпайыгершілік сыпайылық білдіріп айтылатын сөз.

Нұр+төре. Ханның тақты иеленбеген ұрпағы төре деп аталатыны сияқты байдың, бидің ұлдары мен қыздары да жай бай баласы, би баласы, байдың қызы деп аталмай, шора, бикеш деген сияқты арнаулы атпен аталғанын білдіреді.

Нұрғайша- Нұрайша. Ғайша сөзімен жасалған кірме есімдер тілімізде ұлтқа тән дыбыстық ерекшелігіне қарай қалыптасқан: Ғайша//Қайша//Айша Қайша - араб тілінде - Гайше, көне еврей тілінде Айше, ұзақ өмір сүруші, өмірге құштар деген ұғымды білдіреді.

Бір ғажабы, кейбір елдерде «тағдыр» деген сөз ат қою деген мағынаны білдіреді екен. Бұл сөздің жаны бар. Өйткені, ертеректе адамдар атын өзгертуді өз өмірін басқа арнаға бұру деп қабылдаған. Өмірінде күрт өзгеріс болған, мысалы, күйеуге шыққан қыздардың тегін өзгертуі де осындай түсініктен шыққан. Адам есімі тағдырына байланысты дегенді ескерсек, ежелде бала аурушаң, не үлкен қасіреттен аман қалса, тағдырын өзгеру мақсатында атын да өзгерткен. Алайда бұл ырымның қаншалықты өмірде іске асқандығы жайлы нақты деректер жоқ.

Сондай-ақ адам есіміндегі әрбір әріптің өзіндік құпия мән-мағынасы бар. Есімдегі әріптердің де өзінше мән-мағынасы бар екен. Мысалы: А-Ә – күш, билік, салтанат; Б – биік сезімге бейімділік, тұрақтылық; В – тұрақсыздық, жүйеліліктің жоқтығы; Г – құпиялылық, болмашыға мән берушілік, тиянақтылық; Д – көпшілдік, ақжарқындық, кінәмшілдік; Е – өмір сүруге бейімділік, сөзге құмарлық; Ж – өзіне деген сенімсіздік, маңыздылық, ішкі сырына беріктік; З – материалдық тұрғыдан қанағаттанбаушылық, жоғары сезімталдық; И – нәзік руханилық, әсерленгіш, бейбітшіл; К-Қ – төзімділік, күйгелектік; Л – артистік, ұсақшылдық, қисын, әр нәрсені ойлап табушылық; М – қамқоршылық, ұялшақтық, еңбексүйгіштік; Н – шығармашылық амбиция, денсаулыққа мән берушілік, алғыр ой; О – ерекше сезімталдық, құпия толғаныс; П – қарапайымдылық, жалғыздық, идеяның молдығы, сыртқы түріне мән беру; Р – өзіне деген сенімділік, үнемі шиыршық ату; С – билікке құмартушылық, кінәмшілдік; Т – идеал іздеушілік, сезімтал шығармашылық тұлға; У – жараланғыш, үркектік, ..., интуиция; Ф – жұмсақтық; Х – сексуальдық проблема, заңға бағынғыштық, сезімнің екіұдайлығы; Ш – қызғаншақтық, әзілқойлық; Ы – іспен көрінушілік; Я – өз орнын бағалай білушілік, зиялылық, шығармашылық бейімділік.

Сондай-ақ есімдері түрлі әріптен басталатын ерлі-зайыптылар, бір әріптен басталатын жұбайларға қарағанда бақытты өмір сүреді делінеді. Қандай есім қойылмасын, ата-анаң қалап қойған есімге лайық, солардың сенімін ақтайтын азаматтар мен азаматшалар болу – сіздің басты парызыңыз.

«Нұр» түбірінен жасалған есімдер сан жағынан жүзден асады. Ол есімдер морфологиялық құрылысы жағынан түбірден де, кірме жұрнақтардан да, туынды сөздерден де, біріккен тұлғалы, қайталанып келетін, сөз тіркесті болып келетіндігі анықталды. Лексикалық құрамы жағынан алғанда, олар ең алдымен қазақтың көне сөздері мен кірме атаулардан, жергілікті сөйлеу ерекшеліктерінен, тіпті жаргондық қолданыстардан да жасалған.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жанұзақов Т. Ономастикадағы жергілікті тіл ерекшеліктері // Қазақ диалектологиясы. – Алматы, 1965. – 1- шығ. -193-200б.
2. ҚТТС. Т-Ү. –Алматы: Ғылым, 1986, 9-том. – 500 б.

Чалтикенова Л., Жумағали К.

Особенности морфологической антропонимики слов образованных при помощи частички «нур».

Есть более ста имён преобразованные из корня "Нур". Установлена что эти имена по морфологическим конструкциям являются и корнями, и входными суффиксами, и производными

словами и соединенно-повторяющимися словосочетаниями

Ключевые слова: антропонимика, этноантропонимика, этноним, именование, обычаи, традиции, духовное возрождение, буквы в именах, корень, словообразовательный тип, обычаи, традиции

L.A. Chaltikenova., K.Zhumagali

Peculiarities of morphological antroponymics of words formed by "nur".

There are more than one hundred names converted from the root "nur". established that these names according to the morphological structures are the roots, and the suffix and derived words and connected- repititive phrases.

Key words: anthroponomy, ethnoantroponomy, ethnonym, naming, customs, traditions, spiritual revival, letters in names, root, word-formative type.

ЕСТЕСТВЕННО-ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ

ӘОЖ 631.81

**ПОЛИМЕРЛІК КОМПОЗИТТЕРДІҢ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ДАҚЫЛДАРЫ
ТҰҚЫМДАРЫН СЕБУАЛДЫ ӨНДЕУГЕ АРНАЛҒАН ҚҰРАМЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ**

**Акмуллаева А.С., Кабдрахманова А.К., Жунусова Б.,
Медетбекова Т., Муканова Ф.Т.**

*І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
Meirhan2009@mail.ru*

Жүргізілген тәжірибелік зерттеу нәтижесі бойынша тұқымды капсулалау - өскіннің өсу энергиясына, тұқымның шығуына және қант қызылшасы өскінінің өсіп-дамуына жағымды әсер ететіндігін көрсетті.

Зерттеу нәтижесінде қант қызылшасының өнімділігін арттыратын қант қызылшасы тұқымын егу алдында пайдаланылатын қолайлы полимерлі композиттер дайындалып, тұқымды өңдеу, егу мерзімі мен нормалық әдістері бойынша нақты ұсыныс беріледі.

Кілттік сөздер: сорт, қант қызылшасы, өңдеу технологиясы, фенологиялық бақылау.

Қазақстандағы ауыл шаруашылығының, соның ішінде Алматы облысының негізгі айналысатын дақылы қант қызылшасы, соя. Соңғы жылдары мемлекетіміздің барлық шаруашылықтары дақылдарының өнім беру деңгейі күрт төмендеп кетті. Сондықтан, бүгінгі таңдағы маңызды мәселелердің бірі – өңірімізде қант қызылшасын, соя дақылдарын көп мөлшерде өсіріп, мол өнім алу негізгі мақсат болып отыр. Қант қызылшасы, соя дақылдары тұқымын табиғи полимерлі композиттермен өңдеу технологиясы ауылшаруашылығы мамандары, өндіріс орындары үшін өте тиімді. Сондықтан, дүние жүзінде тұқымның өсу физиологиясын жан-жақты зерттеуге, тұқымды себер алдындағы өңдеудің қазіргі заманғы жаңа, тиімді технологиясына көп мән беруде. Қазіргі уақытта ауылшаруашылығы дақылдарының аурулары мен зиянкестерімен күресетін химиялық заттарын, өсу стимуляторларын қолдану тиімсіз жолға қойылған. Яғни, қант қызылшасы, соя дақылдарының өсіп-дамуын жасанды жолмен басқару мол өнім алатын тиімді әдіс болып табылады.

Қызылшаның сортына, өсіру жағдайына байланысты сахарозаның мөлшері 12-24% құрайды, ал орташа шамасы 20%-ға жуық болады [1].

Сахароза көптеген өсімдіктердің жапырақтарында, бұтақтарында, жемістерінде, түбірлерінде, түйнектерінде, сондай-ақ ара балының құрамында болады. Сондықтан бұдан ертеректе, тағамдық ретінде осы көздер арқылы толтырылып отырды.

Қазақстан үшін қант қызылшасы өндіріс деңгейінде қант алатын, жалғыз ғана экономикалық маңызды техникалық дақыл болып табылады. Сахароза, этанол сияқты әбден тазаланған, яғни таза препарат күйінде көп мөлшерде алуға болатын және тағам өндірісінде қолданылатын өнім болып саналады. Қант қызылшасының тамыржемісінде қант біркелкі таралмайды. Қанттың ең көп мөлшері оның ортаңғы бөлігінде жиналады.

Бір тонна соя бұршағын өңдегенде 113 кг май және 725 кг майсыздалған соя ұнын алуға болады. Соя майы жартылай кебетін май қатарына жатады, ол тағамдық және техникалық мақсаттарда кең пайдаланылады. Соя майының өзіндік иісі оның құрамындағы, өздігінен тотығуға қабілетті, линолен қышқылының қасиетіне байланысты.

Зерттеу жұмысы табиғи полимерін қант қызылшасы мен соя тұқымдарын капсулалауда қолданып, тұқымның капсулалану дәрежесін анықтауға негізделген. Қазіргі таңда Қазақстан бойынша барлық ауылшаруашылықтарында қант қызылшасының, сояның өнім беру деңгейінің төмендеуі өзекті мәселе болып отыр. Осыған орай, қант қызылшасы мен сояның тұқымдарын себу алды өңдеудегі капсулалану дәрежесін жүйелі түрде зерттеу қажеттілігі туындап отыр.

Зерттеу нысаны ретінде қант қызылшасының «Каз-Сиб-14» гибриді сортының, сояның тұқымдары алынды.

Алматы облысында өсірілетін қант қызылшасы және соя дақылдарын себуалды өңдеуге арналған полимерлік композиттердің оптималды құрамын анықтау мақсатында тұқымдарын капсулалау және зерттеу нысанындағы тұқымдардың капсулалану дәрежесін бағалау, полимерлік композиттердің оптималды концентрациясын іріктеу жұмыстарын жүргізу. Алынған көрсеткіштерге сараптама жасап, қорытындылау міндеттерін орындау.

Зерттеу жұмысының әдістері. Қант қызылшасы, соя тұқымдарын қаптауға арналған полимерлік композит компоненттерін және фунгицидтерді іріктеу.

Қант қызылшасы, соя дақылдары Қазақстан үшін аса маңызды техникалық шикізат, әрі өнеркәсіп өндірісінің бірден бір көзі болып табылады. Экономикалық тиімді болып табылатын қант қызылшасы, соя тұқымдарын капсулалау ауылшаруашылық дақылдарының зиянкестер тудыратын ауруға шалдығу динамикасын төмендетеді осыған орай, капсулалау технологиясын қолдану арқылы қант қызылшасы мен соя дақылдарының өнім беру динамикасы, қанттылығының артуы, капсулаланған тұқымды сақтау мерзімінің де артуы бүгінгі таңда маңыздылығы артуда.

Негізгі нәтижелері мен оларды қолдану аясын зерттеу нәтижесінде қант қызылшасы, соя дақылдарының өнімділігін арттыратын қант қызылшасы тұқымын егу алдында пайдаланылатын қолайлы полимерлі композиттер дайындалып, тұқымды өңдеудің тиімділігі бойынша нақты ұсыныс беріледі. Тұқымдарды егу алды өңдеу тәжірибе нысандарына сәйкес себу жұмысынан 2 апта бұрын жүргізіледі. Дәрілегіштердің қолданылу нормасы – бекітілген регламентке сәйкес жүргізіледі.

Инкрустацияланған тұқымдардың өсіп-дамуы МЖМС 12038-84, өсу энергиясы МЖМС 9576-84 сәйкес жүргізіледі. Ауылшаруашылық дақылдарының дамуын фенологиялық бақылау ауылшаруашылық дақылдарының түр ерекшелігіне байланысты жүргізіледі. Бастапқы фазасына 10-15%-дан көп емес өсімдіктердің даму фазасы жатады, ал толық фазаға - 75% өсімдіктен аз емес тобы жатады. Осы мақсатта 2 реттік қайталау арқылы барлық өсімдіктерді есептейді және осы жүргізілген есеп арқылы 1-ші фазаға жататын өсімдіктер анықталады. Зертханалық және жылыжай жағдайында ауылшаруашылық дақылдарының өсіп-даму кезіндегі ауру тудырушы қоздырғыштарының дамуы мен таралуын тежейтін дәрілегіш заттар мен фунгицидтер анықталынды [2].

Өсімдік ауруларын есепке алу үшін тұрақты (стационарлық) учаскелердегі бақылау және бағытты (маршрутты) байқау жүргізілді. Стационарлық учаскелер белгілі бір аймаққа тән аурулар тараған 2-3 танапта белгіленіп алынады. Бақылау бүкіл вегетация бойына әр 10 күн сайын жүргізіледі. Аурумен залалдану біркелкі болса бақылау өсімдіктері танаптың бір немесе екі диагонали бойынша, ал біркелкі болмаса өзара паралель бағытпен алынады, ал залалдану бір жерде шоғырланған болса оның аумағы өлшенеді. Егер белгілі бір территорияда бір аурудан жекелеген өсімдіктер өлсе, өзара қосылады.

Бағытты (маршрутты) байқаулар тұтас ауданда дақылдардың аурулармен залалдану туралы мәлімет береді. Олар жыл сайын 2-3 шаруашылық территориясында жүргізіледі. Бақылау аумағы зерттелетін дақылдың аумағының 10%-нан кем болмауы тиіс. Барлық мәліметтер арнайы журналдарға жазылады. Дақылдардың міндетті түрде алғашқы белгілерінің пайда болу күні белгіленеді. Ол аурудың шамамен максималды таралу мерзімін анықтау үшін қажет.

Бақылау танаптың диагонали, екі жарты диагонали немесе оның конфигурациясына сәйкес тұтас учаскеде бірқалыпты өсімдіктердің күйін бағалау үшін бақылау өсімдіктерін алып, мұқият өсіп тұрған жерінде зерттеуден басталады. Фитопатологиялық бақылау кезінде аурудың туу себебі, оның таралуы, дамуы және зияны анықталады. Аурудың таралуы алынған нысандағы сау және ауру өсімдіктерді (немесе олардың мүшелерін) есептеу төмендегі формула бойынша жүргізіледі:

$$P=(a*100)/N$$

мұндағы Р – ауру өсімдіктердің саны, %;
а – ауру өсімдіктердің саны, дана;
N – жалпы өсімдіктердің саны, дана

Аурудың дамуы, өсімдіктердің немесе олардың мүшелерінің аурумен залалдану дәрежесі зақымдалған өсімдік мүшесіндегі дақтардың, өңездердің, бөртпелердің санымен және залалдану аумағымен сипатталады. Залалдану дәрежесі арнайы шкаламен бағаланады да, балмен немесе пайызбен көрсетіледі. К.М.Степанов пен А.М.Чумаковтың (1972) ұсынысы бойынша әр балға толық сипаттама берілген 3-4 балдық шкала қолданылады. Мысалы,

- 0 балл – залалдану жоқ;
- 1 балл - өсімдік мүшесі бетінің 10% аумағы залалданған;
- 2 балл - өсімдік мүшесі бетінің 11-25% аумағы залалданған;
- 3 балл - өсімдік мүшесі бетінің 26-50% аумағы залалданған;
- 4 балл - өсімдік мүшесі бетінің 50%-дан астам аумағы залалданған.

Аурудың даму бір немесе бірнеше өсімдіктің белгілі бір аумақта орташа залалдану дәрежесін сипаттайды. Ол үшін өсімдіктің жеке мүшелерінің залалдану дәрежесінің біркелкі көрсеткіштерінің орташа арифметикалық көрсеткіші есептеледі:

$$R = \sum_{a,v} * 100 : (N * K) \text{ мұндағы, } R - \text{өсімдіктердің дамуы, \%};$$


$\sum_{a,v}$ – залалданған өсімдіктер санының (а) тиісті залалдану балына (в) көбейтіндісінің жиынтығы;

N – есептелген өсімдіктер (сау және ауру) саны; K - есептеу шкаласының ең жоғарғы балы.

Аурудың таралуы мен дамуының мәліметтерін пайдаланып ауру келтірген шығынды – аурудың зияндылық дәрежесі аңқталады. Аурудың зияндылығы өнім мөлшерінің азаюы немесе оның сапасының нашарлауымен сипатталады. Ол өсу жағдайларына, ауру қоздырғышының патогендік дәрежесіне, өсімдіктің басқа зиянды ағзалармен залалдануына байланысты болады [3].

Тәжірибе нәтижесі бойынша тәжірибеден полимермен капсулаланған қант қызылшасы және соя дақылдарының өнімділігі жоғары екендігі дәлелденді. Зерттеу нысанындағы қант қызылшасы мен соя дақылдарының вегетативті мүшелеріндегі аурудың дамуы, олардың мүшелерінің аурумен залалдану дәрежесі зақымдалған өсімдік мүшесіндегі дақтардың, өңездердің, бөртпелердің санымен және зақымдану аумағымен анықталынды. Яғни, капсулаланған қант қызылшасы дақылының өсімдік мүшесі бетінің 10% аумағы зақымдалған, бақылаудағы қант қызылшасы дақылының өсімдік мүшесі бетінің 26-50% аумағы зақымдалған, соя дақылының өсімдік мүшесі бетінің 11-25% аумағы зақымдалған, бақылаудағы соя дақылының өсімдік мүшесі бетінің 50%-дан астам аумағы зақымдалған [5].

Бақылау тобына жататын қант қызылшасы және соя тұқымдары капсулаланған жоқ, осыған орай тұқымнан *Alternaria tenuis* Nees (2016, 2017 жылғы зерттеу бойынша),



Acrocyndrium
Bonorden (2016
зерттеу
бойынша)
тұқымдасының



жылғы

саңырауқұлақтары конидий ұстағышы тік, кейде аша тәрізді тарамды, ұштары кейде үшкір, конидийлары конидий ұстағышта жалғыздан орналасады, цилиндр тәрізді, түссіз (1,2 сурет).

1 - сурет. Бақылау тобы бойынша қант қызылшасы тұқымының микологиясы (йод бояуы, 2016 ж.).

2 - сурет. Бақылау тобы бойынша соя тұқымының микологиясы (йод бояуы, 2016, 2017 ж.ж.)

Аурудың дамуы бір немесе бірнеше өсімдіктің белгілі бір аумақта орташа залалдану дәрежесі, яғни өсімдіктің жеке мүшелерінің залалдану дәрежесінің біркелкі көрсеткіштерінің орташа арифметикалық көрсеткіші бойынша капсулаланған қант қызылшасы дақылы 17%, бақылаудағы қант қызылшасы дақылы 30 %, ал капсулаланған соя дақылы көрсеткіші 22%, бақылаудағы соя дақылы 42%. Бақылаудағы және тәжірибе нысанындағы дақылдарда аурудың даму көрсеткіші бойынша ең жоғары көрсеткіш бақылаудағы соя дақылында және бақылаудағы қант қызылшасы дақылында [4].

Тәжірибе нәтижесі бойынша аурудың дамуының бақылауымен салыстырғанда төмен көрсеткіш көрсетуі бойынша ауылшаруашылық дақылдарын капсулалау технологиясы дақылдардың өнімділігіне, өсіп-дамуы үшін биологиялық тиімді болып отыр. Жүргізілген тәжірибелік зерттеу нәтижесі бойынша тұқымды капсулалау - тұқымның өсіп-дамуына тиімді екендігіне екінші жылдық көрсеткіштер дәлел.

Қолданылған фунгицидтер тұқымға кері әсерін тигізбейді, тұқымда кездесетін микроорганизмдерді жою қасиетіне ие [6].

Табиғи полимермен тұқымды капсулалау тұқым өңдеуде тиімді тәсіл, ол тұқымның ұзақ мерзімге сақталуына мүмкіншілік беріп, патогенді заттардың әсерінен қорғауы нәтижесінде өнімділікті жоғарылатады. Қант қызылшасы, соя тұқымдарын фунгицидті құрамды табиғи полимерлі композиттермен өңдеу технологиясы ауылшаруашылық мамандары, өндіріс орындары үшін тиімді. Себебі, тұқымды капсулалау технологиясы нәтижесінде төзімділігі жоғары және мол өнім беретін, суда жақсы еритін полимерлер мен фунгицидтерден тұратын табиғи полимерлі композиттен тұратын тұқымдар түрін қолдану экономикалық жағынан тиімді және де қазіргі таңда көп сұранысқа ие. Жүргізілген тәжірибелік зерттеу нәтижесі бойынша тұқымды капсулалау - өскіннің өсу энергиясына, тұқымның шығуына және қант қызылшасы өскінінің өсіп-дамуына жағымды әсер ететіндігін көрсетті [7,8].

Зерттеу нәтижесінде қант қызылшасының өнімділігін арттыратын қант қызылшасы тұқымын егу алдында пайдаланылатын қолайлы полимерлі композиттер дайындалып, тұқымды өңдеу, егу мерзімі мен нормалық әдістері бойынша нақты ұсыныс беріледі. Сонымен қатар тұқымды капсулалаудың жаңа технологиясын қазіргі таңда қант қызылшасымен айналысатын Қазақстан Республикасының Оңтүстік, Оңтүстік-Шығыс аймақтарындағы ауылшаруашылығына, Талдықорған қаласы «Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС Талдықорған филиалының қант қызылшасы бөліміне капсулалау технологиясын енгізу өзекті болып табылады [9].

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Домбровский С. и др. Поточные технологии подготовки семян //Совершенные агротехнологии. –2010, вып. март, апрель.
2. Дринча В.М., Цыдендоржиев Б., Кубеев Е.И. Основные принципы предпосевного химического протравливания и физического обеззараживания семян //Аграрный эксперт. – 2009. – март.
3. Дринча В.М., Цыдендоржиев Б., Кубеев Е.И. Предпосевная химическая обработка

семян – проблемы и перспективы //Аграрный эксперт. –2009, июль.

4. Каравянский Н.С., Попков В.В. Предпосевная подготовка семян кормовой свеклы //Сб. науч. тр. /ВНИИ кормов. – 1990. – Т. 44. – С. 74-79.

5. А.с. 843806 СССР, МПК5 А01С 1/06.Композиция для капсулирования оголенных семян хлопчатника /С.Ш. Рашидова и др. (СССР). – №2843502/30-15; заявлено 06.12.79. опубл. 07.07.81, Бюл. №25.

6. А.с. 1230482 СССР МКИ4 А01С 1/00. Способ подготовки семян хлопчатника к посеву /К. Насретдинов и др. (СССР). – №3588393/30-15; за-явлено 28.01.83. опубл. 15.05.86, Бюл. №18.

7. Дерябин В., Иргашев Э. Дращирование хлопковых семян. //Сельское хозяйство Узбекистана. – 1967. – №1. – С. 8-10.

8. Комплексная предпосевная обработка семян сельскохозяйственных культур протравителями, микроэлементами и пленкообразующими пре-паратами. Краткая инструкция /Всероссийское научное объединение «Рос-сельхозхимия»: М.: МСХ РСФСР. – 1984. – 8 с.

9. Өңдеу өндірістерінің технологиясы.Ә.Ізтаев, С.Жиенбаева, М.Байысбаева, 2012жыл

Акмуллаева А.С., Кабдрахманова А.К., Жунусова Б., Медетбекова Т., Муканова Ф.Т.

Полимерные композиты для обработки семян сельскохозяйственных культур

Предпосевная обработка семян оказывает существенное влияние на урожайность сельскохозяйственных культур и, соответственно, на объёмы производства продовольствия.

Ожидается создание эффективных полимерных композитов для капсулирования семян сахарной свеклы с оптимальным капсулирующим составом и внедрение разработанной технологии.

Ключевые слова: *сорт, сахарной свеклы, технологии обработки, фенологического контроля.*

A.S. Akmullaeva., A.K. Kabdrakhmanova., B. Zhunusova., T. Medetbekova., F.T. Mukanova

Polymeric compos for treatment of seed of agricultural cultures

Pre-sowing treatment of seeds has a significant impact on the yield of crops and, accordingly, on the volume of food production.

It is expected to create effective polymer composites for encapsulating sugar beet seeds with an optimal encapsulating composition and the introduction of the developed technology.

Key words: *varieties, sugar beet, processing technology, phenological control.*

ӘОЖ 612.14

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ОҚУ ЖҮКТЕМЕСІНІҢ ӘСЕРІН БАҒАЛАУ

Оспанова Д.Е.¹, Жанкулдукова А.Д.^{1,2}, Омарова Қ.Н.²

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті,¹ Б. Жолбарыс атындағы №18 орта мектеп-лицейі², Талдықорған қ., adzhankukdukova@mail.ru

Оқу үрдісі кезеңінде кешенді бағалау жүргізілді, тұлғалық, жыныстық ерекшеліктегі ролі, оқу үрдісінің нәтижелі болуына үлгерімдері, оқушы еңбегіне қауырттылықты тудыратын приоритеті бойынша ранжирлеу негізінде жүргізілген әсер етуші факторлар анықталды. Дарынды балалардың экстремалды жағдайдағы функционалдық қауырттылығының сандық бағалануы, болжамы бойынша математикалық моделі алынды.

Кілттік сөздер: *әдістеме, бағалау, бақылау, денсаулық, спортшылар, диагностика.*

Өзектілігі: Денсаулық жағдайын, экологиялық қоршаған ортасын елеп-ескермей оқытудың инновациялық формасын ауқымды түрде енгізудегі оқушылардың соматикалық денсаулығына әсер ету деңгейін анықтау қазіргі таңдағы өзекті мәселенің бірі. Инновациялық оқыту технологиясындағы педагогикалық үрдіс оқушыларға мектеп ортасының жағымсыз факторларының әсер етуінде жетекші роль атқарады (тым жоғары оқу жүктемесі, оқу бағдарламасының күрделенуі, сабақ кестесінің бұзылуы, мектеп жиһазының стандартқа сай келмеуі, жеткіліксіз жарықтандырылуы және т.б.). Мектепке қабылданғаннан кейінгі жаңа әлеуметтік жағдайға, жаңа тәртіпке бала ағзасының қалыптасып, бейімделуі мінез-құлқының, ағзасының физиологиялық жүйесі функционалдық деңгейінің және бейімделу үрдісінің қауырттылық дәрежесінің өзгерісіне әкеліп соқтырады. Оқу үрдісі психофизиологиялық көрсеткіштері бойынша жасөспірім ағзасының басқару механизмдерінің қауырттылығын тудырады.

Қазіргі күнге дейін денсаулық деген түсініктің біркелкі алынған дәлелді анықтамасы болмағандықтан, адамдардың денсаулығына дұрыс баға беру біршама қиындық туғызады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының жарғысы бойынша, денсаулық деп "аурушандық пен дене бітімінде кемшіліктердің бар не жоғы ғана емес, сонымен қатар, адамдардың толық физикалық, әлеуметтік және рухани қолайлы жағдайларын" түсінеміз. Бұл түсінікке денсаулықтың белгісі болуға келе бермейтін, өте кеңінен алынған бағалау көрсеткіштерінің тізімі де кіреді. Ондай көрсеткіштерге әлеуметтік қолайлы жағдайлардың ішінде, кірістің мөлшері, коммуналдық қолайлылық, жеке автокөліктердің болуы т.с.с жатады. Халықтың денсаулығы, олардың тұрмыс жағдайларының жақсы деңгейде болуына байланысты, бірақ жоғарыда айтылған факторлар ешуақытта денсаулықтың көрсеткіші бола алмайды [1].

Сонымен қатар, денсаулық дегеніміздің өзі тек қана биологиялық емес, әлеуметтік категория, сондықтан оны әлеуметтік қызметтің толық бағалы, дұрыс орындалу мүмкіндігі деп те түсінуіміз қажет. Бірақ, дені сау адамдардың да, науқас адамдардың да әлеуметтік қызмет қабілетінің мүмкіндігі өте кең ауқымда болатындықтан, денсаулық сақтау ұйымының "денсаулық" деген түсінікке берген анықтамасы оның дәрежелерін сандық жағынан анықтауға мүмкіндік бермейді [2].

Емтихан кезеңі талапкерлер үшін ағзаның функционалдық жағдайын өзгеріске ұшырататын айқын психоэмоционалдық, стресстік фактор болып табылады. Емтихан сипаты, зерттелінушінің жасы, оның психофизиологиялық ерекшелігі және тіркелу хронологиясы зерттелінетін параметрдің өзгеріс спектрін емтихандық стресске ағзаның бейімделу «бағасының» сәйкестігін алдын-ала анықтайды.

Қазіргі таңда Қазақстанның барлық қалаларында дарынды балаларға арналған арнайы мамандандырылған мектептер ашылды. Оған конкурстық іріктеуден өту арқылы орналасады. Оқу төменгі сыныптан басталады, оқушылар жалпы білім беретін мектептен қабылданады.

Осыған байланысты емтиханға дайындық кезеңіндегі функционалдық қауырттылық деңгейі, оқушының дайындық деңгейіндегі ролі, қай пәнге қуат көзі көбірек жұмсалады деген сұрақтар қызықтырады. Осы кезге дейін оқушының оқу кезіндегі функционалдық жағдайымен шектес, оның жеке типологиялық даму ерекшеліктері шешілмей келе жатыр. Оқушының денсаулық жағдайын бағалаудың, жүйелі түрде эмоционалдық стресстік жағдайдағы ағзаның функционалдық жүйесінің қауырттылық дәрежесінің сандық белгісі жеткіліксіз өңделген. Бұл өңдемелер донозологиялық жағдайдың туындағанын, эмоционалдық стресс нәтижесінде ағзаның қауырттылық деңгейіне алдын-ала диагностикалық талдау жасайды. Қол жетімді әдебиеттерде бұл мәселеге арналған жұмыстар кездескен жоқ.

Жұмыстың мақсаты: Оқушылардың оқу үрдісіндегі ағзаларының психофизиологиялық қауырттылығына болжам жасау және бағалау.

Жұмыстың міндеті:

1. Оқу түріне байланысты оқушылардың физикалық дамуын бағалау;
2. Оқу үрдісі динамикасында дарынды балалар ағзасының функционалдық қауырттылығына физиологиялық баға беру.

Зерттеу нысанасы: оқушы-балалар.

Зерттеу пәні: оқушылардың жүрек ырғағының математикалық сараптама көрсеткіші, оқу түріне байланысты оқушылардың физикалық даму көрсеткіштері.

Зерттеу базасы: I.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің жаратылыстану пәндер кафедрасы және негізгі топ – № 24 мектеп лицейі оқушылары (20 адам), бақылау тобы – Талдықорған қаласы Б. Жолбарыс атындағы №18 орта мектеп-лицейі оқушылары (20 адам).

Ғылыми жаңашылдығы. Оқу үрдісі кезеңінде кешенді бағалау жүргізілді, тұлғалық, жыныстық ерекшеліктегі ролі, оқу үрдісінің нәтижелі болуына үлгерімдері, оқушы еңбегіне қауырттылықты тудыратын приоритеті бойынша ранжирлеу негізінде жүргізілген әсер етуші факторлар анықталды. Дарынды балалардың экстремалды жағдайдағы функционалдық қауырттылығының сандық бағалануы, болжамы бойынша математикалық моделі алынды.

Теориялық және практикалық маңыздылығы. Алынған нәтиже негізінде оқу үрдісі кезінде бірге жүретін экстремалды жағдай тудыратын факторды анықтауға мүмкіншілік беретін бағалаудың әдістемелік қадамы және дарынды оқушылардың функционалдық қауырттылық деңгейінің болжамы ұсынылды. Алынған мәліметтер оқу үрдісіне қуат беруге, оқушылардың оқу үрдісіне кері әсерін тигізетін факторларды жоюға, еңбек қабілетін көтеруге мүмкіншілік береді. Алынған регрессиялық көрсеткішті қолдану дарынды оқушылардың және іріктелген «қауіпті» топтың донозологиялық диагностика әдісін ықшамдауға мүмкіншілік береді.

Зерттеу Талдықорған қаласы М. Арын атындағы дарынды балаларға арналған № 24 мектеп-лицейі базасында оқу үрдісі кезеңінде және тестті тапсырғаннан кейінгі кезеңде жүргізілді. Зерттеу нысанасы оқушы-балалар болды: негізгі топ – № 24 мектеп лицейі оқушылары (20 адам), бақылау тобы – Талдықорған қаласы Б. Жолбарыс атындағы №18 орта мектеп-лицейі оқушылары (20 адам). Оқушылар жылдық үлгерімдеріне байланысты үш топқа бөлінді: 1 – «қалыпты» оқығандар – (20 адам); 2 – «жақсы» оқығандар – (10 адам); 3 – «өте жақсыға» оқығандар (10 адам). Бітіруші түлектер сыныбындағы оқушылар санының аз болуына орай, әр зерттелінуші бірнеше рет зерттеуден өтті. Яғни, оқушылар аптаның әр түрлі күндерінде және әр түрлі кезеңдерінде екі рет зерттеуден өтті. Зерттеу жалпы 100 бақылау-адамынан тұрды [3].

Физиологиялық зерттеу төмендегі көрсеткіштері бойынша жүргізілді: баланың физикалық дамуының негізгі көрсеткіштерін анықтау (бой ұзындығы, массасы, көкірек клеткасының аумағы) және оның центильді бағасы жасалынды.

Өсіп келе жатқан ағзаның өсуі мен жетілуін сипаттайтын балалар мен жасөспірімдердің физикалық дамуы популяция денсаулығының жетекші өлшемі болып табылады.

Зерттеу нәтижесі бойынша, ер балалардың антропометриялық көрсеткіштерінде айқын байқалатын айырмашылық жоқ. Центильді бағалау көрсеткіші бойынша оқушыларда оқу түріне байланысты айқын айырмашылық байқалды: соның ішінде дәстүрлі оқу үрдісіндегі оқушыларда (бақылау тобы) айқын (кесте 1).

Кесте 1 – Оқушылардың центильды көрсеткіштерінің салыстырмалы динамикасы, № 24 мектеп-лицейі және мектеп – гимназия № 19

Мекеме	Центильдер			ФЖИ	Бейімделу потенциалы
	Бойы	Салмағы	Кеуде көлемі		
Ұлдар					

№ 24 мектеп лицейі	3.17 ± 0.31	4.30 ± 0.35	2.88 ± 0.18	0.6 ± 0.027	2.9 ± 0.055
№18 орта мектеп-лицейі	4.10 ± 0.24	4.30 ± 0.41	4.50 ± 0.28	0.7 ± 0.02	2.0 ± 0.05
Айырмасы	-0,93* -	0	-1,62*	-0,1*	0,9*
Қыздар					
№ 24 мектеп лицейі	2.63 ± 0.22	2.52 ± 0.23	1.02 ± 0.20	0.6 ± 0.012	2.9 ± 0.071
№18 орта мектеп-лицейі	4.37 ± 0.34	4.25 ± 0.63	4.50 ± 0.53	0.6 ± 0.014	2.0 ± 0.03
Айырмасы	-1,74*	-1,72*	-3,48*	0	+0,9*

Ескертпе: * - арасындағы айырмашылық ($P < 0.05$)

Бой-салмақ центилі бойынша бақылау тобы №4 коридорда орналасқан – «орта мөлшердегі» аймақ, білім берудің жаңа технологиясымен білім алатын оқушылардың негізгі тобы бой-салмақтық центиль бойынша №2, 3 және 4 коридорда, яғни ер балалар «ортадан төмен» аймағында және «орта мөлшердегі» аймақта, қыз балаларда «ортадан төмен» және «өте төмен мөлшердегі» аймақ шамасында (көкірек аумағының центилі үшін).

Зерттелінетін топ оқушыларының физикалық дамуының центильді бағалауы бойынша қыз балаларда айқын айырмашылық байқалды. Әйел ағзасы интенсивті білім беру технологиясына өзінің «физиологиялық наразылығын» физикалық даму көрсеткішінің төмендігі арқылы жауап қайтарады.

Физикалық жағдайының индексі бойынша негізгі топтағы ер балалар «орта» деңгейге сәйкес келді, бақылау тобында – «ортадан жоғары». Қыз балаларда айқын көрінетін айырмашылық байқалмады және физикалық жағдайының индексі «ортадан жоғары» деңгейде болды [4].

Оқу формасына байланысты бейімделу потенциалы деңгейінің динамикасы қарама-қарсы жағдайда болды. Мұнда негізгі топтағы бейімделу потенциал көрсеткіші бақылау тобына қарағанда төмен көрсеткішті көрсетті және де бұл айырмашылықтар жынысқа катысты емес.

Сонымен, «мектеп – лицейі № 24» білім беру үрдісі кезінде байқалған оқушылардың физикалық жағдай деңгейінің шамалы айырмашылығына қарамастан, бейімделу-қалыптасу механизмдерінің дәрежесі айқын байқалды.

Жүргізілген зерттеу бойынша, емтихан алдындағы кезеңнің психофизиологиялық динамикасы оң және теріс көрсеткіш көрсетті.

Оқу процессі үрдісінде емтиханға 10 күн қалған кезеңдегі жағдайды есептегенде, ер балалар сияқты қыз балаларда да реактивті қобалжу деңгейінің динамикасы айқын емес. Мұнда ер балаларға қарағанда қыз балалардың реактивті қобалжу деңгейі төмен болды.

Өзін сезінуі, белсенділік, көңіл-күй динамикалық көрсеткішінен де айқын айырмашылық байқалмады. Көңіл-күй деңгейіне сипаттама беретін көрсеткіш жоғары көрсеткішті көрсетті, өзін-өзі сезінуі мен белсенділігі ары қарай кему ретімен жүрді. Қыз балаларда емтиханға 10 күн уақыт қалғандағы кезеңді есептегенде, өзін сезінуі, белсенділік, көңіл-күй көрсеткіштерінің барлығы да жоғары.

«М. Арын атындағы дарынды балаларға арналған № 24 мектеп-лицейі» оқушыларының есту-моторлық реакция мен көру-моторлық реакция көрсеткіштері бойынша орталық жүйке жүйесінің функционалдық қауырттылық деңгейі қыз балаларда емтиханға дайындалу үрдісі кезінде айқын статикалық айырмашылығы байқалды [5].

Ер балаларда емтихан басталуына 3 күн уақыт қалғандағы кезеңде орталық жүйке жүйесінің жұмыс қабілетінің деңгейі жоғарылады, көрудің, сол сияқты естудің моторлық реакциясының уақыты $208,9 \pm 5,11$ және $196,6 \pm 4,16$ мсек (бастапқы мәнінде $228,0 \pm 5,29$ и $221,3 \pm 6,88$ мсек сәйкес, $P < 0.05$) құрады. Қыз балаларда орталық жүйке жүйесінің жұмыс қабілетінің деңгейі жоғарылауы БҰТ басталуына 10 күн уақыт қалғандағы кезеңде басталды, есту-моторлық реакция мен көру-моторлық реакция бастапқы деңгейінен $234,5 \pm 6,59$ және

219,3±6,3 мсек сәйкес, 189,0±9,7 және 179,0±9,7 мсек дейін, ($P<0.05$ сәйкес) әжептәуір төмендеді.

Емтиханға дайындалу кезіндегі эмоционалдық стрестің орталық жүйке жүйесінің жалпы жұмыс қабілетіне әсері ер балаларға қарағанда әсіресе қыз балаларда айқын ажыратылды. Мұндай ерекшелікті оң (жағымды) динамикалық жағдайға жатқызсақ, онда оқушыларда дайындық үрдісінде орталық жүйке жүйесінің аналитикалық қабілеттері төмендейді. Бұл жағдайға сандық тест нәтижелері дәлел болады. 10 күндік және 3 күндік кезеңдерде сандық тестті орындау уақыты ер және қыз балаларда да жоғарылағаны байқалды. Қыз балаларда 10 күндік кезеңде сандық тестті орындау барысында қате саны көбейген.

Түзету жүргізу сынамаcының нәтижесі көрсеткендей, қыз балалардың 10 күндік кезеңінде зерттеу бойынша қараған және көрсеткен белгілер саны аз болғандықтан зейін индексінің көрсеткіші төмен көрсеткішті көрсетті ($P<0.05$). Бұл кезеңде ер балаларда тек қаралған белгілері бойынша ғана көрсеткіштері төмен [6].

Осыған орай, ер балалардың орталық жүйке жүйесінің жұмыс қабілетінің көрсеткіштерінде айқын ажыратылатын өзгеріс байқалған жоқ, қыз балаларда жалпы орталық жүйке жүйесінің жұмыс қабілетіне жүктеме көлемінің өсуіне байланысты 10 күндік кезеңінде зейіндері мен аналитикалық функцияларының көрсеткіштері төмендеген.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев Н.А. Казахстан-2030. Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев. Послание Президента страны народу Казахстана.– Алматы, 2005. – С. 17.
2. Агаджанян Н.Л., Руженкова И.В. Старшинов Ю.П. и др. Особенности адаптации сердечно-сосудистой системы юношеского организма // Физиология человека. 2007. Т. 23. № 1. С. 93.
3. Александрова Л.А., Симзяева Е.Н., Шадрин С.И. и др. Влияние ранней дифференциации на адаптацию детей к обучению в школе// Научные труды I Съезда физиологов СНГ. Под. Ред. Р.И.Сепиашвили. - т.1. - М.: Медицина - Здоровье, 2005. - С. 152.
4. Анохин П.К., Судаков К.В. Эмоции и здоровье Будущее науки.-2003. N 6,- С. (90-211).
5. Антонова Л.Т., Сердюковская Г.Н. О проблеме оценки состояния здоровья детей и подростков в гигиенических исследованиях //Здоровье,-1998.-№6.-С. 22-28.
6. Афонская Т.А. Повышение стрессустойчивости детей при обучении по личностно-ориентированной методике обучения // Тезисы докладов IV Всероссийской научно-практической конференции "Образование и здоровье. -Калуга, 2008.-С.21-22.

Оспанова Д.Е.¹, Джанкулдукова А.Д.¹, Омарова Қ.Н.²

В период учебного процесса на основе проведенного ранжирования проведена комплексная оценка роль личностной, половой спецификации в результативности образовательного процесса влияющие на приоритет успеваемости учащихся и определены их факторы. Сделана количественная оценка функциональных безопасность одаренных детей в экстремальных условиях, по прогнозам получены математические модели.

Ключевые слова: методика, оценка, контроль, здоровье, спортсмены, диагностика.

D.E. Ospanov, A.D. Dzhankuldukova, K.N.Omarova

During the educational process on the basis of the ranking conducted a comprehensive assessment of the role of personal, sexual specifications in the effectiveness of the educational process affecting the priority of student achievement and identified their factors. The quantitative estimation of functional safety of gifted children in extreme conditions is made, according to

forecasts mathematical models are obtained.

Key words: *methodology, assessment, control, health, athletes, diagnostics.*

ӘОЖ 612.14

МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН СПОРТШЫЛАРДЫҢ ДАЙЫНДЫҒЫН ҚАДАҒАЛАУ

Джанкулдукова А.Д., Серікұлы Р.С.

*I.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
adzhanukdukova@mail.ru*

Спортшылардың мүмкіншіліктері мен нәтижелілігін жоғарылату үшін, олардың психофизиологиялық күйін бақылау және кәсіптік іріктеудің әдістерін өңдеп шығару үшін арналған.

Кілттік сөздер: *әдістеме, бағалау, бақылау, денсаулық, спортшылар, диагностика.*

Өзектілігі: Халықаралық аренадағы жоғары бәсекелестік, жаттығуда күш түсудің үнемі арта түсуі, жарыстағы белдесулердің динамикалығының арта түсуі спорттық жаттықтыру саласында жұмыс істейтін мамандардың алдына оның тәсілдері мен әдістерін одан әрі жетілдіру міндетін қойып отыр. Спортшыларды, оның ішінде жас дзюдошылардың дайындығын үлгілеу проблемасы дене қасиеттерін тәрбиелеудің, спорттық жаттықтырудың және бейімділік дене шынықтырудың теориясы мен әдістемесіндегі ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Бұл ретте ұлттық жеке жарысқа түсу жүйесіндегі (самбо күресі, каратэ, ауыр атлетика, кикбоксинг, грек-рим күресі және т.б.) бастапқы даярлықтың ғылыми негізделген әдістемесі жас спортшылардың тактикалық даярлығын және жарыстарда өнер көрсетуінің нәтижелілігінің аса маңызды шарты болып табылады [1]. Жас спортшыны жаңадан келушіден әлеуметтік маңызы бар жарыстарды жеңіп шығуға қабілетті спорт шеберіне дейін даярлау – көпжылдық, еңбектеніп тер төгуді қажет ететін үрдіс. Өсіп келе жатқан бәсекелестік ең аз материалдық шығындар мен мейлінше аз уақыт кезінде біліктілігі жоғары спортшыны даярлауға ықпал ететін, жаттығудың жаңа және прогрессивті әдістемелерін талап етуде. Мәселе көпжылдық тактикалық даярлықтың кезеңдерінде спорттық шеберлікті қалыптастырудың жалпы заңдылықтары мен ерекшеліктерін ескере отырып, жастарды жеке жарысқа түсуге спорттық даярлау процесін басқарудың оптималды жолдарын іздестіруден тұрады. Қазіргі көзқараспен қарағанда негізгі денсаулыққа – бейімделу резерві жатады, ол кең диапазонды өзгеріс жағдайларына ағзаның сау болып қалуын қамтамасыз етеді. Көп деңгейлі функционалдық бейімделу жүйесі психологиялық және физиологиялық өзара әрекеттесуі арқасында бейімделушілік реакция компоненттерімен қалыптасады. Бейімделу процесінің жұмыс барысында және нәтижесінде анықталатыны, спецификалық бейімделу факторы қатарымен қоса "индивидтің психофизиологиялық потенциалы" көлеміндей болып келетін және құрамына мінез – құлық, интеллект, қуаттылығы мен қалыпты адамның бейімделу жайы жатады [1].

Құрылымының күрделілігіне қарамастан, бейімделу процесін іске асыратын, автономдық нерв жүйесі болып табылады. Оның ерекше функционалдық ұйымдастырылуы конституционалдық мінез ретінде, оның ішінде қалыптасушы ағзаның сыртқы ортаға әсер етуі әрекеті арқылы қарастырылады [2]. Автономды қабылдайтын индивидуалдық паттернерлердің қалыптасуында тікелей әсер ететін жеке ерекшеліктер, ол мінез – құлық пен "вегетативті подтексті" бар эмоцияналдық реакцияны анықтайды [3]. Эмоционалдық-мотивациялық сфера мен автономды реттеуші жүйесі міндеттейді: бейімделу процесінде психологиялық және автономды функциялар арасындағы қатынастарды жетік білуді [4].

Дәрежелі спортшылардың стресстік факторда болатынын ескере отырып, жоғарыда

айтылған психофизиологиялық байланыстар ағзаның бейімделу мүмкіндігін және ағзаға түсетін әр – түрлі дәрежедегі салмақтарға жауап қайтаруын бағалауға болады [5].

Бейімделу резервінің ең маңызды құраушысы – функционалдық резерв болып табылады. Олар конституционалдық (генотиптік және фенотиптік), көрінетін (сол мезетте көріп қолданысқа түсетін) және белгісіз (заблокированные, қолайлы ортаға түскенде көрінетін) болып бөлінеді [6].

Конституционалдық резервті бағалау спортшының мәліметтеріне (анамез, антропометрия, қарау, және сұрау) және клиникалық зерттеулер нәтижелеріне байланысты жасалады. Конституционалдық резерв индивидтің тұқым қуалай және жүре пайда болатын ағзадағы әр – түрлі функционалдық ерекшелігін зерттейді [7]. Сол үшін де олар бір – біріне ұқсас функционалды органдарды зерттей отырып, бүкіл ағзаны да кейбір сатылар арқылы қарастыра алады. Конституционалдық зерттеу нәтижелерінен спортшы ағзасындағы осал жерлерді білу арқасында жаттығуға дифференциалды қатысуына және де ұқсас органдармен қоса бүкіл ағза жүйесін жаттығулар арқылы қалыпта ұстауға жағдай жасайды.

Спортшының функционалдық резервтері жоғары болған сайын, ол белсенді түрде денсаулығына зиян келтірмен жаттығулардың қиынын орындай алады. Сондықтан, негізгі спорттық медицина тактикасы бойынша, спортшының функционалдық резервін максималды дәрежеде шынықтырып, бірқалыпты ұстап тұру болып табылады. Бұл тактиканы ұстанған спортшыға ғана емес оның жаттықтырушысына да тиімді, өйткені әр дәйім оптималды жаттығу процесін қолдана отырып, ең биік нәтижелерге қол жеткізе алса, онда жарыстарда өте жоғары нәтижелерге қол жеткізе алады [8].

Жұмыстың мақсаты: Әртүрлі дәріжедегі мамандандырылған спортшылардың психофизиологиялық дайындығын қадағалау және бағалау әдістемелерін құрастыру.

Жұмыстың негізгі міндеттері: Жоғарғы санатты спортшылардың іс-әрекеттеріндегі қарқындылығы мен нәтижелілігін жоғарылату үшін психофизиологиялық күйін бақылау және кәсіптік іріктеудің әдістерін жаңа қадаммен жүзеге асыру және өңдеп шығару.

Ғылыми жаңалығы: Нақты функционалдық резервтерді арнайы функционалды тесттер, максималды және субмаксималды күрделенуі арқылы және де клиникалық зерттеулер нәтижелері арқылы өлшенеді. Нақты функционалдық резервтердің кемуі немесе оның толық жоқ болуына, олардың өзін өзі толықтыру кезінде жоғалтқан күштерінен ғана емес, сонымен қатар стресстік неспецификалық бейімделу реакциясы қалыптасуынан ағзаның резервті бөліктерінің құрықталуы нәтижесінде болады екен. Спецификалық емес бейімделу реакциясының типі мен кернеулігі, спортшының функционалдық және психофизиологиялық (қобалжу дәрежесіне, тітіркенушілігіне ұйқысына, шаршауына, жұмыс істеу қабілетіне т.б.) көрсеткіш нәтижелерінен анықталады. Спортшы ағзасын стресстік күйінен гармониялық бейімделу реакциясына ауысқанда, ақырындап функционалдық резервтердің жиналуы мен құрықталған белгісіз резервтер айқын бола бастайды.

Зерттеу нысаны. I.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті мәдениет және өнер факультетінің әр түрлі санатты және түрлі спорттық мамандығындағы жыныстық ерекшеліктегі 1-2 курс студенттерінің 30 спортшыларына (орташа жас көрсеткіштері $18,5 \pm 0,65$ жас) зерттеу жүргізілді.

Зерттеу әдістері. Зерттелінушілердің функционалдық күй деңгейіне баға беру үшін жүрек соғысы ырғағының вариабелділігі әдісі қолданылды. Зерттеу тыныштық күйде және физикалық жүктемелі тапсырмасы (велозергометрде 3-сатылы тест әдісі бойынша) орындалғаннан кейін өткізілді. Барлық есептеулер статистикалық «STATISTIKA» бағдарламасын пайдалану арқылы жүргізілді.

Біз I.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің мәдениет және өнер факультетінің дене шынықтыру мамандығы бойынша 1-2 курс студенттерін әр түрлі спорттық деңгей көрсеткіштері бар 30 спортшының бейімделу мүмкіндіктерін зерттедік.

Тексерілушілердің функционалдық қалпын бағалау үшін – жүректің жиілігінің вариабелділігінің талдау әдісі қолданылды. Бұл әдіс физикалық жүктемеден кейін және

тыныштық күйінде өткізілген зерттеулер. Барлық қабылданған студенттер медициналық тексерістен өткізіліп және іс – жүзінде «дені сау» деген топқа топтастырылды, содан физикалық жүктемеге төзімділігі тексерілді.

Барлық тексеруден өткен студенттер әр – түрлі спорттық деңгейлері бойынша 3 топқа жіктелді. Бірінші топқа биік дәрежелі 10 спортшы - спорттың және халықаралық сайыс спортының шеберінің шеберлері, сонымен қатар арасында чемпиондар және ең ірі халықаралық және республикалық жарыстың (Әлемнің және Азияның чемпиондары) жүлдегерлері кіреді. Екінші топқа (10 адам) алынған студенттер: спорт шебері атты атағы бар және жылдар бойы белсенді спортпен шұғылғандар болды. Үшінші топты (10 адам) құратын студенттер, спорттық дәрежелері жоқ немесе 1-2 спорттық дәрежесі барлар және де өздерін дене шынықтыру тәрбиесіне арнаған студенттер болды.

Жүрек жиілігінің математикалық анализін [14] өткізгеннен кейін, студенттердің бойындағы бейімделу мүмкіндігінің деңгейі спорт біліктіліктің деңгейіне тәуелді екенін байқадық.

Ағзадағы бейімделу қабілетін бағалау үшін физикалық мөлшердегі жаттығулардан кейін тексерістен өтті (кесте 1).

Кесте 1. Әр – түрлі дәрежелі спорттық көрсеткіштері бар студенттердің және физикалық мөлшердегі жаттығулардан кейін тыныштық күйде өткізілетін кардиоинтервалографияның (Р.М. Баевский бойынша) көрсеткіштері

Көрсеткіш	Топ (тексерілушілердің саны)					
	1(10)		2 (10)		3 (10)	
	Күш түскенге дейін	Күш түскеннен кейін	Күш түскенге дейін	Күш түскеннен кейін	Күш түскенге дейін	Күш түскеннен кейін
M±m	0,91±0,02	0,89±0,02	0,87±0,01	0,77±0,01**	0,84±0,02**	0,81±0,02**
СК	0,08±0,004	0,07±0,004	0,06±0,003**	0,06±0,004*	0,05±0,005*	0,05±0,004**
ВР	0,35±0,01	0,39±0,02	0,32±0,01**	0,33±0,02*	0,3±0,02*	0,29±0,01**
Мо	0,92±0,02	0,89±0,02	0,85±0,01*	0,77±0,02**	0,83±0,02**	0,8±0,02**
АМо	30,3±1,5	30,7±1,8	35,4±2,07*	37,7±2,4*	32,5±1,7*	36,2±2,7
ИН	56,4±5,9	60,09±6,9	85,7±9,08*	102,7±16,8*	71,5±8,3*	108,7±22,3*
ИВР	96±9,4	101,7±10,3	132,2±11,7*	153,3±20,6*	112,2±10,6*	153,9±26,5
ПАПР	37,3±2,7	35,9±2,6	47,4±4,9*	51,9±4,02**	40,5±2,9	48,2±4,9*
ПР	3,3±0,2	3,4±0,2	4,5±0,3**	4,5±0,4*	4,1±0,3*	4,9±0,5**
* - $p \leq 0,05$; ** - $p \leq 0,01$ (1-ші топпен салыстырғанда күш түскенге дейін және күш түскеннен кейін бір – бірімен сәйкес)						

1-ші топтағы тексерілушілердің физикалық күштерден кейін нормотоникалық типке сәйкес келеді және физикалық жүктемелерге қарсы функционалдық жүйенің төзімділігі анықталды. 2 және 3 топтың тексерушілерінің физикалық жүктемелерден кейін алынған нәтижелері күрделілеу. Мына көрсеткіштердің М, СК, ВР, Мо айқын төмендеуі мен мына көрсеткіштердің АМо, ИН, ИВР, ПАПР, ИВР жоғарлауы, симпатикотоникалық типке ұқсастығы мен бейімделу механизмінің күрделенуін көрсетеді. Сонымен қатар, егер тыныштық күйінде топқа жіктелетін зерттелушілер арасындағы ерекшеліктер білінбесе (кесте 2), онда физикалық жаттығулардан кейін көзге көрінетіндей айырмашылықтар болады. Үшінші топтағы студенттерде айтарлықтай қалыпты күштің ағзаға түсуінің белгілері байқалады, бұл адам ағзасындағы бейімделу мүмкіндіктерінің айтарлықтай төмендегенін көрсетіп отыр.

Алынған нәтижелер бойынша, стандартты физикалық жүктемелерден екінші және үшінші топтағы студенттердің функционалдық мүмкіндіктерімен сәйкес келе бермейді, ол функционалдық күйі мен функционалдық жүйеге көп мөлшердегі күш түсуден ағзаға кері

әсерін тигізуі мүмкін. «Дене шынықтыру» мамандығының көздегені де, әрдайым ағзаға түсетін физикалық жүктемелерді көбейту болып табылады, сондықтан да біз физикалық күштерді жеке дәреже бойынша әр студенттің функционалдық күйіне қарай жоғарлатуы туралы қарастыруын ұсынамыз.

Дене шынықтыру да бұқаралық спортта да адамдардың іс-әрекеті өзіне, өздерінің физикалық және психологиялық сапаларын жетілдіруге бағытталған. Бұл іс-әрекеттің негізгі мақсаты-тұлғаның гармониялық дамуының ажырамас бөлігі болып табылатын физикалық өркендеу. Негізгі мақсатқа жету күнделікті арнайы физикалық жаттығуларды талап етеді. Жаттығулардың тиімділігі мен жүйелілігі, физикалық сапалар дыбыстарының белгілі бір деңгейінде айқындалады.

Адамның жеке басының қасиеттері іс-әрекеттерінде, қылықтарында көрінеді: ол өзінің пайдалы немесе зиянды сапаларын көрсетеді. Н.Г.Чернишевскийдің сөзіне қарағанда, адамның ақылы мен мінез-құлқы туралы ең анық мәліметтерді ол адамның іс-әрекеттерін зерттеу арқылы ғана білуге болады.

Сонымен қатар адам өзінің іс-әрекетінде қалыптасады. Бұған мысал ретінде А.С.Макаренко басшылық еткен колонияның еңбек тіршілігін алуға болады. Ақылмен ұйымдастырылған іс-әрекет, бұл колонияда тәрбиешілерге ықпал жасау мен оларды тәрбиелеу шараларының терең ойластырылған жүйесі оларда адамның бағалы сапаларын қалыптастырады.

Адамның іс-әрекеті теориялық және практикалық формада жүзеге асырылады. Теориялық іс-әрекетінің мысалы ретінде ғылымның теориялық формула, ереже, сурет және т.с.с. құбылыстардың жалпы заңдылықтарын белгілейді. Сондай-ақ проактикалық іс-әрекеттің мысалы ретінде табиғаттағы заттар мен құбылыстарды бақылап, эксперимент жасау арқылы зерттейтін ғалымдардың жұмысын алуға болады.

Бірақ қандай іс-әрекетте болса да теориялық және практикалық іс-әрекеттің компоненттері бар. Іс-әрекеттің құрылымындағы мақсат қоя білу, жоспарлауды, жұмыс әдістерін іріктеп алуды теориялық іс-әрекетке, ал қалғандарын практикалық іс-әрекетке жатқызуға болады.

Адамның іс-әрекетінің маңызды бір формасы-адамның бір-бірімен қарым-қатынаста болуы. Бұл тек сөз сөйлеуде ғана жүзеге аспайды, сонымен қатар іс-әрекеттің басқа формаларында да, айталық дене тәрбиелік және спорттық өнермен шұғылдануда да жүзеге асады. Олардың іс-әрекеті мыңдаған басқа адамдарға қуаныш әкеледі, сүйсіндіреді, олар белгілі спорт қайраткерлерімен қарым-қатынаста болып, шығармашылық қабілеттерін оданр шыңдауға кеңестер алады, елімізге жеңіс пен мәртебе сыйлайды.

Зерттеуден алынған нәтижелер негізінде төмендегідей **қорытынды жасауға болады:** Квалификациясы төмен спортшылар орталық жүйке жүйесі мен ағзасының функционалдық жағдайы төмен, спортшылар ағзасының жүйелерінің функционалдық қауырттылығын, эмоциялық қауырттылығын төмендетуге, оптималды деңгейде сақтап және жұмыс істеу қарқындылығын жоғарлатуға, спортшылардың жүйке-психикалық қауырттылығын, тұлғалық қобалжудың деңгейін төмендетуге бағытталған коррекциялық іс-шаралар жүргізу қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Дмитриева И.В., Глазачев О.С. Индивидуальное здоровье и полипараметрическая диагностика функциональных состояний организма. - М.: Горизонт, 2000. - 214 с. Баевский Р.М., Берсенева А.П. Оценка адаптационных возможностей организма и риск развития заболеваний. – М.: Медицина. 1997. – 265 с.
2. Вегетативные расстройства: Клиника, диагностика, лечение / Под.ред. А.М. Вейна. – М.: ООО «Медицинское информационное агентство», 2003. – 752 с.
3. Меерсон Ф.З. Пшенникова М.Г. Адаптация к стрессовым ситуациям и физическим нагрузкам. - М.: Медицина, 1988. - 253 с.

4. Граевская, Н.Д. Спортивная медицина: Курс лекций и практические занятия. Учебное пособие / Н.Д. Граевская, Т.И. Долматова – М.: Советский спорт, 2004. – 304 с.
5. Махонькина Л.Б., Сазонова И.М. Резонансный тест. Возможности диагностики и терапии – М.: Издательство Российского университета дружбы народов, 2000. – 180 с.
6. Коновалов В.В. Совсем другая медицина. – К.: JANYS BOOKS, С.-Пт.: ООО ЭТО «Экслибрис», 2002. – 116 с.
7. Гаркави Л.Х., Квакина Е.Б., Кузьменко Т.С. Антистрессорные реакции и активационная терапия. – М.: «ИМЕДИС», 1998. – 96 с.
8. Шварц В.Б., Хрущев С.В. Медико-биологические аспекты спортивной ориентации и отбора. - М.: ФиС, 1984. - 151 с
9. Апанасенко Г.Л. Попова Л.А. Медицинская валеология. – Киев, «Здоровье», 2000. – 116 с.

Джанкулдукова А.Д., Серикулы Р.С.

Контроль подготовки специализированных спортсменов

Работа предназначена для разработки методов профессионального отбора и оценки психофизиологического состояния спортсменов для повышения их результативности и улучшения возможностей.

Ключевые слова: методика, оценка, контроль, здоровье, спортсмены, диагностика.

A.D. Dzhankuldukova, R.S. Serikuly

Control over the preparation of specialized athletes

The work is designed to develop methods of professional selection and assessment of the psychological state of athletes to improve their results and opportunities.

Key words: methodology, assessment, control, health, athletes, diagnostics.

МАТЕМАТИКА

ӘОЖ 530

МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ОҚЫТУШЫ ҚОЛДАНБАЛАР ҚҰРУ ҚҰРАЛДАРЫ

Смагулова Л.А., Нурбекова А.К.

*І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
ainven_87@mail.ru*

Мақалада мультимедиялық бағдарламаларды жасаудың орталары қарастырылған. Мақаланы жаза отырып, зерттеудің мақсаты мультимедиялық оқытушы қолданбалар құру құралдарының тиімдісін анықтау. Бұл мультимедиялық бағдарлама білім беру саласында қолданылатын болғандықтан, мультимедиялық технологиялар мен білім берудегі мультимедия туралы да жазылған. Қолданбалы құру барысында оның фонын, жалпы түріне аса мән берген жөн. Экрандағы ақпарат құрылымды, визуалды, ал объектілерді жинақы, процестерді ұқсастығы бойынша жинақтау, берілетін мәліметтерді жарқын және контрасты түстермен шамадан тыс жүктемеу керек. Macromedia Flash анимациялық өнімдер жасауға арналған. Бұл бағдарлама пайдаланушыға растрлық графикамен қатар векторлық графиканы да пайдалануға мүмкіндік береді. Сондықтан, мультимедиялық оқыту бағдарламасын осы ортада құру шешімі қабылданды.

Кілттік сөздер: анимациялық өнімдер, экран, семинар, ақпарат, мультимедия, дыбыс, графика.

Қазіргі уақытта білім беру мекемелерінде дәріс сабақтарын, семинарлар, іскерлік ойындар, тренингтер және басқа да шаралар өткізу үшін әртүрлі компьютерлік технологиялар қолданылады. Берілетін ақпарат көрнекі, есте тез сақталатын және жеңіл меңгерілетін болуы үшін көп жағдайда мультимедия-технологиялар қолданады. Мультимедия-технологиялар мәтін, графика және дыбыс сияқты әртүрлі ақпаратты өңдеу мүмкіндігі бар аппаратты мультимедиялық құралдар, сонымен бірге қолданбалы программалар жинағы болып табылады. Мультимедия термині латын тілінің «multy» (көп) және «media» (орта) деген сөздерінің бірігуінен құралған.

Мультимедия (англ. multimedia) — бір уақытта әр түрлі формада берілетін контент: дыбыс, анимацияланған компьютерлік графика, бейне. Мысалы, бір объектіде мәтіндік, дыбыстық, графикалық және бейнеақпарат, сонымен қатар, интерактивті қарым – қатынас әдісі болуы да мүмкін. Бұл белгілі бір аппараттық және бағдарламалық құралдардың бірлесіп қолданылуынан пайда болады.

Мультимедия - бұл бір уақытта адамның барлық сезім мүшелерімен қабылдауы үшін әр түрлі құрылым мен деңгейдегі ақпаратты компьютерде құру, көрсету және өңдеу, компьютерге әртүрлі типтегі ақпаратты енгізу – шығаруды қамтамасыз ететін көптеген ақпараттық орта.

Мультимедия - бұл ақпараттық орталардың жиынтығы - олардың әрқайсысының өзінің деңгейіне және мақсатына сәйкес келетін өзіндік нысаны бар.

Суреттері, кестелері және диаграммалары анимациялық элементтер, дыбыстық сүйемелдеумен бірге жүретін мұқият ойластырылған мультимедиялық бағдарлама оқып отырған материалды жеңіл қабылдауға, оны түсінуге және есте сақтауға көмектеседі, оқушыларға пәндік сала, құбылыстар, жағдайлар туралы кең мағына береді, сонымен қатар қшылардың танымдық әрекетін ынталандырады.

Мультимедиялық технологиялар - әртүрлі типті мәліметтерді дайындау, өңдеу, біріктіру, ұсыну әрекеттерін аппараттық және бағдарламалық жабдықтарды пайдалану арқылы жүзеге асыратын технологиялар (әдістер мен тәсілдер) жиынтығы.

Білім берудегі мультимедия - біріншіден, таным процесінің жоғарылауына септігін тигізетін, екіншіден, білім беру мазмұнын интерактивті формада ұсынатын дидактикалық

аппаратты-бағдарламалық құрал [1].

Сапасы жоғары мультимедиялық қолданбаларды әзірлеуге бағытталған әр түрлі технологиялық әдістер бар. Осы қолданбаларды жасау және оны кейіннен пайдалану кезінде бірнеше негізгі технологиялық ұсыныстарды сақтау қажет болады.

Мультимедиялық қолданбаларды құру үшін негіз материалдың мазмұндық үлгісі болып табылады. Ол өз алдына материалды элементтерге бөліп, оны иерархия түрінде көрнекі ұсынуға негізделген материалды құрылымдау тәсілін білдіреді.

Мультимедиялық қолданбаны жобалаудың бастапқы кезеңінде материалдың мазмұндық моделі материалдың мазмұнын нақты анықтайды, мазмұнын көрнекі және алдын-ала көруге мүмкіндік береді және мультимедиялық қолданбаның компоненттік құрамын анықтайды.

Қолданба құруда оның психологиялық әсерін де ескеру керек. Мұнда компьютер экранында ақпаратты бейнелеудің тәсілін әзірлеу кезінде ескерілетін бірқатар жалпы ұсыныстарды тұжырымдауға тура келеді:

- экрандағы ақпарат құрылымды болуы ;
- визуалды ақпарат аудио ақпаратқа қайталанып ауысып тұруы ;
- түстің жарықтығы және / немесе дыбыстың көлемі жиі ауысып тұруы;
- берілетін материалдың мазмұны өте қарапайым немесе тым күрделі болмауы керек

[2].

Экрандағы кадр форматын және оның құрылымын жасау кезінде көрінетін облысты ұйымдастыруды анықтайтын мағына және объектілер арасындағы қатынас бар екенін ескеру керек. Объектілерді:

- бір-біріне жақын жинақтау, себебі, көрінетін облыста объектілер бір-біріне жақын болған сайын, олардың біртұтас, бүтін бейнелерге ұйымдастырылу ықтималдылығы бар болады;
- процестердің ұқсастығы бойынша жинақтау, бейнелердің ұқсастығы мен тұтастығы соғұрлым көп болғандықтан, олардың ұйымдастырылуы ықтималдылығы көп болады;
- пәндерді ерекшелеу және объектілер формасының фонын, әріптер мен сандардың өлшемін, түс қанықтығын, мәтіннің орналасқан жерін және т.б. таңдау кезінде ;
- визуалды ақпаратты мәліметтермен, жарқын және контрасты түстермен шамадан тыс жүктемеу;
- есте сақтауға қажетті материалды түс, қаріп өлшемі және стилі бойынша бөлектеу ұсынылады.

Мультимедиялық қосымшаны әзірлеу кезінде әртүрлі түстерде және әртүрлі фонда бейнеленген нысандарды адам басқаша қабылдайтындығын ескеру қажет. Көрнекі ақпаратты ұйымдастыру кезінде негізгі рөлді нысандардың фонға қатысты айырмашылығы атқарады. Контрасты екі түрі бар: тікелей және кері. Тікелей түрінде нысандар мен оның суреттері қараңғы түстес, ал керісінше фоннан ашығырақ. Мультимедиялық қосымшаларда көбінесе екі түрі, бір сурет аясында немесе әр түрлі кадрларда да қолданылады. Көп жағдайда кері контраст басым болады.

Мультимедиялық ресурстарға арнайы бағдарламалық жабдықтар көмегімен дайындалған мультимедиялық қарапайым өнімдер (мәтін, сурет, анимация т.б.) мен мультимедиялық оқыту бағдарламаларын жатқызуға болады.

Мультимедиялық қосымшаларды жасау технологиясын зерттегенде, олар қалай құрылатындығын сипаттайтын сценарий құрылады. Осыған байланысты әр мультимедиялық қосымшаның әртүрлі құрамдастардан (әр түрлі тақырыптан) тұрады деп болжауға болады.

Мультимедиялық қосымшалардың құрамын анықтау үшін оларды келесі құрамдастарға бөлуге болады: құрылатын мультимедиялық қосымшаның тақырыбын таңдау, жұмыс орнын белгілеу (масштаб және фон), кадрлар, қабаттарды қолдану, әр түрлі типтегі символдар құру, айнымалылар мен жазбаша сценарийлерді бағдарламалау тіліне қосу, дыбыстық файлдармен жұмыс, мәтін қосу, эффекттер қолдану, суреттерді импорттау және

қолдану, дайын компоненттерді қолдану, навигацияны құру, түзету тілдерін және сценарий тілдерін қолдану [3].

Мультимедиялық өнімдер құруға арналған бірнеше техникалық құралдар бар. Мультимедиялық өнімді жасаушы гипермәтіндік беттер жасау үшін қолданылатын бағдарлама-редакторды таңдауы керек. Қазіргі уақытта толыққанды мультимедиялық қолданбалар жасауға мүмкіндік беретін қуатты мультимедианы құраушы орталар бар. Қолданбалар құруда Macromedia Director, Macromedia Flash немесе Authoware Professional сияқты пакеттер жоғарыкәсіби құралдар болып табылады, сонымен қатар қарапайым FrontPage, mPower 4.0, HyperStudio 4.0 және Web Workshop Pro пакеттерін пайдалану ыңғайлы. Сызықтық және сызықтық емес мультимедиялық ресурстар құру үшін Power Point және мәтіндік редакторларды де пайдалануға болады. Мультимедиялық қолданбалар құруға арналған орталар Borland Delphi, Visual Studio болып табылады.

Macromedia Flash анимациялық өнімдер жасауға арналған. Бұл бағдарлама пайдаланушыға растрлық графикамен қатар векторлық графиканы да пайдалануға мүмкіндік береді. Векторлық графикада кескінді ұсыну кезінде геометриялық формулалар пайдаланылады. Сондықтан да векторлық графиканың растрлық графикаға қарағанда көлемі аз болады, тез өңделеді [4].

Мультимедиялық оқыту бағдарламаларын дайындау үшін көп жағдайда әртүрлі HTML- редакторларды қолданған ыңғайлы.

HTML (Hyper Text Markup Language) тілі мәтін, сурет, музыка, бейнемәлімет, анимация секілді ақпарат түрлерін гиперсілтеме негізінде байланыстыру үшін қолданылады.

Front Page редакторы MS Office бағдарламалық жабдығының құрамына кіреді. Бұл редактордың негізгі кемшілігі – шектен тыс, өте көп кодтармен жұмыс істейді.

Білім беру жүйесінің жаңа талаптарын ескере отырып, мынадай болжамға келуге болады: үздіксіз білім беру жүйесін жетілдірудің негізгі бағыттарының бірі ретінде мультимедиялық технологияларды қолдану бүгінгі заманның талабы. Сондықтан да, оның техникалық және дидактикалық мүмкіндіктерін дамыту, онан әрі зерттеу маңызды болып табылады [5].

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Григорьев С.Г., Гриншкун В.В. Использование мультимедиа-технологий в общем среднем образовании. /Интернет-издание, <http://www.ido.rudn.ru/nfpk/mult/>, 2008, -98 с.
2. Панфилов, И. Macromedia Flash 8 с нуля!; Лучшие книги - Москва, 2007. - 368 с.
3. Дронов, Владимир Macromedia Flash Professional 8. Графика и анимация / Владимир Дронов. - М.: БХВ-Петербург, 2006. - 922 с.
4. Капранова, М. Н. Информатика. Macromedia Flash MX. Компьютерная графика и анимация / М.Н. Капранова. - М.: Солон-Пресс, 2010. - 676 с.
5. Чебыкин, Ростислав Самоучитель HTML и CSS. Современные технологии/ Ростислав Чебыкин. - Москва: Мир, 2013. - 624 с.

Смагулова Л.А., Нурбекова А.К.

Мультимедийные технологий и мультимедию в образовании

В статье обсуждается среда создания мультимедийных программ. Поскольку эта мультимедийная программа используется в области образования, так же написано про мультимедийные технологий и мультимедию в образовании. При создании приложения важно сосредоточиться на фоне и общем образе. Информация на экране должна быть структурированной, визуально впечатляющей, а объекты должны быть компактными, процессы должны быть обобщены, не должны перегружаться яркими и контрастными цветами. Программа Macromedia Flash позволяет пользователю использовать векторную и растровую графику. Поэтому было решено создать мультимедийную обучающую программу в этой среде.

Ключевые слова: анимированные продукты, экран, семинар, информация, мультимедиа, звук, графика.

L.A. Smagulova, A.K. Nurbekova

Multimedia technologies and multimedia in education

The article discusses the environment for creating multimedia programs. Since this multimedia program is used in the field of education, it is also written about multimedia technologies and multimedia in education. When creating an application, it's important to focus on the background and the general image. The information on the screen should be structured, visually impressive, and the objects should be compact, the processes should be generalized, should not be overloaded with bright and contrasting colors. Macromedia Flash is for creating animated products. Macromedia Flash allows the user to use vector and bitmap graphics. So, it was decided to create a multimedia training program in this environment

Key words: animated products, screen, seminar, information, multimedia, sound, graphics.

ӘОЖ 004.94

ВИДЕОМОНТАЖДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Оразбаева Ә.А., Тайлақ Қ.Е.

*I.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
asel.oralbaeva@mail.ru, www.kuanish.96@mail.ru*

Мақалада видеомонтаж түсінігіне анықтама беріліп, олардың түрлері қарастырылады. Монтаждаудың негізгі ережелерінің бірі – жоспарларды есептеуге тоқталып, видеофильмді жасау кезеңдерін баяндайды. Нәтижесінде авторлар оқытушы бағдарлама ретінде жасалынған бейнероликке сипаттама беріп, оның жасалу технологиясын талдайды.

Кілттік сөздер: видеомонтаж, жоспар, дыбыстық және бейне материал, видеоконтент, камера, Adobe Primere Pro 2014 CC.

«Видеомонтаж»-бұл кезкелген фильмді, бейнеклипті немесе бейнероликті құрудың қорытынды кезеңі. Яғни, қандай да бір видео үзінділерін (сонымен қатар өзге де файлдарды) жинақтап және өңдеп біртұтас материалға айналдыру үрдісі. Киноматографияда, телевиденияда, радио мен дыбыс жазушы студияларда видеомонтажға мынандай түсініктеме беріледі: видеоны монтаждау дегеніміз, нәтижесінде өзге мақсатты өнім шығатындай алғашқы материалды өңдеу және қайта құрылымдау үрдісі.

Видеомонтаж сызықтық және сызықтық емес болып бөлінеді. Сызықтық монтаж нақты қазіргі уақытта жүзеге асырылады және видеосигнал бірнеше дереккөздерінен түседі: видеоманитофоннан, камерадан және т.б. Сызықтық монтаждауға мысал ретінде тікелей эфирдегі телебағдарламаларды немесе спорттық матчтарды трансляциялауды ала аламыз. Яғни: бұл уақытта бірнеше камера бір объекті түсіреді де, ал режисер болса осы қажетті камералардағы қызықты деп санаған көріністерін қосып-өшіріп отырады. Сызықтық емес монтажда қолымызда қандай да бір түсірілген материал болады. Бұл видеоматериал белгілі бір бөліктерге бөліп, сюжетке қажетті тізбектілікпен қойылады, дыбыс және арнайы эффектілер қосылып нәтижесінде біртұтас дайын файл шығады. Сызықтық монтажда телевидения саласында қолданылса, ал сызықтық емес монтажды көбінесе өзге саланың мамандары қолданады [1].

Сонымен қатар видеомонтаж төмендегідей түрлерге бөлінеді:

Қарапайым видеомонтаж. Бұл кезде созылған көріністерді қысқарту, сәтсіз кадрларды өшіру сияқты қарапайым амалдар орындалады. Орындалу уақыты 1-3 күн.

Классикалық видеомонтаж. Телевиденияда, сонымен қатар, сценарий жоқ видеожазбаларда (үйлену тойында, қандай да бір мейрамдарда) көбінесе осы классикалық видеомонтаж қолданылады. Бұл монтаждау кезеңінде түсірілген материалды қарау, көріністі таңдау және жинақтау, музыка мен титрлар қосу сияқты жұмыстар жүргізіледі. Орындалу уақыты 4-7 күн.

Динамикалық видеомонтаж. Динамикалық (клиптік) видеомонтаж музыкалық клиптармен, жарнамалық роликтермен, сонымен қатар, фильмдерге трейлерлер дайындау үрдісінде қолданылады. Орындалу уақыты 2 аптаға жуық.

Арнайы видеомонтаж. Сценарий бойынша түсірілген материалдармен жұмыс жасау үшін арнайы видеомонтаж қолданылады. Көбінесе фильмдер мен жарнамалық роликтер үшін қолданылады. Ол үшін, видеоматериалды іріктеу жүргізіледі, жұмыстың бағыты таңдалынады, музыка немесе диктордың дауысы таңдалынады. Архивтан материалдар және фотоматериалдар қолданылады. Фон моделі мен титрлар өңделінеді. Орындалу уақыты 1 аптадан бірнеше айға дейін [2].

Басқаша айтқанда, видеомонтаждау түсінігі бірнеше жекеленген бөліктер-кадрлардан тұтас бір фильм жасау дегенді білдіреді.

Қазіргі уақытта кеңінен қолданылатын «клиптік» видеомонтаж бірнеше түрлі эпизоттардан құралған видеомонтаж болып табылады.

Видеомонтаждау барысындағы автордың негізгі міндеттерінің бірі – көрерменге көрсетіліп отырған көрініс бірнеше жекеленген кадрлардан құралған, яғни «желімденген» екенін білдіртпей, толық бір бүтін материал екендігіне сендіру. Теорияда бұл аспекті кей кездері желімдеуді немесе біріктіруді жайлы қабылдау деп атайды.

Монтаждау келесідей типтерге бөлінеді: тізбектелген, хабарламалық, параллельді, қиылысатын, асоциативті, клиптік.

Тізбектелген монтаждауда оқиғалар немесе құбылыстар мазмұнын хронологиялық немесе логикалық тұрғыда баяндайды. Бұндай монтаждау ғылыми киноларға тән.

Хабарламалық монтаждауға бір кадрдан бір кадрға өту барысын жаймен, ақырындап көрсету тән. Жылдам ауысу көрерменді негізгі ойдан ауытқытуға әкеледі.

Параллельді монтаж әртүрлі жерде болып жатқан екі немесе одан да көп оқиғаны қосады. Олар әр уақытта өтуі мүмкін, алайда әр оқиғаның ортақ мағынасы, тұжырымы бар.

Параллельді монтаждың ерекше бір түрі қиылысатын монтаж. Мұнда бір уақытта бір бірімен байланысқан іс-әрекетті көрсетеді. Мысалы қашып бара жатқан адам мен қуғыншыны кезек кезек көрсету. Бұл кезде әр кейіпкердің іс-әрекеті мен сол уақыттағы көңіл-күйін көрсету көрерменге ерекше әсер береді.

Асоциативті монтаж хабарламалық кадрларға тән, яғни эпизотқа қандай да бір жаңа мағына беру үшін образды салыстырулар, ассоциациялар жасау үшін қолданылады. Мысалы, адамның ішкі жан дүниесін беру үшін қолданылады: ашық, ақ ұлпа қардай бұлт бейқамдықты, кейіпкердің жақсы көңіл – күйін білдірсе, қою қара бұлт пен құйып тұрған жаңбыр көңіл – күйдің жоқтығын, кейіпкер қандай да бір мазасыз сезімде екенін білдіреді.

Клиптік монтаж – бұл монтаждаудың әдісі емес, бұл түсірілім стилі, экрандық мазмұндалу манерасы деп айтсақ болады. Бұл стильді жоғарыда айтылған кез-келген тәсілге қолдануға болады. Клип сөзі кинематографияда материалдың жинақы етіп берілуімен ерекшеленетін экрандық қысқа туынды. Әдетте бұл термин жарнамалық роликтерге және эстрадалық әндерге қолданылады. Клиптік монтаждың ең жақсы, көрнекі мысалы болып Александр Македонскийдің «Пришел. Увидел. Победил!» болып табылады [3].

Видеофильмдерді қысқа кадрлармен монтаждау – адам табиғатының ерекшелігін қолданылатын форманың бір түрі. Видеомонтаждың негізгі ережелерінің бірі – адамның көзіне көп күш түсіретіндей ұзақ кадрлар жасамау. Кадрдың орташа ұзақтығы – 5 секунд.

Көрші кадрлардың қиылысу принциптерін қарастырайық. Бейнені монтаждауда екі қарама – қарсы міндет бар: көрермен үшін кадрлар қиылысын байқамайтындай ету және керісінше көрермендердің көңілін қандай да бір көрініске оқшаландыру. Монтаждаудың негізгі ережелерінің бірі – жоспарларды есептеу немесе ірілігі бойынша монтаждау.

Жоспар – бұл түсірілім масштабының бейнеленуі, түсіру объектісінің көлемін анықтау. Жоспардың мынандай түрлері бар:

- Бөлшектік немесе ұсақ (мысалы, қас пен мұрынның жартысы көрінетін көз объектісі).
- Ірі жоспар – бүкіл экрандағы адамның түрі.
- 1-ші орташа жоспар – кадр жиектемесіне алынған адамның белден жоғары бөлігі, яғни денесінің жарты бөлігі.
- 2-ші орташа жоспар – тізесіне дейін көрсетілген адамының денесі.
- Жалпы жоспар – басының үстінде және аяғының астында біраз кеңістік қалатындай етіп адам денесін толық түсіру.
- Алыстатылған жоспар – кадр биіктігінің 1/7, 1/10 бөлігін ғана алып тұратын адамның бейнесі.

Іс жүзінде көбінесе ірі, орташа және алыстатылған жоспарлар кездеседі. алайда кадрлардың қиылысуын жайлы әрі білінбейтіндей ету үшін барлық алты жоспарды қолданғанда дұрыс. Десек те, «бір жоспарды аттап өтіп екіншісіне көшу» арқылы жасалған кадрлар жақсы қабылданатыны анықталған. Мысалы, ірі жоспар екінші ортамен, 1-ші орташа жоспар жалпы жоспармен.

Келесі маңызды ережелердің бірі – кеңістікте бағдарлауды ескеру (көзге көріну бойынша монтаждау). Егерде сіз сөйлесіп отырған адамдарды түсіретін болсаңыз, онда ол кадрды әр түрлі жағынан түсірілген кадрмен байланыстыруға болмайды, себебі көрермен бағдарын жоғалтады. Бұндай жағдайда тек бір кадрдан кейін, мысалы, түсіріліп жатқан материалдың ірі жоспарынан кейін жүзеге асыруға болады [4].

Монтаждау кезіндегі өте маңызды кезеңдердің бірі жарықтандыруды ескеру немесе жарық бойынша монтаждау. Біріктірілген кадрлар жарықтандыру деңгейі бойынша әр түрлі болса бірден көзге түседі. Егер ондай кадр керек болса арасына бейтарап кадр қою ауысуды жеңілдетеді.

Видеода бірден ауысулардан сақ болу керек. Мысалы бірінші кадрда адам оң аяғын көтеріп жатып бірден сол аяғын көтеріп жатқанын көрсететін болсақ, көрермен теріс әсер алатыны сөзсіз. Сонымен қатар, эффекттермен де көп әуестенуге болмайды. Фильм қандай да бір ақпаратты беру керек, кадрлардың бірігуі байқалмайтындай болу керек, көрерменнің көңілін бөлуге болмайды, жылдам ауысуда көрерменнің назары бөлінеді.

Видеофильмді жасау технологиясы–бұл бірнеше кезеңдерге бөлінген және негізгі нәтиже – видеофильмді жасауға бағытталған біртұтас шығармашылық үдеріс. Әрбір кезеңдерге өз мүмкіндіктері мен құралдары тән.

1 - кезең: видеофильмнің тақырыбын таңдау. Бұл кезеңге ақпараттық – мотивациялық сипат тән. Бұл кезеңде не түсіретініңізді және нені түсіретініңізді анықтап, сценарий құрылады. Фильмнің жақсы шығуы бұл ең алдымен қызықты, қазіргі таңда актуалды таңдалынған тақырыпқа, содан кейін, ұтымды, жақсы құрылған сценарийге байланысты деп айтуға болады.

2-кезең: Дыбыс пен музыканы анықтау. Дыбыс синхронды және синхронды емес болады. Синхронды дыбыс әдетте, қандай да бір жағдайлардың бейнекөрінісін, монологтарды, ауа – райын хабарлауды түсіргенде қолданылады. Бұл әрине жүргізушінің дауысы, сонымен қатар, түсірілімде естілетін өзге де дыбыстар (синхромды жазылған дыбыстармен қатар, монтаждау кезінде қосылған дыбыс болуы мүмкін). Синхронды емес дыбыс қандай да бір эмоционалдық көңіл – күй беру үшін қолданылады, мысалы, батырлардың іс –әрекетін әсерлендіру үшін кейіпкердің дыбыстық сипаттамасын күшейтеді.

3-кезең. Бұл кезеңде сценарийді жасауға болады. Фильм кадрдан, эпизодтан және көріністерден тұрады. Кадр – фильмнің ең кішкентай динамикалық бірлігі. Түсірілетін немесе түсірілімдік кадр фильмнің монтажынан кейінгі (бұл кадрды монтаждық деп атайды) экранда көрсетілетінге қарағанда анағұрлым ұзағырақ болады. Әрбір кадрға оған анағұрлым сәйкес келетін жоспар таңдау керек (түсірілім масштабы). Ондағы шешуші болып кадрдың мәнерлілігі және ол құрайтын қандайда бір анықтамалардың алмасу қажеттілігі табылады. Бұл эпизод орын бірлігін талап етпейтін, бірақ тақырып пен әрекет бірлігі бар аяқталған фильм бөлімі. Сахна – орын бірлігімен сипатталатын әрекет элементі. Сценарий құруда келесі кезеңдер ұсынылады:

- 1) Эпизодтар жоспарланады;
- 2) Әрбір эпизодқа міндет анықталады;
- 3) Эпизодтардың драматургиялық реттілігі анықталады;
- 4) Эпизодтар рет-ретімен сахналарға бөлінеді;
- 5) Осы сахналарға міндеттер қойылады;
- 6) Әрекет сипаты анықталады;
- 7) Әрекет ететін бейненің рөлдері анықталады.

4-Кезең: Видео түсірілімді жүргізу. Сценарий жазылып, сәйкес сюжеттер таңдалып, түсірілімді жүргізу орны және музыка анықталғанда, ең бастысы видеокамера бар болған уақытта фильмді түсіруді бастауға болады.

5-Кезең: Монтаждық жоспардың құрылуы. Монтаждық жоспар – осы кадрлардың фильмде қойылу керек ретінде құрастырылған кадрлардың тізбегі. Ондай жоспар монтаж бойынша жұмысты тездетеді, қателіктердің алдын алады, болашақ көріністің формасына бағдар жасауға мүмкіндік береді, дыбысталуы мен тексттің жазылуын жеңілдетеді. Жоспар түсірілген материалдардың барлығымен толық танысқаннан кейін және фильм монтажының негізгі концепциясын анықталғаннан кейін құрылады.


6-кезең Фильмнің монтажы. Мазмұнын бір тұтас етіп жинақтайтын конструкцияны құрастыру. Конструкцияның мақсаты барлық жасалған жұмысты бірдеңгейде ұстап тұру. Бұл жерде негізгі міндет киноматографиялық фотогенетика мен драматургияның талаптарына сәйкес қандай да бір логикалық ретте видеоматериалды жүйелеу болып табылады. Тек архивта сақтауға немесе көруге арналған жұмыс материалы ұзын болуы мүмкін, ал фильм қысқа әрі нұсқа, мазмұны жағынан сиымды әрі жинақы болу керек және негізгі сұраққа - бұл фильм не үшін түсірілді деген сұраққа жауап беру керек [5].

Сонымен, видеомонтаж бұл кезкелген фильм, видеоклип және видеороликті жасаудың соңғы кезеңі.


Енді видеомонтаж жасайтын бағдарламаларға тоқтала кетейік. Әрине қазіргі таңда бұндай бағдарламалардың саны өте көп. Мысалға, Movie maker, InterVideo WinDVD Creator, NERO, Ulead VideoStudio 8, TitleDeko, Pinnacle және т.б бағдарламалары. Десек те, бұл бағдарламалардың компьютерде бейнелерді монтаждау кезінде компьютер жадынан алатын орындары әртүрлі, бірінің алатын орны аз болғанмен, монтаждау процедуралары күрделі, ал біреулері алатын орны көп, бірақ монтаждау кезінде мүмкіндіктері аз. Алайда біз бұл бағдарламалардың ішінде Adobe Primere Pro 2014 CC бағдарламасын қолдануды жөн көрдік, себебі, көптеген мүмкіндіктері мен артықшылықтарынан басқа, тасымалдаушы дискілерге жазу үшін қолданушының пайдалануына өте қолайлы, және жазу кезінде уақытты үнемдейді.

Жоғарыдағы теориялық материалдарды талдай отырып, <https://www.youtube.com/watch?v=3Ptk6xWkT7w> адресі бойынша жүктелген бейнероликті жасадық. Бейнеролик оқытушы бағдарлама ретінде жасалынған. Онда объектің жылдамдығын өзгертіп, арнайы эффектерді қалай қолдануға болатыны жайлы айтылады. Ендеше, бұл жұмыстың жасалу технологиясын қысқаша сипаттап өтейік. Adobe Primere Pro 2014 CC бағдарламасына AVI, MOV, MPEG, OpenDML, WMF сынды форматтардағы бейне файлды жүктеп, Timeline тақтасына видеоны тінтуірдің көмегімен орналастырамыз. Өзгертетін аймақтарын «Қиып алу» құралының көмегімен белгілейміз (1–сурет).

Белгіленген аймақтың үстінен тінтуірдің оң жақ батырмасын басу арқылы жанама мәзірді шақырып, «Жылдамдық/ұзақтық...» командасын тандаймыз (2–сурет).




1–сурет. «Қиып алу» құралының көмегімен қажетті аймақта белгілеу




2–сурет. «Жылдамдық/ұзақтық...» командасы

Ашылған «Іріктеудің жылдамдығы мен ұзақтығы» сұқбаттасу терезесінде «Жылдамдық» есептеуішінің мәнін 150% өзгертеміз де, «Жылжытып монтаждау, соңғы клиптің жылжуы» командасына жалауша қоямыз. «Уақыт интерполяциясы:» қаттамасына «Кадрларды таңдау» мәнін қойып, ОК батырмасын басамыз (3–сурет).




3–сурет. «Іріктеудің жылдамдығы мен ұзақтығы» сұқбаттасу терезесі

Видеоның соңында «Эффекттер» тақтасынан «Қара түске ену» эффектісін пайдалану көрерменге жақсы әсер қалдырады. Ендігі кезекте бейне материалға музыка қосу. Ол үшін «Жоба» тақтасына қажетті музыканы жүктеп алып, тінтуірдің көмегімен сол файлды «Timeline» тақтасына енгіземіз. Әрине дыбыстық файл жолағындағы материал ұзынырақ болғандықтан, «Қиып алу» құралымен артығын қиып тастаймыз. Музыканы әрлеу үшін «Эффекттер» тақтасынан «Экспоненциалдық өшу» эффектісін тандап алып дыбыстық файлдың соңына қоямыз (4 – сурет).



4 – сурет. Дыбыстық файлға эффект қолдану

Осымен монтаждық жұмыстарымыз өз мәресіне жетті деп айтсақ та болады, енді бұл файлдың форматын тандап, сақтау керек. Ол үшін Файл→ Экспорт→Медияконтент командасын орындаймыз. Ашылған «Экспортты баптау» терезесінен керекті форматын тандап, сақталатын орнын көрсетіп, экспортқа жібереміз (5 – сурет).



5 – сурет.Бейне файлды сақтау

Жасалынған жұмыстың толық нәтижесін youtube желісінен <https://www.youtube.com/watch?v=3Ptk6xWkT7w> адресі бойынша көре аласыздар.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Столяров А.М., Столярова Е.С. Ваш первый видеофильм. М.:НТ Пресс, 2004.
2. Колпаков О.Л. и др. Предпрофильная подготовка. Образовательная область «Информатика и ВТ» Часть II. Обработка информации. Учебно – методическое пособие.- Кемерово: Изд-во КРИПКиПРО, 2005.
3. Левин А.Ш. Самоучитель компьютерной графики и звука. – СПб.: Питер, 2003.
4. Гринберг А.Д., Гринберг С. Цифровые изображения. Минск: «ООО Попурри», 1997.
5. Алексеева М.Б., Балан С.Н. Технология использования систем мультимедиа: Учебное пособие.- СПб: Изд. дом «Бизнес-пресса», 2002.

Оразбаева А.А., Тайлак К.Е.

Теоретические основы видеомонтажа

В статье представлен обзор концепции видеоконтента и его типов. Одно из основных правил монтажа - сосредоточить внимание на планах и описать процесс создания видео. В результате авторы создают, описывают и анализируют технологию видео, применяемое в образовательном процессе.

Ключевые слова: видеомонтаж, план, аудио и видео материал, видеоконтент, камера, Adobe Primere Pro 2014 CC.

A.A. Orazbayeva, K.E. Tailak

Theoretical foundations of video-connection

This article provides an overview of the concept of video content and its types. One of the main rules of editing is to focus on plans and describe the process of creating a video. As a result, the authors create, describe and analyze the video technology used in the educational process.

Key words: video connect, plane, creating audio and video material, video content, camera, Adobe Primere Pro 2014 CC.

**МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ**

ЮРИСПРУДЕНЦИЯ

Адилгазы С. ҚАРТ АДАМДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	4
Таубаев Б.Р., Алдабергел А.Д. ЗАРУБЕЖНЫЙ ОПЫТ БОРЬБЫ С КОРРУПЦИОННЫМИ ПРЕСТУПЛЕНИЯМИ.....	8
Таубаев Б.Р., Алдабергел А.Д. ПОНЯТИЕ И СУЩНОСТЬ КОРРУПЦИОННЫХ ПРЕСТУПЛЕНИЙ.....	14
Ибраев А.С., Дарибаев Ғ.С. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ ЖҮЙЕСІН РЕФОРМАЛАУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ.....	17
Копбасарова Ғ.К., Медерова Н.М. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	22
Сериев Б.А., Абишев Ч.Ж. ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ ТҮСІНІГІ.....	27
Темирбаев М.Д., Темирханов Е.У., Тайқулакова Ғ.С. ЮРИДИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ЭКОЛОГИЧЕСКИХ РАСХОДОВ. ЗАЧЕМ ПЛАТИТЬ ДВАЖДЫ?	31

ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ

S.K. Baydybekova, A.M. Iyemberlinova AUTOMATIZATION OF FINANCIAL STATEMENTS AT THE ENTERPRISE.....	38
S.K. Baydybekova, A.A. Butabaeva AUDIT AND ANALYSIS OF MONEY.....	43
Айтқулова С.Н. АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНДЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ДАМУЫНДАҒЫ МАРКЕТИНГТІҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	52
Корабаева Н.Б., Рысханова А.А. ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА ЖАҒДАЙЫНДА АЙМАҚТАРДЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	56
Кудерин И.К., Кончибаев Б.Е. НЕКОТОРЫЕ ПРАВОВЫЕ АСПЕКТЫ ОБЕСПЕЧЕНИЯ БАНКОВСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН.....	60
Тулешова Ғ.Б., Муратбек К. РАЗВИТИЕ И ПОДДЕРЖКА МАЛОГО И СРЕДНЕГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА В КАЗАХСТАНЕ.....	67

Тулешова Г.Б., Кенжебаева Э.Ш. АЛМАТЫ, КАК УНИКАЛЬНЫЙ ТУРИСТИЧЕСКИЙ, КУЛЬТУРНЫЙ И ДЕЛОВОЙ ЦЕНТР КАЗАХСТАНА.....	70
Цой Р. РЕАЛИЗАЦИЯ СТРАТЕГИИ ФИЛИАЛЬНОЙ СЕТИ БАНКА ВТОРОГО УРОВНЯ.....	73
Шомшекова Б.К., Күржікбаева Н. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА САЛЫҚТАН ЖАЛТАРУДЫ ТЕЖЕУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	78
Шомшекова Б.К., Жамаубаев Р. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ САЛЫҚТЫҚ РЕТТЕУ МӘНІ ЖӘНЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	84

ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

Абишев Н.А., Абишева Д.Н. ПЕРЕПОДГОТОВКА И ПОВЫШЕНИЕ КВАЛИФИКАЦИИ КАДРОВ В УРОВНЕВОЙ СИСТЕМЕ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ.....	90
Ахмедиева К.Н., Әдібаев Ұ. ҚАҢҒЫБАС БАЛАЛАРДЫҢ ПАЙДА БОЛУ СЕБЕПТЕРІ.....	104
Капенова А.А., Калипанова К.Т. ІЗДЕНУШІЛІК ӨРЕКЕТ БАРЫСЫНДАҒЫ БАЛАНЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ДАМУ.....	109
Тажинова Г.А. РАЗВИТИЕ КОММУНИКАТИВНЫХ НАВЫКОВ У СТУДЕНТОВ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ВУЗА.....	112
Унгарбаева Ш.У., Аслан Э.А. БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЫҢ ӨЗДІК ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	117
Ханина Н.Н., Шмидт М.А. ИНКЛЮЗИВНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В УСЛОВИЯХ СОВРЕМЕННОЙ ШКОЛЫ.....	122

ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ

Закирова А.Т., Жумадилова А.С. КӘСПОРЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ҮЙРЕНУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ.....	128
Оразбаева Э.Б. Ә.КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «МӨРТӨБЕ» ТОПОНИМІНІҢ ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ СИПАТЫ.....	132
Рзабай А.И. РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ТҰРАҚТЫ ЕЛДІҢ НЕГІЗІ.....	136
Толамисов А.Г., Зейнелгабдылов О.Е. КӨШПЕЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРУІ.....	141

Чалтикенова Л.А., Жұмағали Қ. «НҰР» СӨЗІМЕН ЖАСАЛҒАН АНТРОПОНИМДЕРДІҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	149
---	------------

ЕСТЕСТВЕННО-ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ

Акмуллаева А.С., Кабдрахманова А.К., Жунусова Б., Медетбекова Т., Муканова Ф.Т. ПОЛИМЕРЛІК КОМПОЗИТТЕРДІҢ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ДАҚЫЛДАРЫ ТҰҚЫМДАРЫН СЕБУАЛДЫ ӨНДЕУГЕ АРНАЛҒАН ҚҰРАМЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ.....	155
--	------------

Оспанова Д.Е., Жанкулдукова А.Д., Омарова Қ.Н. МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ОҚУ ЖҮКТЕМЕСІНІҢ ӨСЕРІН БАҒАЛАУ	159
--	------------

Жанкулдукова А.Д., Серікұлы Р.С. МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН СПОРТШЫЛАРДЫҢ ДАЙЫНДЫҒЫН ҚАДАҒАЛАУ	164
---	------------

МАТЕМАТИКА

Смагулова Л.А., Нурбекова А.К. МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ОҚЫТУШЫ ҚОЛДАНБАЛАР ҚҰРУ ҚҰРАЛДАРЫ.....	170
--	------------

Оразбаева Ә.А., Тайлақ Қ.Е. ВИДЕОМОНТАЖДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	173
--	------------

ЖМУ ХАБАРШЫСЫ Ғылыми журнал 1997 ж. шыға бастады. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім Министрлігінде жаңадан тіркеліп, 2003 ж. 12 қыркүйегінде № 4188-Ж куәлігі берілген. ISSN 1813-1123	ВЕСТНИК ЖГУ Научный журнал Издается с 1997 г. Перерегистрирован Министерством информации и общественного согласия Республики Казахстан. Свидетельство № 4188-Ж от 12 сентября 2003 г. ISSN 1813-1123
ВНИМАНИЮ АВТОРОВ! ➤ Электронные версии статей доступны на сайте zhgu.edu.kz Мақалалардың электронды нұсқалары zhgu.edu.kz сайтында орналастырылған Electronic versions of the articles are available on the web page zhgu.edu.kz ➤ Редакция не несет ответственность за достоверность информации, приводимой авторами	
Общие положения Журнал "Вестник Жетысуского государственного университета" принимает к публикации материалы, содержащие результаты оригинальных исследований, оформленных в виде полных статей, кратких сообщений, а также обзоры (по согласованию с редакцией). Опубликованные материалы, а также материалы, представленные для публикации в других журналах, к рассмотрению не принимаются. Для публикации статьи авторам необходимо представить в редакцию следующие материалы и документы: 1) Текст статьи с УДК, подписанный всеми авторами; 2) Резюме, размещенное после текста публикуемого материала, которое должно кратко излагать предмет статьи и основные содержащиеся в ней результаты (3-5 предложений). Резюме публикуется на других языках, отличающихся от языка текста публикуемого материала; 3) ключевые слова (5-10); 4) файлы всех представляемых материалов на электронном носителе; 5) сведения об авторах: (наименование учреждения или организации, населенного пункта), телефоны и адреса электронной почты. Статьи могут быть представлены на казахском, русском и английском языках. <i>Редакция не несет ответственность за достоверность информации, приводимой авторами.</i>	

Требования к оформлению

Текст статьи должен быть представлен на бумажном и электронном носителе в редакторе Microsoft Word 6.0/95 или в редакторах, совместимых с ним). Гарнитура - Times New Roman, кегль 12, одинарный интервал, для казахских текстов шрифт - KZ Times New Roman. Поля со всех сторон 2 см.

Общий объем статьи должен составлять не менее 5 страниц.

Статья должна быть тщательно отредактирована и аккуратно оформлена.

Библиографические ссылки в тексте статьи следует давать в квадратных скобках в соответствии с нумерацией в списке литературы.

Список литературы должен быть оформлен в соответствии с ГОСТ 7.0.

Список литературы для статьи не менее 5 наименований.

Страницы рукописи должны быть пронумерованы, включая листы с рисунками.

Все буквенные и цифровые обозначения, приведенные в рисунках, необходимо пояснить в основном подрисуночном тексте;

Все сокращения и условные величины должны быть расшифрованы в тексте. Размерности физических величин следует давать в системе СИ.

Названия иностранных фирм и организаций – в транскрипции первоисточников с указанием страны.

Рукописи статей, не соответствующие требованиям, не рассматриваются. Присланные рукописи обратно не возвращаются. Не допускается направление в редакцию работ, которые посланы в другие издания или напечатаны в них.

Пример оформления доклада

УДК 541.124

СИСТЕМА СОВРЕМЕННОГО БИЗНЕС-ОБРАЗОВАНИЯ

Шатырбаева Г.Ж., Молдабаева М.М.

Жетысуский государственный университет им. И. Жансугурова, г. Талдыкорган,

Arginbay@mail.ru

Резюме на русском языке

Ключевые слова:

Текст доклада

ЛИТЕРАТУРА:

Шатырбаева Г.Ж., Молдабаева М.М.

Тема на казахском языке

Резюме на казахском языке

Кілттік сөздер:

G.Zh. Shatyrbayeva, M.M.Moldabayeva

Тема на английском языке

Резюме на английском языке

Key words:

Корректоры:

А.А. Сейдахметова, А. Саурамбекова

Компьютерная верстка, изготовление
оригинал-макета
Пеньков В.В.

Подписано в печать 25.04.2018 г.

Гарнитура Times New Roman. Формат 64х80/8.

Бумага SvetoCory. Тираж 43 экз. Усл.п.л. 26.25. Заказ № 00121

Отпечатано в издательском отделе

ЖГУ им. И. Жансугурова

040009, г.Талдыкорган, Жетысуский государственный
университет им. И. Жансугурова, ул. Жансугурова, 187а.